

84(5Қаз)

Б77

Қасым Ботанов

# АЯУЛЫ МЕНІҢ АҢЫЗЫМ



  
Корғанды  
Болашақ-Бісла  
2006

***Қасым Ертайұлы Ботанов***

***Аяулы менің аңызым***

Қарағанды  
Болашақ-Баспа  
2006

Қасым Ботанов. Аяулы менің аңызым. Триптих.  
Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2006. - 232 б.

ISSN 9965-790-07-8

Ақын кітабындағы таңғы шық тазалығындай, шыныға түскен сәуледей сәулелі өлеңдерінен бүгінгі күнінің бітім-болмысы айқын көрінеді. Жер тағдыры, ел тағдыры, ер тағдыры келесі жырларында келісті өрімін тапқан.

ISSN 9965-790-07-8

© Қасым Ботанов  
© ҚМББ «Болашақ» институты  
«Болашақ-Баспа» РББ, 2006

## АЛҒЫ СӨЗ

Қоғамның құрсағынан ақынның тууы - ананың құрсағынан баланың тууымен бара-бар қияметқайым құбылыс десе болады. Тоқырау заманына тап болған біздің қоғамымыз ұзақ толғатып, алпыстан асқан ақынға әрең босады. Дүниеге жаңа ақын келді. Нанбасаңыз мына жырларды оқыңыз.

Теміртау - ғұмырбаяным,  
Көгіңнен қанат жаямын.  
Муза ғып саған ұсындым -  
Алпыстың өгіз - аяғын.  
Өзектің төктім жырларын,  
Өлеңім - өмірбаяным.

Немесе:

Сүйеніп зәулім ағашқа,  
Жұлдызды түнде сандалдым.  
Алыстан қарап Алашқа,  
Алыптығына таң қалдым.

Дүние,  
Маған шалқайма,  
Телегей төсім теңіз деп.  
Атырау -  
Арқа -  
Алтайда -  
Алашым жатыр мені іздеп!

Ақын Қазанда жүргеннің өзінде артында арқа сүйер Алашы барын сезінеді. Қанына сіңген қазақ тілі қашан да Қасымға маза бермей келе жатқандай. Ол кейбіреулер секілді өлеңді кәсіп қылған жоқ. Өлең оның өмірбаяны, ғұмыр болмысы, стихиясы.

Қасымның ғұмырбаяны қызық. Қазақтың қаймағы бұзылмаған Жетісу өлкесінде туып, ұлттық уызға жарып өскенімен, оның ес кіріп етек жиған шағы жат ортада өтеді. Мектепті орысша бітіріп, Қазан медицина институтын тамамдап, жұмыс бабымен Ресейде тұрақтап, бас аяғы он жеті жылдай ана тілінен көз жазып қалады. Кейінгі ат басын тіреген Теміртау қаласы орысша сөйлеп, орысша ойлайтын орта. Мұндай жерде жүргендердің көпшілігі өлеңін Олжас ағасы секілді орысша жазушы еді. Қасым қазақша жазып кетті. Бұл да болса ақындық бір мінез болуы керек.

Өзі бауыр басқан Теміртау қаласының тарихын ақын былай суреттейді:

Жалынның үні  
Еріксіз сіңіп санама,  
Ендім де кеттім қайнаған құрыш қалаға.  
Бейбіт еңбекке  
Бейім тұрады қашанда,  
Соғыс жылдары шыр етіп түскен шарана.

Соғыстың сонау  
Тимеді кімге зардабы,  
Тоғысты мұнда  
Талай тайпаның тарланы.  
Дамбаны қашап,  
Қылыштан емес  
Қайладан,  
Самурайлардың ойылды алақандары.

Адал еңбегін  
Бағына балап бір күннің,  
Адал терлерін  
Құмына құйып құрдымның.  
Болат қаланың сеніпті болашағына,  
Ардагерлері  
Саяси қуғын-сүргіннің.

Абай мен Гете музасы тамсап Нұрадан,  
Ұрпағың бір сәт  
Тіл табысты ма,  
Ұлы Адам?!  
Үш нәсіліңді  
Бір шепке түзді Теміртау,  
Ұлытау сынды  
Үш жүздің басын құраған.

Бұлай деп тек ақын ғана айта алады.  
Бұлайша тек ақын ғана толғана алады.

Бұл өлеңдерді оқып отырып, мен қазақ жырына бөлек бітімді жаңа ақынның келгенін көргендей болдым. Дүниеге күнде ақын келе бермейді. Мына ақынның кіндігін Жетісу кессе, қырандай томағасын Сарыарқа сыпырғалы отыр. Дәрігер ақын мына бүлініп кеткен дүниеге жырмен операция жасап тұр.

Дүние - реанимацияда.

Есенин осы дүниеге берерін ордабұзар отыз жасына дейін беріп, опат болды. Гете жетпістен асқанда он сегіздегі аруға ғашық болып, қырандай қайта түледі. Қасым Ботанов ағамыздың мынау аяқ алысы көңілге көп ой салады.

Поэзия - халықтың автопортреті. Ақынның әр лебізі сол шәйр туған елдің сөзі, ойы мен пікірі. Осы кітаптағы әр өлең иісі қазақтың көкейіндегі жүрген, көңілінде қонған, көкрегінде ұялаған ой сезіміндей әсер қалдырады. Қасым ақын соны Қасым аға дәстүріне салып айта біледі. Артық ауыз сөз жоқ. Бәрі шебер өлшеп пішкендей өз орнында. Әсіресе «Теміртау - ғұмырбаяным» поэмасындағы шебер өрнектер, асау ой ағыны, арынды сезім толқыны қазақ жырында күні ертең өзгеше қара көрсететін қарымды қаламгердің алғашқы аяқ алысын танытады.

Ел-жұрты егемен болған шәйірдің өзегі енді ашылғандай. Айтар сөз, ағытар сыры әлі алда. Осы қалам ұстаған қалпынан айырылмаса, бір - біріне

мүлде ұқсамайтын тұлғалар толы ұлттық поэзиямызға соны бір жаңа ақын келгелі тұр.

Әдебиетке жаңа жазушы көбінесе сол әдебиеттің ішінен келеді. Кейде оған мүлде қатысы жоқ өзгеше бір саладан да келе береді. Мәселен, Андрей Вознесенский - архитектор, Олжас Сүлейменов - геолог, Зейін Шашкин - дәрігер еді. Қасым Ботанов сол Зейін ағасының соңынан ілесіп шыққан екен. Шығармашылық ізденісі жемісті, абыройы келісті бола берсін, ендеше.

Қазақстан Жазушылар Одағының Қарағанды Облыстық филиалының директоры, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері,

Серік Ақсұңқарұлы.

# *Аяулы менің аңызым*

1. Поэзия дейтін сұлу періште
2. Сонеттер гүлтәжі
3. Аудармалар
4. Теміртау-ғұмырбаяным /поэма/
5. Әнің болып төгілейін...



## ПОЭЗИЯ ДЕЙТІН СҰЛУ ПЕРІШТЕ

### Сөнген жұлдыз сәулесі

Ел ұйқыда,  
Жер ұйқыда, жоқ алаң,  
Аспан бірақ арылмаған азадан.  
Аспан - Соғыс ардагері төсіне,  
Майдандастар жұлдыздарын қадаған.

Баспасын деп болашақты түнгі ызғар,  
Сақтасын деп зердесінде - ұл - қыздар.  
Телміреді төбемізден  
Соғыста  
Ерлікпенен қаза тапқан жұлдыздар.

Жалын жүрек бомба болып жарылып,  
Болашаққа қалдырыпты тамызық.  
Дәл осылай сөнген жұлдыз тұрады,  
Миллион жылдар жерге нұрын тамызып.

## Өмір сүргім келеді

Асауға мініп, ауыздықпенен алысып,  
Үстірттен соққан үскірік желмен жарысып.  
Ғұндарға еріп,  
Ордостан шығып Үрімде,  
Еділ бабаммен қауышып,  
Өмір сүргім келеді.

Арлан тағдырым ауыл иттерге таланып,  
Жарамды жалап,  
Қан қатып қалған қабарып,  
Жауыз біткендер жайратып мені сала алмай  
Ізіме түссе шам алып,  
Өмір сүргім келеді.

Тұлпар ізіне тұнған шалшыққа жуынып,  
Сальеридің қалдығын ішіп уының.  
Күнәға батып Адам мен Хауа анадай,  
Пейіштен мүлдем қуылып,  
Өмір сүргім келеді.

Тамшы боп тұнып жанарын ашқан хауызда,  
Қалтырап тоңып қаһарлы дүлей дауылда.  
Бітірген ісім, зая жұмсалған күшім де,  
Айналып кетіп аңызға.  
Өмір сүргім келеді.

Самалды сайдың оятып әнмен бұлбұлын,  
Жаңбыр боп шәйіп бойжеткен нәзік қыр гүлін.  
Ақ торғын шәйі орамал болып оралып,  
Мықынын қысып құрбының,  
Өмір сүргім келеді.

Аптығып сезім, күніне қырық жаңылып,  
Ат жалы, атан түйе қомында сабылып.  
Тасыған қанның серіппесіне шыдамай,  
Кеткенде жүрек жарылып,  
Қалғып кеткім келеді.

## Музалар, шығыңдар эфирге

Музалар,  
Шығыңдар эфирге,  
Қанаты қырандардың қайрылғанда,  
Аққулар сыңарынан айрылғанда.  
Жер бетінде нахақтан қан аққанда,  
Гүл өртеніп жатқанда алаптарда!

Сен Пайғамбарсың,  
Пайғамбардың бәрінен бөлексің сен...  
Тіршілікті соғыстар жалмағанда,  
Әлемді обалар жайлағанда -  
Керексің сен!

О, менің Муза тәңірім,  
Жүректің ыстық жалынын,  
Лапылдатып шығарар кезге сеніп,  
Ақ қарлар еріп жатқанда,  
Ақындар өліп жатқанда -  
Кездеселік!

Жұлдыздар сөнгенде  
Сен жануға тиіссің,  
Өлмейтін өмірдің,  
Сөнбейтін күні құсап.  
Ақындар өлгенде,  
Сен тірі қалуға тиіссің.  
Өлмейтін өмірдің,  
Сөнбейтін гүлі құсап!

Кел, Музам,  
Қуарғанда қырлары құба белдің,  
Суалғанда дидары гүл - әйелдің,  
Жайлап мылқау үнсіздік аспан астын,  
Қалған кезде кесіліп тілі әлемнің!

Жаратқан сені табиғат,  
«Пәктікті жырла Адамға,  
Тарих тақыр- Музасыз-деп,  
Адамзат  
Ақылды тыңдамағанда,  
Ақынды тыңдасын» - деп.



## Бата

Қосылған жастар!  
Сендерге менің тілегім.  
Сезімнен ғана шымырлай білсін жүрегің.  
Татулық болсын тұнығы текке шайқалмас,  
Ән болсаң бірің,  
Күй болып қосыл біреуің.

Біріңді бірің өкпелетуден жырақ бол,  
Көл болсаң бірің,  
Жайқалған бірің құрақ бол.  
Бірің гүл болсаң,  
Самал боп сипа біреуің,  
Түн болсаң бірің,  
Екіншің жанған шырақ бол.

Аққу болыңдар  
Айдында жұбын жазбайтын,  
Асыл болыңдар  
Ажарын тотық шалмайтын.  
Адал болыңдар  
Араға күдік салмайтын,  
Адам болыңдар  
Атаның жолын жалғайтын!

## Ереже

Дауласудан,  
Жауласудан дін аман,  
Кәдімгі бір қорқатындай күнөдан.  
Ережесіз,  
Қағидасыз  
Өмірде,  
Қарға адым жер аттамайды бул адам.

Шындық осы,  
Шариғатқа ұқсайтын,  
Тыныш жүрсен, ереже бар ықтайтын.  
Хан жарлығын бұзбақ түгіл, әуелі,  
Қатыныңның жарлығынан шықпайсың.

Тұрмыс бүтін ережеге бағынған,  
Сен де бағын,  
Бүлінбе де қағынба.  
Қайда барсаң қарсы алдыңнан шығады,  
Тасқа қашап жазып қойған қағида.

Көш соңында жүру бізге тән қылық,  
Тартып кетсең,  
Төте жолды шаң қылып.  
Ұрлығыңныңдәл үстінен түскендей,  
Сұқ саусағын шошайтады заңдылық.

Біз тәртіпке бағынышты кісіміз,  
Әкімдердің әлібінен кішіміз.  
Бір күштінің күшігіне ұнасаң,  
"Lege artjs" бола қалар ісіңіз.

Бәрі бізсіз ойлап - пішіп жасалған,  
Ережеден жер таппайсың қашарға.  
Теореме шешетұғын талантқа,  
Аксиома ұсынамыз қашанда.

Қоғам бізді бағындырмай қоймаған,  
Табиғи Өз қасиетін жойды Адам.  
Абай ғана  
Тобықтының тобырын,  
Мойындамай  
Өз миымен ойлаған.

"Lege artjs" өнердегі заңдылық.



## Таң қалу

Әйелге ғашық болып көрмегендер,  
Адамға адал қолын бермегендер;  
Тобырдың қаңқу сөзін қағып алып,  
Абайдың айтқанына сенбегендер;

Қол соғып Голощекин ұранына,  
Соңына Сәкендердің ермегендер;  
Қандасын «халық жауы» атандырып,  
Гулагтың қабірінде жерлегендер;

Тізіліп жасындарда бұғып қалап,  
Кіжініп Қасымдарға сөйлегендер;  
Колбиннің құзырына басын иіп,  
Жұбанның айтқанына көнбегендер -

Қалайша әлі күнге өлмеп еңдер?!!

## Билік пен құлдық

Күл болып кеткен денесі,  
Хан ұрпағы бұл.  
Көргенде оны табынып, таңырқады құл.  
Хан ұрпағы бұл!

Азалы болған ақындар - әндерін сатып,  
Мазағы болған арулар -тәндерін сатып.

Үлде мен бұлде киініп,  
Сонда мастанып,  
Оңды ма соның біреуі,  
Орда басқарып?

Бөрікті ұлды ынтықты - құл қыламын деп,,  
Көрікті қызды ынтықты - күң қыламын деп.

Билеп төстеуге шөлдеді,  
Қанбады, марқұм -  
Табытта жатыр  
Қанжары,  
Шалбары да алтын.

Күл болып кеткен денесі,  
Хан ұрпағы бұл,  
Көргенде оны табынып, таңырқады құл.

Шірітіп тәнін уақыт, тұл құба белде,  
Пендені енді Әмірге құл қыла көрме!

Алтын мөр,  
Тәнге басатын қара таңбасын,

Күн көріс үшін күйкілер садақа алмасын.

Арым сыздады  
Бақаны - арыстаным - деп,

Дарынсыздарды, көкіме,  
-Данышпаным-деп.

Есіл арулар таңылған өсекке міне,  
Жатпасын енді олардың төсектеріне.  
Түн сайын жүрсін осы бір өлең есінде.  
Билік пен Бодан халықтың төбелесінде,

Шейіт те болсын тәніміз  
Тұл құба белде,  
Адамды бірақ Әмірге құл қыла көрме.

Тәндерін алтын аптаған, тоқыма жырға,  
Жалаңаш көмгін киелі топырағына.

Садақа алма!  
Құл қылса халқын алалап,  
Сақылдап тұрып күле біл салтына қарап.

Оңбаған біреу, өзімсіп, сонда қағынып,  
Ұлыққаөңшең үмметін қолбала қылып:

Бөрікті ұлды ынтықпас- құл қыламын деп,  
Көрікті қызды ынтықпас - күң қыламын деп.

## Алатау

Алатау - Атлант иықты,  
Жоңғардың жомарт көсемі.  
Еншіңе сенің тиіпті,  
Аспанды тұру көтеріп.

Кеудеңе сенің өрмелеп,  
Шығады көкке жарық күн.  
Тізесін бүгіп көрмеген,  
Қаһарманысың халықтың.

Бұлттарды төсеп иыққа,  
Мызғымай көкті тіреген.  
Көне көз, ойлы миыққа,  
Әлемнің мұңы түнеген.

Өзіңе ұқсау арманым,  
Өзіңе мәңгі жыршымын.  
Бөлісер көктің салмағын,  
Болсамшы, шіркін, бір шыңың.

Мәңгілік саған лайық,  
Біз үшін өмір қас - қағым.  
Жұлынып соғыс құдайы,  
Ауырлап кетті аспаным.

«Жауласам» - десе тіршілік,  
Кетеді жаның түршігіп.  
Тастарың тірі жүректей,  
Тұрады жиі сілкініп.

Өмірімтартыс, талас-ау,  
Дәуірдің дауы бітпейді.  
Бәрібір Атлант-Алатау,  
Бір сәтке тізе бүкпейді.

Сүйсіне қарап шыңдарға,  
Мұңданба, қалқам, мұңданба.  
Қам жеме, Халқым, аспанды,  
Апатау ұстап тұрғанда.

## Соғыс мүгедектері

Ол-

Ескерткіші отты күндердің баяғы...

Ол-

Отаным, сенің өмірбаяның.

Соғыс оның тек кеудесін қалдырып,

Есесіне алып қалған аяғын.

Ол-

Отаным сенің өмірбаяның.

Көрсен де өмір теперішін не түрлі,

Түскен жара ұмытылды - жетілді.

Алып келе жатыр оны құлатпай,

Бес ұлы бар -

Бес жұлдызы секілді!

Ол-

Тарихтың Сауалы бір ұққанға,

Ол-

Уақыттың Зауалы бір ұққанға

Өмір сүріп келе жатыр құламай -

Бес жүрегі соғып тұрғандықтан ба?!

Соны көрсем ойға шомам, шошынып,

Оянамын түндер сайын, о, сұмдық!

Көз алдыма келеді ылғи,

Соғыстың

Ағып жатқан Қан мен Тері жосылып.

Қирағандар -

Қайта туып, түзелмек,

Ал жараны жазу қиын жүз емдеп...

Содан бері 51 жыл, әлгі Адам,

Өмір сүріп келе жатыр тізерлеп.

«Сындырғанын уақыт өзі түзесін» -  
деп тіршілік етеміз бе біз осы?  
Жарты ғасыр келе жатқан жер басып,  
Қалай жанып кетпейді екен тізесі?!

Алтын нөсер болып күнде жаусақ та,  
Тажал өрті сөнер емес ал - сақтан!  
Соғыс -  
Сені ұмытқан мен жүректер -  
Ұмытпайды мынау жанған саусақтар!

Соғыс,  
Сенің от-ойраның жетеді,  
Жазылмапты жарақатың кешегі...  
Ардагерлер қалса сені ұмытып,  
Мен де сені ұмытып-ақ кетейін!

Ай өтті, міне,  
Шуақтым,  
Көзіңді сенің көрмедім.  
Сазындай сері бұлақтың,  
Күлкіңе кәусар шөлдедім.

Бұл жерде тыныш береке,  
Арбайды жанды бояу мың.  
Сезімге жомарт жер екен,  
Тек өзің жоқсың,  
Аяулым.

Алматы әсем, сабазың,  
Қиялдан, сірә, жаралған.  
Тисін деп сенің табаның,  
Көшелер текше қаланған.

Еңсесі түсіп көрмеген,  
Таулары қандай тамаша.  
Қайтсе де олар «сен» деген,  
Махаббатымнан аласа.

Жемісі сенің ерінің,  
Ауасы сенің тынысың.  
Сұлулардан да жерініп,  
Кетіп жүр, қалқам, тынышым.

Жылжымай шабан уақыт,  
Сағыныш самал сыңсиды.  
Түндерім түске ұласып,  
Төрт бөліп жүрмін ұйқымды.

Бұзады кейде ойымды,  
Дір етіп көңіл пернесі.  
Тұрғандай тосып жолымды,  
Кірпіктеріңнің пердесі.

Өзіңсіз жерде сеземін,  
Бақытты болу бекер - ау!  
Байқасам  
Жәннат дегенім -  
Өзің жүрген жер екен - ау!

## Уақыт

Білемін жақсы,  
Бітеді бәрі, бітеді,  
Өтеді көктем, жаз келіп жеміс піседі.  
Құдірет болсаң,  
Тоқтатып көрші уақытты,  
Тоқтатқан күнде, қай бақыт бізді күтеді?  
Күз басып көкті, жапырағың жерге түседі.

Өтеді уақыт,  
Өтеді уақыт қалай да,  
Қаңтардың желі себеді қырау самайға.  
Болсақ та шешен,  
Болсақ та көсем қаншама,  
Өмірдің заңы өктемдік қылған талайға.  
Ол сенің мықты болғандығыңа қарай ма?

Естілмей әнің, бітеліп көмей қалғанда,  
Мұң шақпа бірақ,  
Алдамшы мынау жалғанға.  
Күзгі суықта қайта гүлдеген теңіздей,  
Тағы бір гүлдеп қалуға тырыс,  
Арланба.  
Бақыт емес пе, жығылсаң жетіп Арманға?!





Ана есімін ардақ тұтқан төрт бала,  
Еске аламыз "Абзал" еді деп қана.  
Төрт баланың тамырына нәр беріп,  
Табиғатын тарту етіп кетті Ана.

Уыз сүтке адалмыз ғой жаппай біз,  
Ана есімін жадымызда сақтаймыз.  
Бірақ,  
Бірақ әлсізбіз - ау,  
Анаға,  
Құлпытастан басқа ескерткіш таппаймыз.

Ауыр жылдар әбүйірін қорғасқан,  
Құлпытасқа үңіледі сорлы аспан.  
Артық емес Анаң үшін, әрине,  
Туған жерге тау әкеліп орнатсаң.

Қуанамыз мәз болып қол жеткенге,  
Қабіріне шыбық әкеп еккенге.  
Артық болмас еді-ау, шіркін,  
Ана үшін,  
Құмды шөлге көл орнатып кетсең де.

Торабында керуен - өмір көшінің,  
Әлсіздіктен сұрап тұрмын кешірім.  
Мықты болсақ,  
Сахараның төрінен,  
Бұлақ болып ағар еді есімің.

Қайран Ана!  
Сырымызды ақтарып,  
Дей алмаймыз: " Ақ сүтіңді ақтадық!"  
Біз де, міне, жалғыз шумақ өлеңмен,  
Құлпытастан басқа ескерткіш таппадық.

## Тауға шық

Тек жатып сұрама мол бақыт,  
Аз ауқат арқалап жолға шық.  
Қағазға күн бойы шұқшиып,  
Отырып көрдің ғой молдасып.

Тағдырдың тепкісін көтерген,  
Таулардың төсіне өт өрлеп.  
Бір соқпақ жолықса түсіп ал,  
Ойлама адасып кетем деп.

Қырандар қонатын қиядан,  
Қойнауды құшақтап құлаған.  
Күмбірлі күлкіден жалықпас,  
Тазалық табасың тұмадан.

Жастанып қайыңның тізесін,  
Көзіңді бір сәтке ілесің.  
Содан соң, жүре түс ілгері,  
Баяғы соқпаққа ілесіп.

Өмірде сен шығып көрмеген,  
Жартастар жолықса көлденең,  
Бір ерлік жасайтын кісідей,  
Айналма,  
Тура тарт өрмелеп.

Жете алмай сен қуған арманға  
Қайыңдар төменде қалғанда,  
Тәңірге табынбас жігіттей,  
Биіктен қарайсың жалғанға.

Тұрғандай Эверест шыңында,  
Тербейді жаныңды тың ырғақ.  
Ежелгі сырласың секілді,  
Самалға жауап қат сыбырлап.

Тояттап жұтым оттегінен,  
Өкпеңді кересің кеңінен.  
Ойдың да өрісі өседі,  
Дәріс ап табиғат төрінен.

## Топырақ

Періштелік дарыған қазағыма,  
Сайтандықтың жат емес мазағы да.  
Күнәһармын әрине,  
Бірақ та мен,  
Зорласаң да бармаймын тозағыңа.

Адалдық пен аярлық арбасуда,  
Бірде көпшік, бірде тас жамбасымда.  
Мұсылмандық жетеді менде,  
Бірақ,  
Байласаң да тұрмаймын жәннатыңда.

Мынау Ұлы табиғат жасар мәңгі,  
Бөлшегі боп осының жасалғанмын.  
Ғажабымен арбама хор қызының,  
Азабымен қорқытпа жаһаннамның.

Туған далам - киелі қасиетім,  
Үмбетіңмін алдыңда бас иетін.  
Топырақтан жаралғам,  
Топырақ боп,  
Қара жердің бөлісем қасіретін.

## Есуас маймыл

Естілік пенен Есерлік егіз генінде,  
Гений де  
Тегін түсіне алмай түңілді.  
Маймылдың есі ауысып кетіп кезінде,  
Саналы адам пайда болыпты бүгінгі.

Қайсы бір ойлар келеді басқа  
Күлкілі,  
Құдай болуға құлшынып жүрміз бекер біз.  
Адамның есі ауысып кетсе бір күні,  
Санасы түзу  
Маймыл болар ма екенбіз?

## Өмір туралы ода

О, Өмір!

Сұлудан сұлу, ұлылардан да ұлысың,  
Құрыса сенің от-құшағыңнан  
Дарынсыз ақын құрысын.

О, Өмір-пәксің!

Күн сайын сенде  
Пері мен сұмға сот болсын.  
Жоқ болса сенің от - құшағыңнан  
Жендеттер ғана жоқ болсын!

Алыпсың - Өмір!

Жалмай алмаған  
Соғыс пен оба, өрт торып...  
Мерт болса сенің атқан оғыңнан  
Жауыздар жатсын мерт болып!



## Ақындарға

Философтар мадақтаса жырыңды,  
- «Онда Гегель ойы бар - деп - маздаған!»  
Арулар да мадақтаса жырыңды,  
- «Тіпті Хфиз - деп те - бұлай жазбаған!»

Бәрі, бәрі мадақтаса,  
Сол құрлы,  
Ғайбат сөздер айбат берсе саған да;  
Анаң егер түсінбесе сол жырды,  
Онда-  
          сені түсінбейді  
Заман да!





## Балдыз

Өңім бе әлде түсім бе?  
Ми жетпейді тегіне.  
Сезім соққан мүсін бе?  
Періште ме?  
Пері ме?

Жұмақ самал өпкенде - ақ,  
Ұмытасың басқаны.  
Неткен нәзік,  
Неткен пәк,  
Ұялып тіл қатқаны.

Көңіл ада күдіктен,  
Демі -дала самалы.  
Мұз жүректі жібіткен,  
Шықтан мөлдір жанары.

Қабақта қас дамылдап,  
Келбетінен таң атқан.  
Қандай шебер табиғат,  
Сұлулықты жаратқан.

## Таңбалы тас

Тас тұрды үнсіз  
Тұлғасы,  
Бейнелеп адам баласын.  
Белгісіз қанша тұрғаны,  
Күзетіп қазақ даласын.

«Таңбалы тас» деп аталып,  
Біздерге созып қол ұшын.  
Аруағын сақтап атаның,  
Өтеп тұр биік борышын.

Сан ғасыр өтті тізіліп,  
Өмірдің кешіп өткелін.  
Бұл таспен жасты тірінің,  
Керуені көшіп кеткелі.

Тастарды талай құлатып,  
Тоздырған таудың иығын.  
Күшіне сенген уақыт,  
Имепті бұның иінін.

Батыр ма көшке ермеген,  
Ойларға батып тұңғиық.  
Тылсымды мылқау кеудеге,  
Заманнан алған сыр құйып.

Тұрсын деп өмір жалғасып,  
Тас болып қатып қалды ма?  
Төсінде қалған таңбасын,  
Тосады менің алдыма.

Сызықтар нәзік сезімдей,  
Құпия сырға тұр тұнып.  
Сұлудың соңғы деміндей,  
Тұтқында кеткен тұншығып.

Шабыты тұрса оталып,  
Ғасырды жалғап қоятын,  
Мына бір фальцет нотаны,  
Кетті екен түртіп қай ақын.

Жыршының демі үзіліп,  
Қай дастан ұмыт қалмаған.  
Таңбаға үнсіз үңіліп,  
Жұмбақ боп жатыр айналам.

Көз көрмес ізін адамның,  
Жоқ деуге қалай қиясың?  
Отырмын шешіп бабамның,  
Дактилоскопиясын.

## Скиф

Ата тектен көз жазбаған көреген,  
Шежіреші  
Шеру тартқан көнеден.  
Ген түйірі тықыршытып түйсігін,  
Садақ иіп отыр менің немерем.

Заманының ойыншығын тәрік қып,  
Көзге ілмейді пистолетті, танкты.  
Мен жүргенде шежіреден шатасып,  
Бұл өзінің тектілігін танытты.

Білекке сай қару болмай «батырға»,  
Жайрап жатыр жойқын автоматың да.  
Екі жақты адырнамен тартады,  
Бір иінін қысып алып тақымға.

Бес қарудың санатына кірмеген,  
Зеңбірек те шегініпті іргеге.  
Семсер ғана бір тізеде салпылдап,  
Қорамсақта қозы жаурын сұр жебе.

Қас батырдай түйіп алған қабақты,  
Шіреп көрді серіппелі садақты.  
Амурыңның алшақтатып ойынын,  
Ата тарих бетін бермен қаратты.

Мыңдаған жыл өтсе дағы алмасып,  
Тұқым тегі табады өз арнасын.  
Немеремнің қимылынан таныдым,  
Скифтердің саусағының таңбасын.

## Сыр

Саған ғана ішкі сырым ашық ед,  
Сен құптадың көздеріңнің жасы кеп.  
Жетімдерді түсінетін жетімдер,  
Қайғы - мұңды түсінетін - қасірет.

Қызды сүйдім жетімдікті көрмеген,  
Жұлдыз бейне күн шықса да сөнбеген.  
Қанша ұмтылсам қолым менің жетпейтін,  
Елес тұрды көз алдымда көлбеген.

Ұмытып көр ұмытылмас ой болса,  
Ұмытылмас ажал жұтып қойғанша!  
Ақ көйлегін шығатұғын киіп ол,  
Досымыздың туған күні тойланса.

Көз ілмеуші ем соны ойлап ақ таңда,  
Күн - Апаллон күміс нұрын жаққанда.  
Көк көйлегін шығатұғын киіп ол,  
Көктем келіп гүлдер көктеп жатқанда.

Ақ көйлек те,  
Көк көйлек те жоқ менде,  
Жасушы едім ол қасымнан өткенде.  
Қалай қалдым жыламай деп таң қалам,  
Көзім алды жасқа толып кеткенде.

Неткен қатал мына өмірдің жолдары,  
Сөйтіп мені қайғы бұлты торлады.  
Көк етікті,  
Көк көйлекті жігітке,  
Мені сатып кете барды ол - дағы!

Мен кешермін,  
Тағдыр бірақ кешті ме?

Ессізге емес,  
Сендерге айтам естілер.  
«Мен де әлі бір жетермін» - дегенді,  
Айта алмадым,  
Кетті ол да естімей!

Басқа сенбес, бірақ өзің сенесің,  
Артта қалды бала күннің елесі.  
Мен әдемі келе жатсам киініп,  
"Мынау қалай байып кеткен?" - демеші.

Көмейіме қойса да айтам от тығып,  
Ақиқатсыз адамның да жоқ күні.  
Біреулерді пенде еткен де сол байлық,  
Періште еткен -  
Сол байлықтың жоқтығы!

Көзіменен көрмегендер сенер ме,  
Айтып оны уағыздаман тегі елге.  
Мен сенбеймін;  
Көк көйлекті жігітпен,  
Сол қыз менен бақыттырақ дегенге!



Пандат-таңға қосып мұра,  
Мінәжат қып ғарышқа.  
Сен отырсың оқып дұға,  
Екеумізге бағыштап.

Пәктігіңмен көрікті едің,  
Жан күнәдан арылсын.  
Ақ ниетің періштенің,  
Құлағына шалынсын.

Мәңгі Рухтың жүзіндей Күн,  
Нұрландырып жанымды.  
"Әумиін" деп күбірлеймін,  
Жайып алақанымды.





Арқауын - алтын аңыз,  
Ертектердің,  
Ақынның ойыменен өлшеп көрдім.  
Кейде оның ғажап емес тұруы да,  
Ерінінде Сәкендей еркектердің.

Іздейміз дәйім оны таңсық көріп,  
Кетеміз кейде жерге жаншып, көміп.  
Соғыста жалын кешіп жүреді олар,  
Жанна Д Арк болып,  
Мәншүк болып!

Сұлулық не дейсің бе,  
Білемін мен.  
Сезінем қанымменен, сүйегіммен.  
Қашанда өлшеу керек сұлулықты,  
Тек қана ғашықтардың Жүрегімен!

## Қар ішінде

Ақ күміс пе,  
Ақ түбіт пе,  
Тұрған көктен себелеп.  
Жетелейді жақсы үмітке,  
Күміс қанат көбелек.

Кір шалдырмас ақ бедерлі,  
Жапалақ қар жауады.  
Таңның таза акварелі,  
Өрнектейді ауаны.

Бәрі,  
Бәрі қызық маған,  
Торғын тұнба шартарап.  
Аяулым ба қызықтаған,  
Жанарымды қалқалап.

Қала қалды қар астында,  
Қырау ілді қас, қабақ.  
Бейне мұнар арасында  
Жатыр жүріп маскарад

Әлде бөтен,  
Әлде таныс,  
Қар шөмеле көшеді.  
Қарақат көз, кірпік қағыс,  
Бір жалт етіп өшеді.

Қызыл шырай ірең беріп,  
Аппақ мәрмәр мүсінге,  
Гүл еріндер барады еріп,  
Ақ шашақтың ішінде.

Қар ішінде шапағат бар,  
іздегенін тапты кім...  
Қыста жанған махаббаттар,  
Қардай болсын пәктігің!

Ай туғанда,  
Толғатып ай туғанда,  
Әсем әні бұлбұлдың айтылғанда.  
Көзге таныс қыраттар қарауытып,  
Тұман болып шатқалға ой тұнғанда...  
Сабырменен төзімнен жаратылған,  
Анашымнан  
Аумайды далам менің.

Таң атқанда,  
Талаурап таң атқанда,  
Қайың желге тұлымын таратқанда,  
Рең беріп ұйқылы алаптарға,  
Таулар шыңын күміске жалатқанда...  
Жанарыңа бір қарап, жаныңды ұққан,  
Қалыңдықтан  
Аумайды далам менің.

Күн шыққанда,  
Алаулап күн шыққанда,  
Өз үніне әтештер тұншыққанда.  
Бар тіршілік көтеріп алақанын,  
Күннің күміс нұрына ынтыққанда...  
Шаттығына өмірдің сене білген,  
Бөбегімнен  
Аумайды далам менің.

## Күйсіз күз

Арылмай қойды тұмаудан,  
Көк тайғақ күздің аспаны.  
Жаңылмай қойды жылаудан,  
Жыртылып бұлттың астары.

Тоқтаса жаңбыр, жел ұлып,  
Кезеді қырды,  
Даланы.

Жайнаған кеше Жерұйық,  
Жаһаннамға ұқсап барады.

Бүк түскен белсіз бұтаны,  
Сабады жаңбыр құлаштап.  
Жел ғана біліп ұшарын,  
Жөнелді қаңбақ жыраққа.

Қараша қайтып келгелі,  
Ықтасын болмай күзеуі.  
Құстардың қиқу - керуені,  
Түстікке бетін түзеді.

Жапырақтар құнсыз бұйымдай,  
Шашырап, желден жасқанып,  
Жылы да төсек бұйырмай,  
Жығылды жерді жастанып.

Ынтымақтардай адасқан,  
Жете алмай бірі - біріне,  
Жалаңаш ару - ағаштар,  
Өлі ме,  
Әлде тірі ме?

Тоғайдың зәре құтын ап,  
Тулады дауыл басынып.  
Шыныдай сынған шытынап,  
Шалшықтар қалды шашылып.

Кабағы күннің қарысып,  
Қараша төнді қатердей.  
Күңреніп тұрды бақ іші,  
Әйелсіз қалған пәтердей.

Жаураған бақ төрі,  
Жамылды ақ бөрік.  
Қыс келді, жолаушы,  
Аман ба, ат-көлік?

Ақ парақ алаңда,  
Ағаштар аман ба?  
Қайыңдарұқсайды,  
Қауырсын қаламға.

Жасауын жиып қыр,  
Күмістен құйып нұр.  
Дала да, ауа да,  
Уыздай ұйып тұр.

Төрінде мұнардың,  
Төсінде шынардың,  
Алланың рахымын,  
Төгілтіп тұрар күн.

Ақ кірпік, ай қабақ,  
Ақ желек байлап ап.  
Дамылдап жатыр қыс,  
Даламды аймалап.

Адасқан арманға,  
Бола көр, Аллам жар.  
Жол болсын ақ қарға,  
Ат ізін салғандар.

Ішімде арман көп өлген,  
 Жүрек дейтұғын тереңнен.  
 Маржанын сүзіп өлеңмен,  
 Өмірге беріп келем мен.

Алқынбай астық асудан,  
 Осылай жүрсек жарады.  
 Жастық шақ толы жасынға -  
 Ол-дағы қалып барады...

Сапарлар ұзақ, бір түрлі  
 Тербейді мені жетектеп.  
 Аттанған едім бір күні,  
 Жиделі деген бекеттен.

Жиделі жалғыз жалғанда,  
 Жүргенде жырмен көздесіп.  
 Жиделібайсынды армандап, -  
 Махаббат қалды кездесіп.

Шер болып, ұйып кеудемде,  
 Жанымен сүйіп құшқанмен.  
 Ол-дағы

күзі келгенде,  
 Бірге ұшып кетті құстармен...

Көкжиек кезіп кемерді,  
 Кемелдік келді дегенмен.  
 Махаббат жайлы өлеңді,  
 Әлі де жазып келем мен.

Сүюде талай алдандым,  
 Үміт пен күдік мол жылдар...  
 Жүрегін ғашық жандардың,  
 Өртеп те кетті сол жырлар.

Шабытқа жаным кенелген,  
 шақырып жыр - құс базары.  
 Өмірге беріп келем мен -  
 Алғаным одан аз әлі.

Түс  
/поэма/

Қара байрақты қарғыстан жаратылғандай,  
Меңіреу,

Мылқау, мына бір қара түн қандай.  
Алғашқы «СӨЗ»-дің отырмын жалғасын іздеп,  
Жырыммен шырақ түнекке жағатын жандай.

Шабатын жандай  
жасырып тасада күшін,  
Төніп тұр түнек,  
бір зауал жасамақ үшін.  
Терезем ашық,  
түнектің бір түкпірінен,  
Бөлмеме енді, жалп етіп  
жапалақ ұшып.

Шыққан ба қашып түнектің дүлей демінен,  
Көгершін емес,  
Кеудеме үрей ме кірген.  
Төсекке барып қонды да, қалғып та кетті,  
Жатырқар емес,  
Шынымен түней ме бірге?

Қаршыға да емес  
тұғыры хан қасындағы,  
Жарты лашыққа қонбай ма жар басындағы?

Қамайды күдік,  
Көңілді бүтіндегенмен,  
Жұмбағын құстың, әрине, түсінбеп ем мен.  
Кенеттен құсым түлетіп қауырсындарын,  
Айналды Ару-мүсінге түсімде көрген.

Періште мұндай бола алмас,  
шынымды айтамын,  
Сәулесі шамның сипайды шырындай тәнін.

Адам баласы дiр етпей қарамас тегi-  
Жалаңаш перi жатыр бiр...

Жалаңаш перi!

Осындай Ару бұл үйге неге түнемес?

Өзтөсегiмдi өзiме беретiн емес.

Өмiрге бұған дейiн де келмеген сұлу,

Өмiрге бұдан кейiн де келетiн емес.

Күрсiндiм бұзып ұйқысын Феруза-түннiң,

Оянып сонда кеткенi-ай,

Перизатымның!

Жалаңаш Ару...

Айналып барады басым,

Айнаға барып алтындай тарады шашын.

Көздерi түсiп бiтпеген өлеңдерiме,

Жақындап келдi сағымдай, көлеңдедi де.

Жалаңаш тәнi бөлмеме шам жағып нұрдан,

Кескiнi-ай шiркiн,

сондағы таңданып тұрған!

Назды сөздерi сезiмдi тасытты демде,

- Махаббатжайлы өлеңге ғашықпын менде!

Осы бiр шақтар екен ғой қайталанбайтын,

Тәңiрден қанша сұрасам -

Қайтара алмайтын!

Медет берсеңшi жасымды,

Құдай-ай, көрiп!

Жылады-ай келiп сол Ару,

Жылады -ай келiп...

Тiл қаттым әрең, мәңгiрiп,

Жан кiрiп түнге,

- Қандай мұңлықсыз бөлмеме қаңғырып кiрген?





Бақырдай басын Көкемнің қастерлеп өткен,  
Қартайыыншы Қасиетті Анашым құсап!-

деп едім, Сайтан, көнбеді,  
Көнбеді маған...

- Опасыз, арсыз келеді жердегі Адам!

Жете алмай жылап өтерсің армандарыңа,  
Сайтаннан адал жар таппай жалғанда мына.

-Адамдарым-ау!

Адамдар - шапағат таңым!

Ар-ұятпенен аталған қатар аттарың,  
Жеңе алмай мына сайтанның сапалақтарын,  
Жүресің ізгі мұратқа қаталап бәрің.

- Сайтаныңменмін,

сөзімнен қашан аттадым?

Адамдар ғана күнөдан жатады ақталып.

Өзінің нәпсі құрттары жыбырлап тұрса,  
Өлтіреді олар өзгенің Махаббаттарын!

Мен үшін солай...

Мен үшін...

Махаббат - бүлік!...

Жіберген мені сол Сайтан жапалақ қылып.

Жапалақ боп ұшып,

Анамның барам бейітіне,

Жылына бір рет түсемін адам кейіпіне...

Жүргенде тырнап жанымның жарасын күдік,  
Заманның және адамның бағасын біліп.

Жаныма бүгін сен сынды жарасып жігіт,  
Ақынның үйін тауыппын адасып жүріп.

Сайтаннан мені тартып ал!  
Тартып ал, Адам!

Әзәзіл күштен -  
Көздерін алтын арбаған,  
Тартып ал, Адам!  
Сайтанның шарты бар маған.

Қоңғаны сонда Сайтанның діліме үні:  
"Адамзат біткен өмірде біріне - бірі,  
Білер сәт ойлап көрмесе жамандықтарын,  
Білер сәт ойлап көрмесе арамдықтарын,  
Бір сәті болса қан ұстап түрегелмеген -  
Қайтадан сені Адам ғып жіберем!" - деген.

Соны айтып Ару жүк артып жүрекке, сұмдық,  
Жапалақ болып кетті ұшып,  
Түнекке сүңгіп...

Мен қалдым жерде...  
Ұялапділіме үні:  
"Адамзат біткен өмірде біріне бірі,  
Білер сәт ойлап көрмесе арамдықтарын,  
Білер сәт қойса әзәзіл жамандықтарын," -

Аспаннан көрген әлгі бір кереметті айтып,  
Адам боп жерге  
Ару қыз келер ед қайтып!

Жүрегімді жаулап ғажайып махаббат-мұрат,  
Ояндым шошып түсімнен!  
Қаталап...  
Құлап...  
Жердегі бүкіл адамнан шапағат сұрап....

Сен қашан Адам боласың, жапалақ, бірақ?!!



Жанарымызда жазира даламыз кеңіп,  
Жаһанды жалпақ басып ек, дара бір кезіп.  
"Жанамыз - дедік - көктегі жұлдыздай жарық,  
Біз ғана бақытты болып қаламыз!" - дедік.

Өзінше сүйген жандарға күлкің де келіп,  
"Біз құсап елдің сүйюі мүмкін бе?!" - дедік.  
"Біз құсап елдің күйюі мүмкін бе?!" - дедік.  
Ілінбей көзге Жібек пен Төлегенің де,  
Әлемде жалғыз Жүрек боп дүрсілдеп едік.

Енді міне,  
Тек біз ғана бақыт боп қала алмадық,  
Тек біз ғана жұлдыз боп жана алмадық.  
Көңіл содан барады арамдалып,  
Өмір содан барады тамамдалып...

Бір сырым бар айтатын саған барып,  
Көзді жұмып көктемді таба алмадық.  
"Бізше сүйе алмайды осылар!" - деп,  
Неге сонда күллі елді жамандадық.  
Қандай ғана пейілден арандадық.

Келші, жаным,  
Қол жайып, құрақ ұшып,  
\Өзіңніңде өртеніп тұр - ау ішің...\  
Сондағы айтқан күпірлік сөзімізге,  
Адамзаттан кешірім сұрау үшін,  
Келші, жаным...

\*\*\*

Сағынып күн көзіңді,  
Саламын сергелдеңге күнде өзімді.  
Суарып кірпігімді тамшы жасқа,  
Ұйқысызөткіземін түндерімді.

Сен менің түсімдесің,  
Сезімің сын алдында кішірмесін.  
Сүттен ақ, судан таза сеніміңе,  
Күдік сөз көлеңкесін түсірмесін.

Сен менің жадымдасың,  
Көңілің қуаныштан арылмасын.  
Мен жайлы, өлді десе, сөнді десе,  
Иланба,  
Текке тыныс тарылмасын.

Сен менің жүрегімде,  
Мен жоқта жалғызсырап жүдедің бе?  
Болмаса сенің ыстық махаббатың,  
Жер басып бұл өмірде жүремін бе?

Сен менің көзімдесің,  
Мені ойлап ет жүрегің езілмесін.  
Жандар бар күле қарап, табалайтын,  
Жабырқап жүргендігің сезілмесін.

Өмірдің ұсағына,  
Жаныңды бөлшектеме, құса қылма.  
Құз, шатқал, ну тоғайдан сені тауып,  
Кеудемді құлатамын құшағыңа.

Кеттің алыс.  
Түйеді күз қабағын.  
Сағыныштан шығады сыздап әнім.  
Бульвары-бақ,  
Тауы - төж,  
Бұлағы - бал,  
Алматыдан мен сені қызғанамын.

Таныс жер ғой жылына неше көрген.  
Сұқтанады-ау жат көздер көшелерден.  
Менсіз,  
    әлде біреумен кіріп жүрген,  
Қызғанамын барлардан, кафелерден.

Сымбатыңмен жанардың жауын алған,  
Шығармысың сыланып тағы да алдан.  
Сенің кәусар күлкіңе қанып жүрген,  
Жігіттерден қызғанам бағы жанған...

Қалыс қалған қағады күз қанатын,  
Жетім жүрек қалайша сыздамасын.  
Мені сенен айырып алып қалған,  
Теміртауға сен мені қызғанасың.

Жапырақтай жүрегім алып ұшқан,  
Сарғаяды күз сайын сағыныштан.  
Қызғанасың Нұраның айдынынан,  
Қызға арнаған жырыммен шағылысқан.

Қартүскенде қызыққа кенелетін,  
Қызғанасың қыстың да кереметін.  
Үстіменен ғажайып ақ сиқырдың,  
Шаңғы мініп аулаққа жөнелетін.

Бір біріне жәудіреп, алаңдаған,  
    Саған таулар бұйырды,  
                                    маған - далам.  
Бірін бірі аңсайды екі құрлық,  
Қауышуға бірақ та жаралмаған.

Күн түнекке құлап барып,  
Күңгірттенді теріскей.  
Түн парызын жүр атқарып,  
Ұйықта, менің періштем.

Сені сірә таба қылман,  
Жігіттерге желіккен.  
Иіскейін тамағыңнан,  
Ұйықта, менің періштем.

Жұлдыз үнсіз телміреді,  
Құпияңды бөліскен.  
Ертегіге сендіреді,  
Ұйықта, менің періштем.

Ерініңде шырын балы,  
Тыйым салған жемістен.  
Сылқым-самал сыбырлады,  
Ұйықта менің періштем.

"Жар бола гөр кәміл-пірім"-  
Күбірлеймін мен іштен.  
Таңға ұласты Қадыр түні,  
Ұйықта, менің періштем.





## Құмырсқа

Қамбаға қорын салып ап,  
Жайғасып жатсын жұрт мейлі.  
Құмырсқа - қара шаруа,  
Күйбеңің сенің бітпейді.

Қыпша бел нәзік майысып,  
Бақайшақтарың қайысып,  
Жүресің жортып өмірдің,  
Арқаласаң да қай ісін.

Өтпеймін саған қиылып,  
Үздігіп ұзақ қадалмай.  
Тоқтаса сенің қимылың,  
Жер шары тоқтап қалардай.

Тілемей жанның тынышын,  
Кезесің қырды үй көрмей.  
Әлемнің жарты жұмысын,  
Тындырып өзің жүргендей.

Өмірдің жоғын күнде іздеп,  
Торыққан бар ма, кездерің?  
Жұлдыздар шоғын күндіз де,  
Көреді екен көздерің.

Жарасар теңеу ең биік,  
Арқалап тартқан жүгіңе.  
Өзім де жүрмін телміріп,  
Тозаңды ғарыш түбіне.

Әлемнің шексіз қорының,  
Біріне сені теңеймін.  
- Осығанжұлдыз шоғының,  
Керегі қанша?-демеймін.

Сыр түйіп сенен көңілге,  
Жұмыла түсем жұмысқа.  
Осынау үлкен өмірде,  
Өзім де сендей Құмырсқа.

## Сизиф

Ширатылып тарамыс бұлшықтары,  
Тұғыр тасқа ыстық тер ыршып тамып,  
Тағдыр жүгін биікке домалатып,  
Жемісі жоқ жұмыстан титықтады.

Алға тартқан үміттің жетегінде,  
Мақсатына дәл қазір жетерінде,  
Ыршып шығып құлжа тас  
Құзар шыңның,  
Қайта келіп түседі етегіне.

Қонбай қойса қайтесің басқа бағы,  
Алынбайды бұл шыңның тас қамалы.  
Бәз баяғы орнынан Сизифтің де  
Қасіреті қайтадан басталады.

...Ең дарынды ұлдарын ақын етіп,  
Көне жолмен барады ғасыр өтіп.  
Әр заманда,  
қоғамда,  
әрбір ақын,  
Қайталайды Сизифтің қасіретін.

Тылсымына сезімнің тұзақ құрып,  
Бас айналып,  
                  мыи қайнап,  
                                  құлақ тұнып,  
Түні бойы толғатқан бір шумақты,  
Бір құдірет тастайды бірақ сызып.

Тынбаса да тигенше басы жерге,  
Борышты боп өтеді ақын елге.  
Халық жүгін көтеріп қаламымен,  
Домалатып барады тасын өрге.

## Көңіл

Алпыс жаста аптығым бір басылмай,  
Шайқап төгем сезімді, жырға сыймай  
Отыз деген әлі жүр орда бұзып,  
Жиырма бесің әлі де құрдасымдай.

Дәріс болмай жалғанның жалғандығы  
Миға кірмей жастықтың қалғандығы.  
Әлі күнге жүреді жарға жығып,  
Он бестегі жүректің аңғалдығы.

Дүрліктіріп жанымның жапырағын,  
Жүрегімде қып-қызыл жатыр ағын.  
Жиырмадағы аруға өліп-өшіп,  
Ғашық бола салады ақымағым.

Өлер жерін біле ме, ақын бірақ,  
Шақырады жұпар гүл, жасыл құрақ.  
Өмір жайлы сырласа қалсам егер,  
Менен гөрі немерем ақылдырақ.



Қайтер дейсің қабағыма қонса мұң,  
Қияметін көрдік талай ортаның.  
Қорықпаймын жұдырығы жуаннан,  
Аналардың көз жасынан қорқамын.

Қайтер дейсің қабағыма қонса мұң.  
Жүрегімді сезіміңмен қоршадым.  
Қорықпаймын табасынан дұшпанның,  
Ағайынның аласынан қорқамын.

Қайтер дейсің қабағыма қонса мұң,  
Бір бұл емес қабынуы қолқаның.  
Менөлімнен қорықпаймын,  
Өздерін  
Өлмейтіндей көретіннен қорқамын.

Қайтер дейсің қабағыма қонса мұң,  
Жаһаннамға жетелейді жол-сағым.  
Мен құдайдан қорықпаймын,  
Құдайдан  
Қорықпайтын кәпірлерден қорқамын.

## Мәдидің монологі

Зарқын Тайшыбаевқа

Дұшпандарым!

Жүріңдер жерде тірі.

Сендерді де тербеген ел бесігі.

Сендер мықты болсаңдар менің-дағы,

Өмірімнің болмайды кем кетігі.

Әдейі айтып тұр деме мұның бәрін,

Өздеріңе ежелден сырым мәлім.

Қадамымды аңдыған біреу болса,

Ширап беки түседі буындарым.

Қуанышты білмес ем-торықпасам,

Өжеттікті білмес ем - қорықпасам.

Аңқаулықтан алысқа шықпас едім,

Сендер қазған апанға жолықпасам.

Жақыныңа зер салмай, алысыңа,

Немқұрайды қарар ем ғарышыңа.

Парықсыз боп өтер ем, ұйқылы-оюу,

Сендер келіп тидіңдер намысыма.

Нәзік едім тым жиі зәбірледің,

Шайқасуға өзімді әзірледім.

Қазір менен осалдық табу қиын,

Өкпелету тым қиын қазір мені.

Нысана боп көбіңе момындығым,

Кесіп менің өтпеді жолымды кім.

Өжеттікке үйрендім бірте-бірте,

Жармасады жағаңа қолым бүгін.

Жан емес ем бірліктің күшін білген,

Көбелек ем гүл қуып ұшып жүрген.

Сендерсіңдер, жабылып құмырсқадай,

Өмір - күрес екенін түсіндірген.

Не болар деп толғанып ертең күнім,  
Жырға қостым мен сонда ел теңдігін.  
Сонда білдім Үшқара биіктігін,  
Сонда білдім Талдының көркемдігін.

Жырларыма жалынын жиып кектің,  
Нажағайлы нөсер боп құйып төктім.  
Қайғы бұлтын тарқатып қабағынан,  
Қарқаралы шыңдарын биіктеттім.

Бара жатыр шегініп күдік деген,  
Сенім серік болар деп үміттенем.  
Дұшпанымның зәбірі арқасында,  
Достарымның қадірін біліп келем.

Жалғыздықтан жете алмай арманына,  
Талай боздақ тұншығып қалмады ма?  
Жолдас жидым қазақтан, орыстан да,  
Енді мені іліп көр қармағыңа.

Құшағына ендім де ғажап үннің,  
Қайсарлықты жыр қылып жаза білдім.  
Ұры, Қашқын Мәди деп кеміттіңдер,  
Ұлы болып өстім мен қазағымның.

Бір ауылда шырқасам жыр асылын,  
Үш ауылдан қуғыншы шығатұғын.  
Қуа-қуа өздерің өсірдіңдер,  
Мәди атты қазақтың бір ақынын.

Сендер үшін от басып, құшқам жалын,  
Сендер үшін бойыма күш қармадым.  
Қуыс кеуде мүсәпір бола алмаймын,  
Сендер мықты болсаңдар, Дұшпандарым.

Үзілген ән

Мәдина Ералиеваға

Қайырлы таңда қанатын қағып,  
Желпінді әуен - қыр оты.  
Қаймана қазақ даласындағы,  
Ғажайыптардың бірі осы.

Ғажайып әуен құйып эфирден,  
Сайрады-ай симай арнаға.  
Алланың әділ күдіретінен,  
Жаралғандай-ақ дәл жаңа.

Бейне бір аспан адырнасында,  
Керілген күміс сезімдей.  
Сайрады көмей.  
Адыр басында  
Шолпан тұр әлі көз ілмей.

Ұмытып таңды, қия алмай әнді,  
Ай жүрді көкті айналып.  
Сыңғырлы әуен тербеді жанды,  
"Құлақтан кіріп, бойды алып".

Кемерлі кеуде тар боп тынысқа,  
Алардай жұлып өкпені.  
Аспанның асты толды дыбысқа,  
Уыздай ұйып оттегі.

Сандуғаш көмей -даламның даусы,  
Ғаламның даусы, жүз үнді.  
Қайталанбайтын заманның даусы,  
Шарықтап барып үзілді.

Үзілді,  
Жанын қарып жасынға,  
Бұйырмай басқа бір сауға...  
Желетек, жеңіл қарындасындай,  
Транзистор, әне, тұр сайрап.

## Мұқағалиға

Ащы, айғайға тұнғанда талақ ғалам,  
Азусыздық ақынға жараспаған.  
Адауынды ащы сөз жүзін қарып,  
Әкім біткен ақынды аластаған.

Уа, Мұқа!

Аласталса дарын біткен,  
Сен емессің жалтақтап жанын күткен.  
Ақын - Дауыл, тынышсыз тағдырымен,  
Арпалысып, от шайнап жалын бүріккен

Ақындық адалдықтан басталады,  
Сарбазы әділеттің - асқақ әні.  
Тапталды аярларға тұғыр-тірлік,  
Сақталды тек ақынның аппақ ары.

Тұрсада кемеіде өлең, баста бағы,  
Бұйырды бұл заманның "Ақтабаны".  
Жетістіктен сақтады сені тағдыр,  
Жетімдіктен, қайтейін, сақтамады.

Тұншыққанда тірліктің мақпал әні,  
Ақтамады сені ешкім,  
Жақтамады.  
Таласынан сақтады мансапқордың,  
Табасынан дұшпанның сақтамады.

Ән өшіп құлағында кереңдердің.  
Ішқұса боп өттің-ау, кемеңгерім.  
Балалықтың бұйырмай бал дәурені,  
Даналықтың жұтыпсың шемен шерін.

Тасқанда өлең - өзен ыршып ағып,  
Қаншама бегет құрды сыншыларың.  
Қанша ұстады пенделер көлеңкеде,  
Талантыңның қызғанып күншуағын.



Тоздырып төзімді де, тағатты да,  
Кіл өзіңді баладың жауаптыға.  
Қаншама көрсоқырдың қылығы үшін,  
Қамадың өзіңді - өзің абақтыға.

Шарқ ұрып шабытыңа желік берген,  
Енді жалын шашпайды көрік кеудең.  
Шындықүшін шырылдап отқа түсіп,  
Жан едің өмірде де өліп көрген.

Ел өсті,  
Сана оянды бұл күндері,  
Тұншықты көре алмастар күңкілдері.  
Өзгенің оғы жетпес тағы тарлан,  
Өзіңнен сені сақтау мүмкін бе еді?

Ғарышқа қанатыңды жайдың-дағы,  
Ғайыпқа кеттің сіңіп, қайрылмадың.  
Жетімсіреп қалды ғой Жетімкөлдiң,  
Аққуын әлдилеген айдындары.

Шөліккеп жыр-жаңбырын қабылдаған,  
Қалды ғой жетімсіреп сайын далаң.  
Тұп-тұнық мөлдіреді жырың ғана,  
Тамшыдай жапырақта дамылдаған.

Өрлікке қызықтырып қырандарды,  
Ілініп шың төсіне қиял қалды.  
Қай заман,  
қылыш қанат қыран - ақын,  
Тағдырдың уысына сыя алғанды.

Десек те тәңір торы қол байлады,  
Қорғады ел өнеріңді, қорғайды әлі.  
Жырыңды осы күні жатқа айтады,  
Ел түгіл туған жердің торғайлары.

Сен деген сағынышын сабылдырып,  
Салады сары белде сағым бүлік.  
Жайқалады қайыңда жапырақ-жыр,  
Өлімді-де өмірге бағындырып.

## Ғарышта

Тұңғыш қазақ ғарышкері  
Тоқтар Әубәкіровке.

Жанарыңда жататын сағым аунап,  
Көкке көзін қадады ауыл-аймақ.  
Ұйқыдағы Рухы көтеріліп,  
дүр сілкінді қалың ел "Абылайлап".

Қайран бабам қиқуға қосқан үнін,  
Алты қырдан аса алмай тоқтады мың.  
Қиял ғана жететін "Құс жолында",  
Барады әне шаңдатып Тоқтар ұлың.

Көзін алмай көктегі бала құстан,  
Қомдап алды қанатын Қазақстан.  
Ертегіге сенетін елің мына,  
Кілем мініп, құс мініп талай ұшқан.

Жете алмаған көңілдің көк дөнені,  
Түпсіз ғарыш алдыңда көлбеп еді.  
Жұлдыз нұры құйылып жанарыңа,  
Алақанда жұмыр жер дөңгеленді.

Оттегіне оранған мұнар қандай,  
Тұра алар ма, қос жанар тұманданбай.  
Жібермейді жүректі тартылысы,  
Кеңістікті құшсаң да құмар қанбай.

Бұндай сәтте сезім де өзге мүлде,  
Жер бөбектей әлемнің жөргегінде.  
Сыздады ма, жүрегің тым алыстан,  
Туған жердің түтінін көргеніңде?

Сағыныштың сазы бар қанша мұнда,  
Ізі жатыр жастықтың әр шағылда.  
Үш ғасырлық жол жүріп үш тәулікте,  
Туған елді, арысым, аңсадың ба?

Сезіміңе сендіріп атырапты,  
Қарт ұнатты ісіңді, жас ұнатты.  
Ала шыққан екенсің алыс жолға,  
Тұмар қылып, бір уыс топырақты.

Көкке тиіп төбесі тұрған кезде,  
Елін, жерін сағынған ұлдан безбе.  
Қыран болып самғап ол ғарышыңда,  
Торғай болып қонады туған жерге!

## Правда

Сыздық әкеміз Большевиктердің белсендісі бола тұра қуғынға ілігіп, ақыры ақталып оралғанда "Қалайда шындық бар" дегенді меңзеп ұлына ПРАВДА деген есім беріпті.

Азапқа да төзетін, мазаққа да,  
Пейішке де сенетін, дозаққа да.  
Қыл үстінде ұлына ПРАВДА деп,  
Ат қоятын өлермен қазақ қана.

Жала жауып тұрса да кіл өтірік,  
"Шындық бары" Сыздықтың білетіні.  
Ұлы Абайдың сөзіне құлақ ассақ,  
ШЫНДЫҚ деген Алланың бір есімі.

Ақиқат бар айтарлық тағы мұнда,  
Сәл кешігіп Хақ жолы табылуда.  
Ленин бабам білгенде, бұқараны,  
Бастар еді Шындыққа табынуға.

Қабыл болса адамзат тілегені,  
"ПРАВДА" газеті де түлер еді.  
Хақылы мемлекеттің керуені,  
ХАҚ жолына қалайда тіреледі.

Өмір көші құяр деп бір арнаға,  
Болашаққа асықтық құмарлана.  
Коммунизм жақындап қалар еді,  
Жетпіс жылда табынсақ ПРАВДАҒА.

## Адамның бас сүйегі /поэма/

Суретші менен археолог бар қасымда,  
Көңілдер шалқар шампандай шапшып атылған.  
Алты ай қаңғыған геолог, Бағдат ініміз,  
Оралып бүгін, қонаққа бізді шақырған.

Ұқсайды бұл кеш керемет сырлы дастанға,  
Бас қосса достар,  
Асатын бұдан бақ бар ма?  
Көңілдер, шіркін, қанат біткендей қалқиды,  
Отырмыз қалай, ұшып та кетпей Аспанға?

Көктем көңілмен гүлің де егіз, күй де егіз,  
Арусыз бірақ-арғымақтарсыз күйеміз.  
Өңшең серілер,  
Ортада жалғыз Зәурешті,  
Кезек пен кезек кетеміз алып биге біз.

Зәурештің нұрға толады мойыл жанары,  
Ғажап-ау, ғажап,  
Періште әлі, бала әлі.

Билейміз келіп, жастыққа тәнті үш аға,  
Бағдат ініге кезек те тимей қалады.

Кұзырың қанбай өмір сүруге асыққан,  
Кетеміз шалқып,  
Шабытқа еріп тасып та.

Біріне бірі қарайды күліп, ұрланып,  
Бір-бірін алты ай сағына күткен ғашықтар.

Дүниеде, достым, жасайды, кәне, мәңгі не?  
Қайталауларды сүйметін бізбіз - әулие!  
Бір кезде ән де,  
биің де қалып жайына,  
Кетеді алып бізді әлем жайлы әңгіме.



Бағдаттың түрін көрсеңіз сонда,  
О, Тоба!  
Лапылдап жанып жатқан бір бейне от алап!  
-"Шыңыраудан таптық"-деді ол,  
Мойыл көздері кетіпті мүлде ару Зәурештің  
боталап

Археолог, Абзал, қолға алды басты шошымай  
"Кінәлап жүр ғой бізді ел босқа, досым ай!  
Археологтар таппаған тарих іздерін,  
Геолог келіп кетеді қағып осылай!"

Шыға кеп оттар,  
шыға кеп шоқтар нұр-көзге,  
Шамданып қалып ағалар айтқан бір сөзге.  
Манадан бері момақан ғана отырған,  
Геолог сөйлеп жөнелді дерсің бір кезде.

-Ағалар!!!  
Бір сәт қарашы көзді аш-тағы,  
Бұл сонау ата-бабаларыңның бастары.  
Бұл-  
Жаза білсек, Тарихнаманың дастаны,  
Ағалар, бір сәт қарашы көзді аш-тағы.

Аруақты ерлер аяқ астына тапталып,  
Біз басып жүрген топрақты жатыр жамылып.  
Рух алдында қалайық бір сәт ақталып,  
Батыр бабаның бас сүйегіне табынып!  
Ақын бабаның бас сүйегіне табынып!

Геолог інім сапырды-ай сөздің асылын,  
Көңіл көзіне түсірді көктің жасынын.  
-Теңізді тастап,  
"Құдайға жақын болам" -деп,  
Тау кезіп кеткен Заратуштраның басы бұл!

Ақын айтады:  
- Тіл кеспек жоқ та,  
Бас кеспек болған, жалғанда.

Кесілсе тілім, салтымыз дағы жалғанбас.  
Қаһарлы ханның қылышы қиып түсірген,  
Орақ ауызды ақыннан мынау қалған бас!

Суретші айтады:

- Антропологиядан бар еді біраз хабарым,  
Қарақұс берік,  
Жаратқан дөңес қабағын.  
Шүйдесі шымыр, самайда шоқпар ізі бар,  
Батырдың басы!  
Суретін кейін саламын.

Археолог Абзал басқаша айтты түйгенін.  
-Әйтеуір бұл бас еркектің басы, білгенім.  
Құйылса қан да - көзіне ердің құйылар,  
Қиылса қайда - еркектің басы қиылар!

Зәуреш-әншіміз, үлесін қосты кеңеске:  
- Бабалар бар ғой сақтаған атын ел есте.  
Қобызыменен өлімнің бетін қайырған,  
Бақсы бабамыз Қорқыттың басы емес пе?

-Қауашағы кең,  
                    ғалымның басы-ау шамасы,  
-Жыраудың басы-таңдайы биік, қарашы.  
-Қамбардың басы,  
-Ақтамбердінің басы - деп,  
Бітетін емес басталған даудың сарасы.

Бес жасар қызы Зәурештің,  
Аңғал жүрегі -  
"Бетінде жердің зұлымдық жоқ" - деп біледі.  
-Періштеміз ғой! Кетпейміз бе ұшып жұмаққа?  
Адам сүйегі жерде де болушы ма еді?!!....

О,Тәңірім!

Сәбидің сөзін шығара көрме теріске.  
Қырқыспай жерде,  
  кететін ұшып пейішке,  
Өлмейтін мәңгі,



Өлтірмейтұғын бір-бірін,  
Адам ұрпағы -  
Боласың қашан Періште?

Ұмытып Арды,  
Қорықпай тіпті Тобадан,  
Тонадың жерді,  
Төндірдің елге зобалаң.  
Алланың аппақ шапағатынан,  
Пейіште,  
Періште болып жаралмап па едің?  
О, Адам!

Хакім де болдың,  
Әкім да болдың, тоймадың,  
Адамның басын күлсалғыш қылып ойнадың.  
Есінде жердің  
Нацист боп салған ойраның,  
Коммунист болдың,  
Демократ болдың,  
Мұсылман,  
Христиан болдың.  
Өлтіруді бірақ қоймадың.

Тар болса пейіл,  
Жаһанның бар ма кеңдігі,  
Махаббат та бар,  
Шапағатта бар - деп жүріп,  
Композиторлар,  
Археологтар,  
Ақындар,  
Осы сәбиді көріңдер, кәне, сендіріп.

Жетелеп алып алысқа талай жол самғар,  
Ақиқатты іздеп,  
Аңыз - далаға қонсаңдар,  
Ақын бол мейлі,  
Археологта бол мейлі,  
Осы сәбиге жауап бер, мықты болсаңдар.  
Симпозиумда жасалса баяндамалар,





Қызығын-ай, өмірдің, қызығын-ай,  
Өздеріне мың ғашық қылып ұдай,  
Мігітті де жігіт қып шығаратын,  
Қылығын-ай, қыздардың, қылығын-ай.

Нәзік, назды, сиқырлы сөздерін-ай,  
Табындырмас дәл мұндай өзге құдай.  
Тұншықтырып әкетер тұнығына,  
Мөлдіреген тұңғиық көздерін-ай.

Қиғаш түскен сезімтал қабағын-ай,  
Кеудешесі қобыздың шанағындай.  
Үлбіреген үстіңгі еріндері,  
Купидонның иілген садағындай.

Қызылын-ай, еріннің қызылын-ай,  
Дірілдеген демінің қызуын-ай.  
Қылығына жығатын қыздары бар,  
Қызығын ай, өмірдің қызығын-ай.

\*\*\*

Тәулік сайын өзіңді ойлап жүдедім,  
Үркек ойдан өрекепиді жүрегім.  
Түсін, жаным,  
Жалған мына дүние,  
Қас-қағым сәт бұл өмір.

Түсін, жаным,  
Баста дәурен тұрмайды,  
Алдамшы арман бір өмірге симайды.  
Бүгін сүйіп үлгірмесең,  
Болашақ,  
Бір минутын қимайды.

Махаббатты бөлеп ізгі бесікке,  
Қатар кіріп шіркеуге де,  
Мешітке.  
Бір өзіңді іздеп жүрмін аяулым...  
Келер болсаң кешікпе!

"Тамұқта отқа жанасың" - дейді пірадар,  
Қысылма қалқам.

Тіршілік қылар тірі адам.

Өмірде мынау өртеніп өтсек арман не,

Кір құшағыма,

Сақтаймын өзім күнәдан.

Жағыз ұшқыннан жалын боп жанар кезің бұл,

Тұлдыр тасты да шығады жарып сезім - гүл.

Мәжнүн боп барам көзіңді сенің көргелі,

"Өртенбей өтем өмірден" десең, өзің біл.



Қырда  
Желек жайып алдан,  
Арбап жанды ажары.  
Мәрмәр мүсін қайың-арман,  
Тарқамаған базары.

Ақын бұған ашқан сырын.  
Еппен түріп етегін,  
Жонған күмісақ балтырын,  
Аймалаған Есенин.

Сайда  
Сиқыр су ағады,  
Зерлі көзе тұнығы.  
Мәжнүн-талы мұңаяды,  
Тарқатылып бұрымы.

Жасыл нұрдан шашады ақық,  
Жапырақтар құйылған.  
Мәжнүн-талдың махаббаты,  
Маған сірә бұйырған.

## Операция

Жаппар ием, киём - Алла тағалам,  
Топырақтан мүсінімді қалаған.  
Маған сыңар жаратпақшы болғанда,  
Сені менен ампутациялаған.

Күрделі істе көздің майын тауысып,  
Шаршағанда, кірпіктері қауышып,  
Ассистенті өзөзілдің қолымен,  
Қабырғалар кеткен екен ауысып.

Алласына аярлықпен табынған,  
Қарашы ісін өзөзілдің қағынған,  
Басқа тәнге телініпті сонымен,  
Мына менің он екінші қабырғам.

Бір Алланың құзырымен жер - бесік  
Қос жынысты өсіріпті тербетіп.  
Бірақ ағза бір-бірімен сыйыспай,  
Бақытсыз боп шыға кепті пендесі.

Пенделері батқаннан соң зар, мұңға,  
Апла тұрып ақиқаттың алдында,  
"Бірін -бірі өздері іздеп тапсын"-деп,  
Істің соңын тапсырыпты Тағдырға.

Туа соқыр, Тағдыр, көрмес көзінді,  
Туа керең, естімейді сөзіңді.  
Қателіктің қауіпі мол болған соң,  
Жүректерге берсе керек сезімді.

Тағдырымен тайталасып шешетін,  
Жүрек бопты жібермейтін есесін.  
Көрсоқырдың кем-кетігін толтырып,  
Махаббаттың қидыратын некесін.



Содан бері күйіп, сүйіп, бал ашып,  
Ғашықтар жүр бір - бірінен адасып.  
Өлшенеді тәлкегімен Тағдырдың,  
Ләйләлар мен Мәжнүндердің арасы.

Өмір атты тылсымы мол тасқында,  
Жүрек қалап, қабырғаңды таптың ба?.  
Сенің орның үңірейіп тұр әлі,  
Мына менің қолтығымның астында.

Махаббатты жазып айдың астына,  
Бұл фәниде таусылмаған аз сия.  
Тағдыр - хирург, ассистенті жүрек боп,  
Әлі жүріп жатыр операция.

## Бұрым

Қос аққу көлге біткен секілді едік,  
Қоштастық қанат жайып, өкінбедік.  
Екі жол әкетті ертіп екеумізді,  
Бұралған қос бұрымың секілденіп.

Жүйрік жол бір - бірімен жарысады,  
Үмітім жетем деген алыс әлі.  
Жалғыз қып өрші қалқам бұрымыңды,  
Жолдар да бәлкім біздің табысады.

Бұл күнде біздің жағдай қиын, жаным,  
Қинайды сенің жатқа бұйырғаның.  
Жолдар да адастырып әурелейді,  
Қиылып қалды ма, әлде бұрымдарың.

-Рұхсат па? Ашық қой есігіңіз.  
- Кіріңіз, уақыт тығыз, кешіріңіз.  
Дегенмен бірер сәтке тілдесейік,  
Айтпақшы, кім болады есіміңіз?

Үнсіз қалды кенеттен мына жалған,  
Ғажайыптар ғайыптан шығады алдан.  
Нәзік сәуле шырмалып кірпігінде,  
Айнамкөзге Ай нұры тұна қалған.

Қос гауһары мөлдіреп жанарының,  
Тұнығына шомылды қала нұрдың.  
Түпсіз, тылсым ғарыштың түкпіріне,  
Тартып кетті қарашық-қара құрдым.

Құнсыз сөздің көмейін құлыптап біз,  
Жанарымыз шарпысып тұрып қаппыз.  
Рұхсатпен ендің де кабинетке,  
Жүрекке еніп кеттің рұхсатсыз.

Өзіңді,  
Мені жазғырып,  
Қапаланба да, күрсінбе.  
Алдыңда тұрса тағдырың,  
Айналып өту мүмкін бе?

Күміс нұр көктен төгілген,  
Жанарың, жүзің, күлкің де.  
Сезімнің тұрсаң шебінде,  
Шегініп кету мүмкін бе?

Шарасы тылсым көзіңнің,  
Көлдегі құс ұясы ма?  
Сендегі сиқыр сезімнің,  
Арбалдым құпиясына.

Керімсал, кербез, керімім,  
Жанарың шоғы жасынның.  
Сүйеге тосқан ерінің,  
Мөріндей махаббатымның.

Мүсінің мәрмәр қашалған,  
Шаштарың нуы орманның.  
Жетімкөл болсаң жапанда,  
Қызғышың болып қорғаймын.

Өзіңді ойлап өтті әр күн,  
Жүрегім сенің қолбалаң.  
Қауызы болсаң көкнәрдің,  
Құлдығың - нашақор болам.

Талықсып қалған түндерім,  
Күндерім сенің еркіңде.  
Өзіңсің өмірімдегі,  
Дәрігерім де, дертім де.

Күнәсіз көздің жасындай,  
Көңілден шыққан тазарып.  
Әлемде қалған ашылмай,  
Сегізінші сен ғажайып.



Өзгерді заман, ұққаным,  
Өткінші бәрі, о, ғажап.  
Кешегі ғажайыптарың,  
Өшіп те бітті, обал - ақ.

Мінсек те жерді жүгендеп,  
қылмаймыз түкке қанағат.  
Кешегі ұшқыш кілемдер,  
Секілді бүгін шабан ат.

Табылып күнде керегің,  
Серпілмей сезім дал болды.  
Алты қыр асты дегенің,  
Алтыншы квартал болды,

Күлкісін төгіп күмістей,  
Көңілді салып сарсаңға,  
Күн астындағы Күнікей,  
Шығады көрші балконға.

Ертегідегі батырың,  
Бүгінде түкті қырмайды.  
Айдаһарларың  
Атомның,  
Тырнағына да тұрмайды.

Араны тоймас кеселдің,  
Тия алмай қойдық кесірін.  
Жер атты жұмақ пәтердің,  
Тепкілеп жүрміз есігін.

Мұхит та,  
Жер де,  
Аспан да,  
Бәрі де сенің садағаң.

Бар дейді тосқан асқанға,  
Алдында не тұр?  
О, Адам!

Сен емес жалғыз Тарихта,  
Көңтері жердің сұлтаны.  
Динозаврдай алып та,  
Жоғалтып алған ұрпағын.

Жүрмейік біз де өкініп,  
Сезімсіз шөлде қаталап.  
Алмасын отын өшіріп,  
Өмірге деген Махаббат.

Жандай-ақ шыққан жындыханадан,  
Талақ қып темір төсегін.  
Келемін қаңғып түнгі қалада,  
Тәртібін бұзып көшенің.

Жанарым түннің отына қарығып,  
Арбайды жасыл жарықтар.  
Аспан бір алып - Океанариум,  
Жұлдыздар - алтын балықтар.

"Оят-деп - мына жанның ғаламын",  
Ақынды Алла жұмсаған.  
Оята алмай жалғыз қаланы,  
Аспанға мен де мұң шағам.

Аңсарын елге ақтарып төккен,  
" Оян, қазақ" - деп,  
Азат кіл -  
Мезгілсіз көкке аттанып кеткен,  
Жұлдыздар самсап қарап тұр.

Бағасыз талант бағы жанбаған,  
Қоғамы қуған табалап.  
Баспаға мүлдем қабылданбаған,  
Оқиды жырын ғаламат.

Жүлдеге көкте жамбы тігіліп,  
Жиһаннан жауһар жинаған,-  
Ақындар мұнда,  
Жарғытүгілі,  
Жалғанғабасы симаған.

Етегін таңның құшып көшетін,  
Таусылсатүнгіқыдырыс.





Қандай әппақ әлемнің кеңістігі,  
Жаңбыр шәйған пәк гүлді келісті ғып.  
Молда барар мекені періштенің,  
Қызығына жетпейді жер үстінің.

Табиғатты түйсіксіз санасаң да,  
Құстың тілі тамаша ала таңда.  
Ауладағы дән терген балапанға,  
Көз тоймайды мәңгілік қарасаң да.

Алдыңда әлі үлесің,  
Алдыңда әлі күткенің.  
Әжең өлсе білесің,  
Еркеліктің біткенін.

Адам жоқ қой ажалсыз,  
Жалғасады ғұмырың.  
Әкең өлсе амалсыз,  
Ержетесің, құлыным.

Өмір-асау сәйгүлік,  
Сипатпайды сауырын.  
Анаң өлсе сол күні,  
Қартаясың, бауырым.

## Әтеш

Анам марқұм, ұйқысы сергек еді,  
"Кеш тұрғанның ырысы кем" - дер еді.  
Оянатын әтештің үніменен,  
Ырыс теріп соңынан ел де ереді.

Шық қонады таң ата күзгі гүлге,  
Күз пейілден күдерін үзді мүлде.  
Анам мәңгі ұйқыда,  
Енді әтешті,  
Елеп жатқан ешкім жоқ біздің үйде.

Күн нұрына табынған дана шалдай,  
Шығысқа көз қадайды дала талмай.  
Тауықсыз да келеді таң бозарып...  
Әтеш әуре  
Анамды оята алмай.

## Түнгі Теміртау

Сиқырлы түн тауыстың құйрығындай,  
Кереметке көр, кәне, құлдық ұрмай.  
Қызыл, жасыл ұшқындар жымыңдайды,  
Алқаракөк аспанның құрдымында.

Қою қараңғылықты дара кешіп,  
Қызыл ұшқын батыста барады өшіп,  
Сансыз сәуле төсінен шашыратып,  
Космосқа жылжиды қала көшіп.

Жететіндей дәл бүгін құштарына,  
Түн разы ғаламды құшқанына.  
Бетін түзеп үшінші мыңжылдыққа,  
Қала көшіп барады құс жолына.

## Әлди жүрек

Әлди, әлди жүрегім,  
Мекен қылып жыр елін,  
Тіл, көзінен сұлудың,  
Сақтап сені жүр едім.

Қабыл болмай тілегің,  
Неден кенет жүдедің?  
Жадылады сені кім,  
Табайыншы бір емін.

Бірге айтамыз әнді біз,  
/Бақта міне жанды күз/  
Алып кетті ұйқыңды,  
Алып кетті әлгі қыз.

Сабыр, жүрек, асықпа,  
Қан арнасыш тасытпа.  
Жалын қуған көбелек,  
Еліктеме ғашыққа.

Ақиқат бар сөзімде,  
/Аңғалсың-ау өзің де/.  
Сұлуларды түгендеп,  
Бітірмейсің өмірде.

Он бесінде толады Ай,  
Толған қыздан бол абай.  
Лүпіліңнен жаңылсаң,  
Кетеді олар жоламай.

Шаштары да әдемі,  
Қастары да әдемі.  
Қандай жарға соқтырар,  
Әсемдіктің әлемі.

Әуселесін байқармыз,  
Арбап бақты сайқал күз.  
Қабағының астынан,  
Жымияды сайтан - қыз.

Көзіңді жұм, қарама,  
Алдыңда аппақ шағала.  
Абайсызда аларсың,  
Қауырсынын жаралап.

Арқалаған жар жүгін,  
Жүректер де бар бүгін.  
Әр жақсыға көз салма,  
Жалқы жүрек-жалғызым.

Бітпес дауға қаларсың,  
/Сабыр түбі сары алтын/.  
Өшірейін шырақты,  
Көздің шырын аларсың.

Тірлік басқа күндізгі,  
Дуалайды түн бізді.  
Сөндірейін Айды да,  
Өшірейін жұлдызды.

Әлди, жүрек,  
                    әлди-ай,  
Түн төсінде қалғыды Ай.  
Махаббатты сорыңа  
Жаратты екен қай құдай.

## Сауға

Тәңірім,  
Сақта әйелді,  
Білетін айла, пәленді.  
Күнәнің тәтті балына,  
Батырған бүкіл әлемді.

Қиынға жердей төзімді,  
Құтыртқан құмар сезімді.  
Ғажайып әлем-жатыры,  
Жалғаған құйттай өмірді.

Арбаған,  
Өзі арбалған,  
Сезімге күң боп жалданған.  
Ләззат алып таңдардан,  
Өмірлік жолы жалғанған.

Құштарлық ұрлап жастығын,  
Құлы да болған нәпсінің  
Дәмін де татқан ащының,  
Дәмін де татқан тәттінің.

Бақпаған артын әліптің,  
Аяй көр, Аллам, нәзікті.  
Сайтандық пенен пәктікті,  
Маңдайға тағдыр жазыпты.

Сұлу боп туған анадан,  
Көркіне тәнті бар адам.  
Жемістен піскен дәметіп,  
Жігіт те, шал да қараған.

Жүйкесін жүндей түтетін,  
Жолыңды жылдап күтетін.  
Тәңірім,  
сақта әйелді,  
Тозаққа барып түсетін.

## Тұтқындар

Сүйіп,  
Сейіліп түн тұманы,  
Екі ғашық маужырап тыншығады.  
Тек жүректер - кеуденің тұтқындары,  
Бір-біріне жете алмай тұншығады.

Мейлі тәнің бірауық дамылдасын.  
Білгеннен соң басқа амал табылмасын,  
Тықыршиды қапаста екі мұңлық,  
Тықылдатып кеуденің қабырғасын.

Жүрек тілі құпия, айдан анық,  
Алтыншы қабырғаны сайлап алып,  
Бір біріне сезімін жеткізеді,  
Сана жетпес ұйқасты пайдаланып.

Алқындырып арудың нәзік төсін,  
Аттан салып іздейді әріптесін...  
- Екі жүрек қарашы, оқымай- ақ  
Түсінеді Морзенің әліппесін.



Жарға жықты жабайы Жылқы жылым,  
Мүшел жаста жанымның жыртығы мың.  
Ала қашқан жылдар да баса алмайды,  
Саған деген жүректің құлшынуын.

Құпиясы өмірдіңашылғанда,  
Самайыма ақ күміс шашылғанда,  
Мен өзіңе ғашықпын!!!

- Кәрілік ше?

- Оның не ақысы бар ғашық жанда?

## Күту

Бұл не қылған махаббат түсінбедім,  
- Сабырлы бол, күт-дейсің,  
Күтудемін.  
Бақытым боп кеудеме қонбай жатып,  
Қайта шырқап кетесің, құсым менің.

Жақын жанның қадірін біліп пе кім?  
Алыс арман  
Не деген сүйікті едің.  
Жүрсің бәлкім "Бағасы кемиді -деп-  
Ашылған сыр, алынған биіктердің".

Қырсығады күтуге толы жалған.  
Өлім шығар бір күні торып алдан.  
Қабірде де мен сені күтіп жатам,  
Сенің қолың жетпейтін болып  
Арман.

Көңіл күңгірт,  
Күзгі кештей тұр налып,  
Бұлт астынан ай қарайды ұрланып.  
Салқын қанды бір сапырып алайын,  
Самал - сақи, шарабыңнан құй, көне!

Қабынды ми  
Ойлауменен бас қамын,  
Құй кесемен күздің қою аспанын.  
Жаңбыр селін,  
Жапырақтар тұнбасын,  
Ашынан ащы махаббаттарын.

Бөбек тілді балғын жырдың дәптерін,  
Жарға жыққан жастық шақтың әттеңін,  
Достарымның үнсіз мақұлдағанын,  
Сенгенімнің серттен тайған сәттерін,

Кірпік ілмес қысқа түннің қызығын,  
Нәпсі құлы-құштар құшақ қызуын,  
Сапырып бер,  
Суарайын сезімді,  
Шалабыңа қанар емес құзырым.

Заман мынау қиындықтан бас бұққан,  
Талай тарлан пана тапты мастықтан.  
Мені де ая!..  
Есірткіңді езіп бер,  
Өлер болдым Рухани аштықтан.

## Мінез

Мұзбалақ бұлт мұз бүркіп балағынан,  
Дүбірлетіп түн төсін салады лаң.  
Дүр сілкінсе қанаты су себелеп,  
Қатуланса қар жауған қабағынан.

Мынау түнде батырған тағдыр мұңға,  
Жанарыңды тесіліп талдырдың ба?  
Таң алдында көк аспан көзін ашып,  
Жасы құрғап қалыпты жаңбырдың да.

Таң шапағын төгіп тұр аямай-ақ,  
Шалшық кешіп самал жүр жалаң аяқ.  
Жылап алып жүгіріп кететұғын,  
Табиғаттың мінезі баладай-ақ.

## Емен

Қайыңдар қалды тоналып желмен,  
Жапырақ түсті үзіліп.  
Жап -жасыл күйі тұр жалғыз емен,  
Қараймын соған қызығып.

Бұнымен жасты тоғышар тоғай,  
Отын да бола алмады.  
Жайқалып өскен тағдырды талай,  
Қатыгез өмір жалмады.

Жұтынып аспан,  
Жұлқынды дауыл,  
Жауындар ұрды бұршақтап.  
Бүк түсіп қалды жоталар жауыр,  
Тек емен сұсын тұр сақтап.

Батыр да өзі,  
Балуан да өзі,  
Күресте қатал шыңдалған.  
Өткізді жалғыз төкаппар төзім,  
Сүрінтпей талай сындардан.

Соғыста сонау қорғасып елді,  
Қарыды оттың аптабы.  
Діңгегі толы қорғасын еді,  
Ара да бұған батпады.

Жаңбырмен күзгі кеудесін жуып,  
Айнымас жайсаң күйінен.  
Жамыраған желмен жапырақтың шуы,  
Органның кем бе үнінен.

Осындай өмір өткерген емен,  
Өлімге қалай қиясың?  
Бетховен сынды қайсар да керең,  
Шертеді симфониясын.

## Сексеуіл

Табанын құмға қарытып,  
Тереңге тартқан тамырын.  
Сексеуіл- абзал арысым,  
Өзімді сенен таныдым.

Күн қақтап төсін шілдеде,  
Кеудесін аптап қуырған.  
Жерлесім, екеумізге де,  
Бір ғана тағдыр бұйырған.

Жаз бойы сағым аунайтын,  
Қырлардан қиқу қайтардық.  
Табиғатымнан аумайтын,  
Бұйырған бізге қайсарлық.

Жығылсақ шөлден тізерлеп,  
Көтердік қайта еңсені.  
Бұл жерден бізді жібермес,  
Өсетін елдің өркені.

Ақ жалын жұтып өтеміз,  
Құм емес қызыл шоқ басып.  
Өшкен күнде де, өшеміз,  
Қыздырып ошақ, отбасын.

Өрмелеп шығып қыратқа,  
Балтырдан баттық шағылға.  
Жібермес жерден қуат бар,  
Тереңге тартқан тамырда.

Жұлқынып күзде өкпек жел,  
Құшсада қыстың бораны.  
Жеткізер сәлем көктемнен,  
Тоғысқан желдер торабы.

Аңызға жанып, қамшылап  
Кезерген ерні далада,  
Шөліккеп ішкен тамшыдан,  
Шәрбатың кетер садаға.

Сағымын силап көгілдір  
Бізге де көкпен күн күлген  
Ащысын татпай өмірдің,  
Тәттінің дәмін кім білген?

## Үміт

Біржолата өшіріп үмітімді,  
Жанарыңа жалғанның мұңы тұнды.  
Көңіліме орнатты қою, қара,  
Көзге түртсе көргісіз ұры түнді.

Көкке тиіп тұратын төбең кеше,  
Құлайды екен тамұққа төмендесе.  
Бір жұлдызын қимады айсыз аспан,  
Бір шырағын қимады өгей көше.

Қай мөлшерде құбыла байқамадым,  
Қою қараңғылықта шайқаламын.  
Тартылыссыз,  
Салмақсыз тұнжыраған,  
Тұңғиықтың тұтамын қай торабын.

Адасқанға,  
Кірпігін түнге малып,  
Бар екенін бір сәуле білген азық.  
Үміт отын іздеймін жанарыңнан,  
Бірде сөніп, тұратын бірде жанып.



## Толғау (Тәуелсіздік күніне)

Алдияр Ата-өр елім,  
Өршіп бір аққан өзенім.  
Ақының келді алдыңа,  
Өлеңмен өртеп өзегін.  
Ат жалы, түйе қомында  
Арманын құған ел едің.  
Егемен ел деп атанар,  
Келіп тұр бүгін кезеңің.

Отаршыл болса сұм тағдыр,  
Отаншыл әнді шырқар кім?  
Томаға жапты жанарын,  
Тордағы тұтқын сұңқардың.  
Жалына талай жығылдық,  
Тағы боп өскен тұлпардың.  
Келдің бе, Қызыр-даламнан,  
Иісі сіңген жусанның.

Еңсесі түсіп ердің де,  
Егілген шағын көрдің бе?  
Қуғынға түскен қайран тіл,  
Құрдымнан қайтып келдің бе?  
Қам көңіл болған қарттарды,  
Көтерейін деп келдің бе?  
Қаз басқан мынау жастарды,  
Жетелейін деп келдің бе?

Армандап өткен бабалар,  
Сұрапыл кешкен әкелер,  
Жесірлік шеккен шешелер,  
Сара бір жолды төсеген.  
Шапағатымен солардың,  
Көгерген шығар көсегем.  
Бағанды кейде білмесем,  
Балаңды мына кеше гөр!!!

Жиырма бірінші ғасыр басында,  
Арбасып түрлі тәсілдер.  
Әлемнің алып сахнасында  
Өтуде спектакілдер.

Декорация - сынақ алаңы,  
Даламның құзы, қиясы.  
Соғыстың сойқан драмалары,  
Саясат комедиясы.

Сахнада халық алмастырылып,  
Сомдайды дара тұлғаны.  
Қазағым отыр малдасты құрып,  
Рольден мақұрым қалып.

Жасағанына сиынып дара,  
Өткізген мүлгіп сағатын.  
Салмайды көзін сұлулыққа да,  
Әлемді сақтап қалатын.

Ханзада едің Ғұндардан қалған,  
Қасиет бойдан қашқан ба?  
Қарауды қойдың, жұлдызы жанған,  
Армандай анау аспанға.

Шексіздікті бір сүйінші көріп,  
Апарсың ғибрат ғаламнан.  
Әлемнің сансыз түйіршіктері,  
Тетігін тауып қаланған.

Сезбейді бірақ кереметтерді,  
Ұйқысын қазақ бұлдаған.  
Тұсынан түнгі көбелектердің,  
Өтеді жылдар мыңдаған.

Егемендік пен қандас бұрыннан,  
Жетседе елге азат күн.

Құлдық санамен заңдастырылған,  
Ұйқыда тілі қазақтың.

Қолында жаттың несібің қалып,  
Жете алмай елге сұранып.  
Қалың қазақтың есігін қағып,  
Міржақыптың жүр ұраны.

## Поэзия дейтін сұлу періште

Көре тұрып иіс алмас пендені,  
Тілінен-у, қан ағатын тісінен.  
Талай рет үнсіз қап ем... Ел мені  
Сөккен шығар мылқау ма деп ішінен.

Есесіне шабыт ойдың көзі боп,  
Іргемді ылғи аулақ салып өңгеден -  
Оңашада өзімменен өзім боп,  
Құдай құсап сөйлесуді жөн көрем.

Көп сөз келіп кептеледі көмейге,  
Бықсып жатқан жаһананы жағардай.  
Өмірімді бере саппын өлеңге,  
Сұлулықтан басқа түк те таба алмай.

Жалғыз екем көрсем әрі, бері ойлап,  
Ішім толы уайым мен берішке.  
Қалды менің қасымда тек қарайлап  
Поэзия дейтін сұлу періште.

Жас кезінде керілген бір керім -ді,  
Әппақ еді күн түспеген етіне.  
Ести-ести менің қайғы - шерімді,  
Оның-дағы әжім түсті бетіне.

Кетіп еді бетке алып бір белеңді,  
- Дүниенің шегін шарлап қайтам-деп.  
Оңашада айтқаныңды мен енді,  
Барлық адам баласына айтам -деп.

Жанталасып елді іздеген кім біздей,  
Өтіп жатыр жылдар, айлар, апталар.  
Періштені үйлеріне кіргізбей,  
Мелшиіп тұр құлыптаулы қақпалар.

Жалғыз көйлек киіп еді үстіне,  
Тоңды-ау, неге кіргізбейді ел ішке?  
Біреуіңнің көздеріңе түсті ме,  
Көше кезген сол бір мұңды періште?

Өзегімді өксік буып мен іштен,  
Өкінемін, көз жасым ғой осы өлең.  
...Жанарында жас мөлтілдеп періштем,  
Бара жатыр ессіз қалған көшемен!

Көп сөз келіп кептеледі көмейге,  
Бықсып жатқан жаһананы жағардай.  
Өмірімді неге бергем өлеңге,  
Сұлулықтан артық түк те таба алмай?

## Ешкіөлмес

О, дала!  
Лирамыздың гүл-гүл бағы!  
Біржан сал!  
Сара сұлу!  
Бұлбұлдары!

Лақтырып түнегіне нұр уыстап,  
Алашта Цицеронның туын ұстап.  
Ойланып-толғанып біз таба алмайтын,  
Жаһанға жақұт - жырды суырып сап, -

Ақындар сайрап кетті асқан ұлы,  
Ғасырдың ғажайып боп қас-қағымы.  
Ешкіөлмес - ел жиналған бауырына -  
Ерен бір поэзия патшалығы!

Бастан бір заман өткен сондай, көкем,  
Жиенқұл жетісіп не толғайды екен?!  
...Түксиген түрлі-түсті теледидар,  
Ешқашан Ешкіөлместей болмайды екен.

О, Муза!  
Лирамыздың гүл-гүл бағы!  
Біржан сал!  
Сара сұлу!  
Бұлбұлдары!

## Төр мен босаға

Жаныма жараспай бір пендешілік,  
Кетпедім елден қашып, көрге сіңіп.  
Хан тақтан тайған кезде ғұмыр кештім,  
Құл біткен босағадан төрге шығып.

Алаш та Абылайсыз күн көреді,  
Атам мен аталы сөз бірге өледі.  
...Сақалын жанарының жасы жапқан,  
Бұқар кеп оятады түнде мені.

"Қой -дейді-бұ заманды ұға ма адам,  
Білімсіз мыңды жалғыз жыға ма адам?  
Жауына төтеп берген атаң Қазақ,  
Дауына ағайынның шыдамаған.  
Тексізі төрге шығып, малдас құрып,  
Тектісі босағадан сығалаған..."

Көшті ме көші салт пен үрдісімнің,  
Керуенін сан ұзатып жыл құсының.  
Тектімді тырқыратып қуып шығып,  
Төрімді құлақ кесті құлға ұсындым!

Көппенен көңіл бірге, күйім егіз,  
Жүзінен шуақ көрсек сүйінеміз.  
Жалғанда құл билеген жаман екен,  
Дүрлігіп кете барды дүниеміз.

Жақсысын көздеріне ілмей халық  
Аяққа аяулысын жүндей ме алып?  
Отыр ғой ұлы құл боп, қызы күң боп,  
Құлға да құл керегін білмей қалып!

Құл емес оның дағы құр атағы,  
Кеудені керіп ұстау - күнә тағы.  
Тұрады құдай болсаң құртқысы кеп,  
Құл шіркін құлды ғана ұнатады...

Жаудан да шегінбеген, майдандасып,  
Өр жаным өмір бойы сайрандасын.  
Жарамай пұл болуға төмен түсті,  
Тумаған құл болуға қайран басым...

Осы ма қолда бары,  
Сол ма бәрі?!  
Көз жасым күнде неге сорғалады.  
Жақсылар не десе де көтерер ем,  
Жаманның қиын боп тұр қорлағаны.

Несіне мен жетісіп сайрап жүрмін,  
Қайда әлгі серілігім, сайран жылым?  
Тектілер дүр сілкініп төрге озғанда,  
Тексізбен өтесің-ау, қайран күнім!

Өзге емес өзімді - өзім мазақ етем,  
Ғаламның бір жұмбағы Қазақ екен;  
Төріне құлақ кесті құл шығарған,  
Ұлыстыңкөрген күні азап екен!

Жүргенше жүзім күйіп осы арада,  
Өлейін Төлегендей қос обада.  
Тәрдегі құлға барып ұстата сал,  
Басымды жатқан анау босағада!



Асан Қайғы іздері -  
Ата қазақ қонысы.  
Жер ұйығын іздеді,  
Алаш екен онысы.

Ақтамберді, Шалкиіз,  
Бұхар жырау, Қазтуған...  
Атам қазақ ұлдарын,  
Аз туса да-саз туған!

Көшуге ерен құлқы бар,  
Ұлылық бар ұлымда.  
Көсем болар ұл туар-  
Көшпенділер жұртында!

Мал -жанымның оты үшін,  
Шарла көшім, шалғында.  
Еуропа отырсын-  
Есігіңнің алдында!

Қайда көшсең-адаспан,  
Ерем саған қорланбай.  
Абай туған Алаштан,  
Алла туса болғандай!



Жырақтан бақыт күткен бе,  
Сағыныш құйып санама,  
Көктемде,  
Сабақ біткенде,  
Ұшты да кетті қалаға.

Махаббат маған дерт екті,  
Асқынып кетті бұл қайғым.  
Ғашықтар жәйлі ертекті,  
Егіліп тұрып тыңдаймын.

Жырларым, сақтал сен есте,  
Құшағын гүлге ашқызып,  
Қартайса сол қыз елестет,  
Елестет көзге жастығын.

Айт оған арман -назын да,  
Ақынның зарын айт оған;  
Мұндай жыр қайта жазылмас,  
Жаралмас ол да қайтадан.

Он сегіздегі жанымды,  
Жүргенде жанып берішке,  
"Жыр оқышы" -деп жалынды,  
Қиылып күллі періште.

Оқыдым көзге тұнып мұң,  
Тең келмес Күнің, Айың да,  
Арманы ақын жігіттің,  
Зағира ару жайында.

Күрсінді қыздар, әріден  
Түрткілеп ойлар не түрлі.  
Зағира бейне бәрінен,  
Бәрінен сұлу секілді.

Жас тұнған қара көздерін,  
Белгісіз бір мұң мекендеп.



Абай,  
Блок,  
Есенин...  
Ұлы ақындар!  
Жырларында менің де мұратым бар.  
Ұлы ақындар,-  
Аспанымда жұлдыз боп тұратындар,  
Күннің тілін, гүл тілін ұғатындар...

Өрлік оты ұшқындап көздеріңнен,  
Сөйлейсіңдер бір тілде өзге мүлдем.  
Ғасырларды  
Өздеріңмен өмірге бірге әкеліп,  
Бірге алып кеттіңдер  
Өздеріңмен...

Әр ғасырдың қалаған негіздерін,  
Ақындар мен ғасырлар егіздейін.  
Тозаң басып қалыпты-ау тегі іздерін,  
Кеткен ұшып келмеске, нені іздейін.  
Ғасырымен өмірге бірге келіп,  
Бірге кетті өмірден егіздейін.

Жырларымды қабыл ал,  
Мен де өзімді,  
Дәуірінің жетімі дегізбейін.

## Ғайыпта қалған ақындар

Сенбесең барып ашып қал;  
Аяулы сезім,  
Ақ арман -  
Бәрі де мұның, ғашықтар  
Жүректерінен жаралған!

Ғасырлар түнектерінен,  
Саралап көрші, мақұл ма?  
Ғашықтар жүректерінен,  
Жаралған, тіпті,  
Ақын да!

Сондықтан кейде қос ғашық,  
От жүректерін "тот" басып,  
Өмірге сәби әкелмей,  
Айрылып кетсе қоштасып...

Жер болып адал тілегім,  
Бозарып құрап гүл-өңім,  
Сендерді қайдам,  
Мен өзім,  
Қайғының кешем түнегін.

Жез болып алтын мұратым,  
Жанымның гүлі жанды-ау деп,  
Ғасырда бір рет туатын,  
Дүниеге мынау бір ақын -  
Азамат келмей қалды-ау деп.

Жүректі жүрген мазалап,  
Осы бір ойлар ғажап-ақ.  
Іздеймін сені әлемде,  
Тумаған Ақын -Азамат.

Көзімнің алды мұнартып,  
Есіме алсам мен сені,-  
Аспанды көрем еңселі.  
Мас адам құсап теңселіп,  
Іздеймін, жаным мен сені.

Бойыма жұмбақ күш қонып,  
Сағыныш сазын айтамын.  
Аспанға ұшсам құс болып,  
Онан да таппай қайтамын...

Сен жоқсың...  
Ғарыш мекені,  
Сол шығар жерің тұратын.  
Дүниеде бәрі жетеді,  
Жетпейді сендей бір ақын.

Жер болып алтын мұратым,  
Көзімнің жасы селдеді.  
Ғасырда бір рет туатын -  
Мың ақын... Сөйтіп келмеді!

## Жаһандар мен сапарлар

Мұнан гөрі періште едім ол кезде,  
Әлем нұры құйылатын қойкөзге.  
Күндіз-түні Одиссейді оқыдым,  
Түсіме де еніп жүрді сол кезбе.

Мөлдіреген көздерімнің жасымен,  
Сол кітапты мың жауып, мың ашып ем.  
Өзім нақақ болған соң ба, әйтеуір  
Пәк нәрсенің бәріне мен ғашық ем.

...Ауыл қалды сонау алыс белеңде,  
Менің жаным -  
Өмір жайлы өленде.  
Одиссейлер жөнелген сол жолменен,  
Сапар шектім Жиделіден -  
Өлеңге...

Жырым менің-арым, барым, балам да,  
Туған жерім жорып жүрме жаманға.  
Мен жырыма орап алып өзіңді,  
Алып барам ғаламға!

Намыстанбай көр мүлде;  
Парижің тұр,  
Римің тұр "өрмін-деп.  
Бәріне де барам туған жерімнің,  
Бәрінен де биіктігін көргім кеп.

Пәк тәнімді қорғап қарғыс, қорлықтан,  
Кешір мені орапмасам сол жұрттан.  
Ауылдарда туып ылғи ақындар,  
Париждерде өлетіні сондықтан!





Жамиғатты шомылдырып ойларға,  
Жырларымды оқыдым көп тойларда.  
Поэзия дейтін сұлу періште,  
Аруларды еліктірмей қойған ба?

Назды жырдай ақындардың мінезі,  
Арулардың жүрегінде түнеді.  
Ал біреулер мысқыл көзбен қарайды,  
-"Абай болам деп жүрген бұл кім өзі"

Мен құлын-тай, жаңа ұмтылған сөреге,  
Аспандағы алыптарға теңеме.  
Абайға да сенбегендер, бірақта,  
Қайдағы бір Қасымдарға сене ме?!

Олар кеуде керіп асқақ сөйлейді...  
"Жүре берсін, аспан асты кең, мейлі."  
Өзі пері болғаннан соң, пенделер,  
Періште бар дегенге де сенбейді.

Тағдыр жолы емес біздер күткендей,  
Ақырғы адым,  
Ақырғы дем біткенде, -  
Сенбей ерлік, сұлулық бар дегенге,  
Олар да өліп кетеді-ау түк көрмей!



## Жалғыз еді Робинзон Крузо...

Құны түскен қағаз ақша - банкілер,  
Күн түсті ме - қарақшыға қан тілер?!  
Ентелейді егінжайдың үстінде -  
Танкілер!!!

Комбайын жоқ ... шіріп жатыр егінім,  
Маған қарап жаутаңдайсың неге, ұлым?  
Жердің бетін қырғын соғыс жаулады,  
Киеміз бе солдаттардың кебінін?!

Қара жерде қаптап кетті мүскіндер.  
Сұлулық не?  
О, Сұлулық түс, мүлде,  
Аруларым аярлана қарайды -  
Төнін жапқан лыпы да жоқ үстінде...

Жалғыз еркек тумады ма жау алар,  
Кім бар енді жан жарасын дауалар?  
Тас дәуірі күтіп тұр ма тағы да,  
Тыр жалаңаш Адам Ата -Хауалар?!!!

Адыра қап адалдығың, пәктігің,  
Жұрт жабайы - жаралғандай тап бүгін.  
Махаббатпен майдандасып жүр әне,  
"Секс" деген жауынгері нәпсінің.

Ашылған соң арамзаның араны,  
Басымызға күн туды ма, қаралы?  
Жалғыз еді Робинзон Крузо,  
Қаптап жүрген... мынау кімнің аралы?!!!

## Ағалар туралы арман

Өшкенің бе тағы да өрелі өлең -  
Ездік пенен ерлікті төрелеген?  
"Сен" деген соң тағдырым, сене берем...  
Ақ жаңбыры секілді Алматының,  
Кеше ғана айрылдық Төлегеннен...  
Өшкенің бе тағы да өрелі өлең?!

Қайсың барсың жұбатар мені демеп?  
Кеше ғана осылай еңіреп ек.  
Аққан жұлдыз аз ба еді аспанымнан,  
Бұл жұлдыздың сәулесі,  
жөні бөлек!..

Мекендеген жұлдыздар жарық көкті,  
Жаһанаға өзінше жарық төкті.  
Мынау жұлдыз жарқырап тұрды дағы,  
Жүрегіме ағып кеп...  
жанып кетті!

Жанған-ды ол Чилидің түнегінде,  
Жанған-ды ол осынау гүл-өңірде.  
Жарық жұлдыз маңының бәрі жарық,  
Әлі жанып жатыр ғой жүрегімде.

"Көн" деген соң тағдырым - көне берем...  
Кеше ғана айрылдық Төлегеннен.  
О, сұмдық-ай, авторсыз қалғаны ма  
"Чили шуағым менің"-деген өлең?

Әлі, әлі Чилиде қан ағуда,  
Сантьяго сусауда сара жырға.  
Тағы міне табытта жатыр Ақын  
Нұрыөшкен жанарында.

Неруданың жыры тұр есігінде,  
Жанталасар жендеттер өшіруге...  
"Хақымыз жоқ сұмдықты кешіруге!"-  
Деген ақын жоқ бүгін,  
Чилиде оның,  
Естіген жоқ ешкім де есімін де...

Жендет оғы төбеден атылғанда,  
Сол болатын күреске шақырған да,  
Қыздарыңды теңеген аққуларға,  
Ұлдарыңды теңеген батырларға!  
Шабыт берді ол қаншама ақындарға,

Сол қызумен мен дағы жазғам өлең,  
Жан қызуым өшкенше маздап өлем!!!

Ақталды ма кім білсін жалынды үміт?  
Ғафу еткін халайық жанымды ұғып,  
Еліктесем алдыңғы ақындарға,-  
Алмай қоймас алыптар бағындырып!

Күл кітаптар...  
Иісі мұқабаның...  
Шынжыр табан танктер...  
Жұтаған үй...  
Содан бері  
Неруда, Чили десе,  
Көз алдыма келеді Мұқағали!

Көргің келмей дүниенің қанды жасын,  
Ақын болсаң -  
Аспанды қаңғырасың...  
Жанып кеттің бе екенсің,  
Өрт біткенге,  
Қанатымен су сепкен қарлығашым?

Елең қылмай ездердің өсегін де,  
Бір адамның қайтармай меселін де -  
Кеше ғана жүр еді осы өмірде.  
Маяковскиге ұқсайтын сом тұлғасы,  
Мінез құлқы ұқсайтын Есенинге...

Үлгермедім қонаққа шақыруға,  
Қарыздар боп қалдым сол ақын ұлға.  
Планетаға тұратын Есениндер,  
Ол да ұшып кетіпті ақырында.

Қалғаны шын бір орын тола алмайтын,  
Жұмбақ жүрек тезірек болар ма айқын?  
Сағынады сендерді қаншама ұрпақ,  
Ғарышкерлер, мәңгілік оралмайтын.

Кездерімде аңсаған, қажет көрген  
Келмейді ол.  
Келем деп мәз еткен мен...  
Анда-санда  
Өзінен аумай қалған,  
Өлеңдерін көреміз газеттерден.

Алыс біздің арамыз.  
Егістікті,  
Орман, тауды, даланы тегіс тіпті -  
Шарлап-шарлап Лирика жетер бізге,  
Талақ етіп Уақыт пен Кеңістікті.

Кейде достар қонаққа шақырады,  
Айтылады жастардың нөпір әні.  
Елдің жыры сондайда елеусіз қап  
Соның ғана жырлары оқылады.

Ешқашан да дәл бұлай өзгермеген,  
Ұшқындаған мен сонда көздер көрем.  
Кейбіреулер сондай пәк жүректерді,  
Шалықтырды-ау шалағай сөздерменен.

Сондай кезде жанымды азап көмген,  
Аңсау, асқақ жырларды қажет көрген,  
Киоскаға жетемін,  
Оның жыры  
Көрінбейді ешқандай газеттерден...

## Даланың жыры

Даланың жыры -  
Қырандар қанатынан қайрылған  
Дауылдар туралы жыр.  
Тым ерте жастығынан айрылған  
Арулар туралы жыр.

Даланың жыры -  
Күні жоқ қан түсіне боянбаған  
Бесіндер туралы жыр.  
Махаббат уызына тоя алмаған,  
Жесірлер туралы жыр.

Даланың жыры -  
Аңыз бен ақиқатқа куә қылған,  
Ертектер туралы жыр.  
Намысы қызыл қанға суарылған  
Еркектер туралы жыр.

Даланың жыры -  
Құлазып қалған жайлаулар,  
Қоныстар туралы жыр.  
Каторгалар мен айдаулар,  
Соғыстар туралы жыр.

Даланың жыры -  
Дананың жыры,  
Шапағат туралы жыр.

Даланың жыры -  
Ананың жыры  
Махаббат туралы жыр.

Даланың жыры -  
Ғасырлар жиһанкезі - көштер,

Ғұламалар туралы жыр.  
Бухенвальдтағы крематори-пештер,  
Құмдағы мұнаралар туралы жыр.

Даланың жыры -  
Дәуірдің әсемдік дархан үні,  
Әйел туралы жыр,  
Жалғасып жатқан Ұлы қан тамыры,  
Әлем туралы жыр!



## Шатастырма.

Шатастырма,  
Сенсіз де әлем шатасқан.  
Мен жарықты бөліп алам - қапастан.

Тірі болсам бөлем мен;  
Су татитын өлеңді  
Қан татитын өлеңнен.

Шатастырма сауатсыздар, сайқалдар;  
Данте деген -  
Дантес емес,  
Байқаңдар!

## Тост

Махаббаттың тойларында,  
От жарқылдап көздерден.  
Көтеріміз тостарды  
Ең әдемі сөздермен.

Құрақ ұшқан -  
Қуаныштан  
                    Сонсоң әбден қызып ап,  
Той қызығын жүреміз кіл, бұзып ап...

Жер бетіне жазып жатқан  
Махаббаттың дастанын.  
Каза үшін күйетұғын,  
Қуануды сүйетұғын

Менің замандастарым!

Бір тост үшін мен сендерге сөз берем.

Төгіп алмай  
Рюмкені сақ ұстап,  
Көтеріңдер -  
Мына Әлемнің саулығына бағыштап!  
Құақ ұшқан -  
Қуаныштан қызып ап.  
Шырқын оның жүрмеңіздер бұзып ап!

## Memento mori\*

Ұмытшақпыз біз,  
Ұмытшақпыз, ия, өте біз.  
Кемелдікті де,  
Кедейлікті де тез ұмытып кетеміз.

Түсінбей тұғын түгі жоқ, достым,  
Дұрыс ұқ,  
Өлімді-дағы кетеміз кейде ұмытып.

Бәрі де соның білмегендіктен бе,  
Зердеге әлде түймегендіктен бе  
Немене?!!  
Ұмытылды соғыс...  
Отына оның күймегендіктен бе,  
Немене?!!

О, адамдар өр кеуде,  
Мен ыза болам сендерге.

Ақымақтарды -  
Автомобиль апаттарынан,  
Өлімтіктерді-  
Өрттердің шатақтарынан,  
Керсоқырларды -  
Өмірдің қысқалығынан,  
Кеудемсоқтарды -  
Өлімнің ұсталығынан,  
Сақтандырамын деп, шерменде,  
Мен ыза болам сендерге.

Түсінбейтұғын түгі жоқ, достым,  
Дұрыс ұқ,  
Өлімді-дағы кетеміз жиі ұмытып!

Memento mori \лат.\ - өлім барын ұмытпа.

## О, ізгілік

Біреу сені құрып кетті десе де,  
Күнде маған кездесесің көшеде.

Бір-біріне ұқсамайтын  
Қалалардан көрдім мен.  
Бір-біріне ұқсамайтын  
Далалардан көрдім мен.

Көрдім сені көсемдердің көзінен,  
Көрдім сені шешендердің сөзінен.

О, Ізгілік! Өлеңімнің көрегі!  
Сен тіріде-Мен де биік, өр едім.  
Сен жүрмейтін құрлық бар ма жаһанда?  
Сені біреу түрмеден де көреді!...

О, Ізгілік!  
Өлеңімнің көрегі!

## Қанжар туралы ода

Сенсің, қанжар, көз жасты тамызған да,  
Сенсің, қанжар, көл-қанды ағызған да,  
Өр намыстың кайраулы қаһарынан от шашып  
Сенің жалын жүзіңде серттесетін қос ғашық,  
Көрінбейтін көзіңе тәңіріндей Айбардың,  
Сен жүресің ертегі - аңыздарда тот басып...

Пақырлардың түспеген сауырына, беліне,  
Батыр көрген қанжардың тамашасын,  
жанжалын.

Төтеп берген тағдырдың дауылына еңіреп,  
Тау ұлына ғана сен жарасасың, қанжарым.  
Жарасасың, Расулдай бауырыма!

Жарқылдаған жүздерің, жалтылдаған от едің,  
Алтынға да қимаған халқың - данаң, 0, перім.  
Ұнайды осы үрейлі қалпың маған.  
От едің сен,  
Алаулап қызып жатып қынында,  
Опасыздың қанында салқыпдаған от едің.

Сені аңыз қылады Дағыстан да, түмен де,  
Арқау етіп айтады гректер де жырға көп.  
Күнәхар мен кінәсіз алысқанда дуэльде,  
Қадалған соң күнәхар жүректерге, ырза боп!  
Сенің сәулең бөлек тұр түнектерде Муза боп!

Өтті бәрі... Біткен жоқ жанжал, егес, есірік,  
Заман емес өлшейтін пақырлықты - күлкілі.  
Адамды адам аямай, қанжар емес, өшігіп,  
Пышақпен де өлтіріп жатыр тіпті бұл күні.

Аңызда сен қаһарлы сара жырсың арналы,  
Құдіретті ертектің құлақтағы.  
Расулдың жырында ғана жүрсің, қанжарым.  
Қырғын әлі біткен жоқ бірақ-тағы.  
Ағып жатыр аспанның шырақтары!

О, Зұлымдық!

Жауыздық!

Өшпенділік!

Қалса да артта ғасырдың қанды асуы, белдері,  
Аспанды да тұр әне сескендіріп,  
Адамменен адамның арбасуы жердегі!..

Уа! Қашан бітер бұл жанжал, егес, есірік,  
Алдық сатып алтынға пақырлықты - күлкілі;  
Адамды адам аямай қанжар емес, өшігіп,  
Бомбамен де өлтіріп жатыр тіпті бұл күні!

Сендер қанжар, тарихта қаласыңдар алау-жыр!  
Музейлерде сақтаймын, сәулесіндей сананың.  
Бірақ...

Нагасаки дейтұғын баласы бар сал - ауру,  
Хиросима дейтұғын жарасы бар -  
Жазылмайтын мәңгілік, тәнінде

Жер -Ананың!

Түндер сайын елжіреп ет жүрегім,  
Бұрқанады кеудемде отты лебім.  
Мен өмірде көп елден аз ұйықтадым,  
Көп ұйқымды жыр ұрлап кетті менің.

Маңдай терден мұндайда мақтан да өзге  
Бір жасадым -  
Сарсылып тапқан сөзге.  
Талай әсем жырларды өлтірдім-ау -  
Дейсің кейде-  
Ұйқыдажатқан кезде.

Сенші достым, мазалап пендесырап,  
Мен ақтала сөйлесем елге жылап.  
Жер бетінде зұлымдық жасалғанда,  
Ұйқтап жатып ем -десем  
Сенбе бірақ!!!

Көздеріне Аналар жас алғанда,  
Күлгендерге қаспыз біз қашаннан да.  
Ешкім ұйқтап жатуға тиіс емес -  
Жер бетінде зұлымдық жасалғанда!

Ешкім күймей қалуға тиіс емес,  
Ешкім білмей қалуға тиіс емес -  
Жер бетінде зұлымдық жасалғанда!



Аңғармаймыз ісіміз түсті кімге,  
Түсінбей де қаламыз түкті мүлде.  
Кейде жалын жатады аласұрып,  
Моп-момақан мінездің түкпірінде.

Өкпе бар-ау, қайран дос, қабағыңда,  
Мені сатқын шынымен санадың ба?  
Өз қолыңмен жазала,  
Өтінемін,  
Дұшпанымның алдында таба қылма.

Жанартау бар ерлердің мінезінде.  
Азуыңды ашуға біледің бе?...  
Ақтарып сал ызаңды,  
Тек зұлымдық,  
Бұғып қалып жүрмесін жүрегінде!



## Конвертор пешінің алдында

Әуел баста әлем оттан жаралған,  
Күн - аманат жалын құшқан заманнан.  
Неге үңгірде От-Анаға табынды?,  
Бұл сиқырды сұрап білгін бабамнан.

Тылсым күштің құдіретін көр сезіп,  
Бекер бұны дәріптемес ел сеніп.  
Сол алғашқы оттың құйттай ұшқыны,  
Конверторда жатыр әне өртеніп.

Бағы жанған еңбек осы,  
Сен мүлде,  
Бұл ұшқынды жанарыңнан сөндірме.  
Жалын жатыр болатшының қанында,  
Жалын жатыр жүрегінде жердің де.

Бар тіршілік оттан туған,  
жарығым,  
Адам - алып ыстығымен қанының.  
Өмір қараң қалар еді, жүректер  
Сақтамаса махаббаттың жалынын.

## Түйсік

Оқып,  
Тоқып,  
Білімін көп өсірген,  
Көрдік талай ғалымды төбесінген.  
Көпті көрген көне көз ғұламалар,  
"Өтіп барам түк білмей"-деп өкінген.

Құйып алған жадына заң, жарғыны,  
Ақиқаттың жаттанды арзан құны.  
Билеріңді тіреген тығырыққа,  
Қожекеңніңәпенди-аңғалдығы.

Жатпаса да ілімді айлап тізіп,  
Миығының астынан жайлап күліп,  
Алпыс екі айлалы Люциферді,  
Алдар атаң алады жайдақ мініп.

Данышпандық ғалымға қонса дағы,  
Қарапайым тірліктің мол сабағы.  
Сондықтан да,  
Аяз би әлін біліп,  
Түйсігімен құмырсқа жол табады.

## Омыртқа

Достарым, жайсаңдарым жалғандағы,  
Түн қатып түзде қиқу салғандарым.  
Төріме баса көктеп шығыңдаршы,  
Көз тоймас көкжал бөрі, тарландарым.

Қыран көзбен бір шолып көш көлемін,  
Асыра айтып жақсысын өскен елім.  
Қоңыраудай көмейді күмбірлетіп  
Бөсіп бір сөйлеңдерші бөспелерім.

Қызыл сөзді көндіріп ырқымызға  
Балта батпай май жұққан мұртымызға,  
Бірімізді біріміз мақтайықшы  
Дұшпанымыз түңілсін сыртымыздан.

Біз мақтансақ жанарда айдын күліп,  
Бетпердесін түсірер айдыңжүзі.  
Пәтер біткен біздегі - патша сарай.  
Қатын біткен шетінен ханның қызы.

Ысырып тастап тірліктің сергелдеңін,  
Жақсы болды-аубәріңнің келгендерің.  
Күлше піскен осынау демдеріңнен,  
Кеңейіп сала берді-ау бөлмем менін.

Өміржалғыз, өткінші; соны ұққаның,  
Дүбірлеп қал жүректей толық қаны.  
Бүгіндебірармансызсілтейікші,  
Бөліпжеп алдыңдағы омыртқаны.

## Абыз

Абыз отыр, ой қалың,  
ірге мықты,  
Немересі ермегі күнделікті.  
Кенет есік қағылды, жұмсады қарт,  
-Баршы балам, сұрашы, кім келіпті,

Қонақ десе халықпыз құрақ ұшқан,  
Немересі шарқ ұрып қуаныштан,  
Атасына жеткізді жақсы хабар.  
-"Бақыт" кепті сізді іздеп ту алыстан.

Қарт күрсінді.  
-Шынымен келгені ме,  
Ғасыр бойы ел куә еңбегіме.  
Рахмет,  
Жолықсын кейінгіге,  
Мен ризамын өмірде көргеніме.

Абыз үнсіз.  
Ой қалың, ірге мықты,  
Немересі қасында күнделікті.  
Тағыда есік қағылды, жұмсады қарт,  
-Баршы балам, сұрашы, кім келіпті.

Тағы қонақ, оң қабақ тартады анық,  
Жақсылық бұл, біледі барша халық.  
Немересі жеткізді жылы хабар,  
-"Байлық келіп тұр екен, қарсы алайық.

Қарт күрсінді.  
-Бір ғасыр сенделіп мен,  
Ортақ болдым байлыққа елге біткен.



Ұлы көшке ілестім жолға шығып,  
 Бұл тағдырдың тәлкегін болмас ұғып.  
 Сарбазы боп соңына еріп кеттім,  
 Поэзия дейтұғын қолбасының.

Поэзия - баһадүр, алып тұлғаң,  
 Ақиқатпен алғашқы таныстырған.  
 Сезетінім осы бір сөз патшасы,  
 Мыңмен жалғыз Абайды алыстырған.

Бұйым емес ол үшін жиған мүлік,  
 Бар байлығы Ар, Намыс, Имандылық.  
 Тезге салып тәртіпке үйретеді,  
 Топастардан тұрсын деп тұлғаң биік.

Шуағына жарымай таза күннің,  
 Қабылдадым тағдырдың азабын мың,  
 Бірін бірі әлі де талап жүрген,  
 Оята алмай түйсігін қазағымның.

Санам содан шарқ ұрып сабылуда,  
 Жарлығына тиіспін бағынуға.  
 Кесірлердің кеудесін тоқтатуға,  
 Шырт ұйқыдан көтерді шабуылға.

Арайлап бір атпады дұрыс таңым,  
 Алтыбақан ала ауыз туыстарым.  
 Жаралады жанымды аярлықтың,  
 Тұтқиылдан тап берген қылыштары.

Сардар-намыс шақырып алға тағы,  
 Жанарыңнан ыстық жас парлатады.  
 Жеткізе алмай тобырға айтарыңды,  
 Ой дертіне Сөз дерті жалғасады.

Төзіп бақтым, сары алтын сабыр түбі,  
Қанатымның қаусады қауырсыны.  
Аят күтіп өткізген кірпік ілмей,  
Ақын үшін әрбір түн - Қадыр түні.

Болмаса да қоғамға түк керегі,  
Аталы сез айнымай түске енеді.  
Енді өмірге келмейді пайғамбарлар,  
Ақындарға парызы жүктеледі.

\*\*\*

Арбаудан астын әлемнің,  
Қанады қашан құмары.  
Тістері сұлу әйелдің,  
Күлкісі келіп тұрады.

Сезімің салған бүліктің,  
Белгісіз немен тынары.  
Күлкіге қалған жігіттің,  
Жылағысы кеп тұрады.





Бақытты жан көрдіңдер ме жалғанда,  
Басыбайлы қолы жеткен арманға?  
Жаны жүдеп жүрген мына қалықтан,  
Жеке дара бақыт қонған жан бар ма?

Қалық азса  
Бақыт емес тақ та аса,  
Бақыттылар ел мүддесін таптаса.  
Бақытты боп қала ала ма сол пенде,  
Қайғының да кермек дәмін татпаса?

Бұл сұрақтан мен де талай тосылдым,  
Ой толғасам килігеді тосын мұң.  
Бақыт па екен, бас айналып бақыттан"  
Байқамасаң қасіретін досыңның?!"

## Көл

Боз биенің сүтіндей айдын мына,  
Шәйіп алар шомылсаң қайғыңды да.  
Сәл қысылып етегін көтереді,  
Балтырынан су кешкен шалғын бұла,

Бозғылт түнде,  
Ақ жүзі солғанда Айдың,  
Көлдi көрiп көзайым болғандаймын.  
Тамып түскен Тәңiрдiң пейiлiне,  
Үнсiз ғана үңiлем, қозғалмаймын,

Ұйқыдағы тылсымға Ай арбалып,  
Телмiредi ақ жүзi арайланып.  
Құпиясын әлемнiң құйя салған,  
Кесесi ғой Жәмiштiң шарайналы.

Қандай ғажап,  
Сиқырда аласұрып,  
Су перiсi қызойнақ салатыны.  
Жанарында Кейуана-табиғаттың,  
Мөлдiреген Сезiмнiң қарашығы.

Иңкәр жүрек толқып тұр, iркiп менi,  
Көл тынысын Қорқыт-түн үркiтпедi.  
Мойыл тамшы тамызып тұңғиыққа,  
Сап дiр еттi құба тал - кiрпiктерi.

О, Тәңiрiм!  
Ендiм бе ертегiге,  
Су перiсi сиқыр саз шертедi ме?  
Алты қаз ба айдында,  
Аққу-қыз ба,  
Ақ қауырсын байлаған желкенiне.?

Ақ тұманның оранып көрпесіне,  
Перизат па шомылған ертесіне.  
Қауырсынын сыпырып аққу-пері,  
Ару қыз боп шығардай көл шетіне.

Есуастың дауа боп кеселіне,  
Бақ па,  
Сор ма,  
Маңдайға көшеді ме?  
Ақан болып кеттім бе?  
Жанардан жас,  
Пері қыздың тамады етегіне.

## Жиделі

Жағасы жұмақ іленің арғы жағының,  
Киелі жерде Жампоздың қалды ма жүгі?  
Тораңғыл анау тоқтаған жеке батырдай,  
Сәл ғана тежеп тізгінін арғымағының.

Астында түкті кілемнің атырап қалып,  
Жасыл желекті жұпар жел жатыр ақтарып.  
Шымшық үніне қосылып сыңғырласады,  
Күмістен құйған жиденің жапырақтары.

Сайларды кезіп Ебінің желөкпе желі,  
Жыңғылдың шашын тарайды өбектеп өбіп.  
Көлбейді қызыл қауырсын қырғауылдары,  
Түбінен әрбір бұтаның көжектер өріп.

Шипалы шөпті жүгірсең жарыса басып,  
Оқулықтарға енбеген дәріс аласың.  
Табиғат - Тәуіп қарсы алып, алдына сенің,  
Жаяды дархан даланың дәріханасын.

Алдыңнан шығып балауса бау сағымданып,  
Сәмбі тал суға тұрады саусағын малып.  
Арғымақтары тұнықтан жүзіп ішетін,  
Жұтсаң ғой шіркін Іленің кәусарын қанып.

Көктемде жиде гүлдейді өлкемде менің.  
Қырмызы гүлдің қызықтап өркендегенін,  
Қалалық ару, қайтейін, қасымда жоқсың,  
Қазақбай шалдың мекенін көрсең деп едім.

Шабытты шағым елдегі жырақта қалып,  
Біз дағы туған өлкеге тұрақтамадық.  
Кешер ме мені мекені періштелердің,  
Жиденің иісін сағынсам жұмаққа барып.

Өтті біздің ауылда жиде гүлдеп,  
Мен бір бейбақ өткенді жүрген іздеп.  
Тобылғыдай торы қыз, томаға көз ,  
Бұйырмапты жарасу бірге бізбен.

Біз жүрген із сондағы соқпақ мына,  
Әлде нені еске алып тоқтап тұрам.  
Неге сонша қарайсың пайыз торғай,  
Өткен өмір сені де жоқтатты ма?

Маңғазданып, қанатын жәйіп қана,  
Қариядай қарайсың айыптаған.  
Жиделіге жиырма жыл оралмадым,  
Қандай жаза шынында лайық маған.

Тобылғы - қыз қоштасты дәл бесінде,  
Тамшы тұрды кірпіктің пердесінде.  
Жасты желге кептіріп кете бардым,  
Жиде шаштың жұпары қалды есімде.

Көне соқпақ сол күнгі жатыр әлі,  
Ізімізді еспе құм жасырады.  
Куәгерлер, топ жиде әлі тірі,  
Парақтайды жел ғана жапырағын.

Асығып ем арнама қосылардай,  
Күдік кірді бір құрдас тосып алмай.  
Ашщы арағын құйятын Бейқұтта жоқ,  
Көзтаныстан қалғаны осы торғай.

Жалғыз қалған жүрекке сенеді кім,  
Сәлден кейін батыста сөнеді күн.  
"Шық-шық" етіп шеңгелде бармақтай құс,  
Жариялап қояды төрелігін.

## Ардагерлер /поэма/

Ардагерлер...  
Аталар...  
Әкелерім...  
Аруағын аялап, мәпеледім.  
Болса егер жүлдесі замананың,  
Ең әуелі соларға әперемін!

Олар - Тарих.  
Көктегі Ата қыран!  
Ақ патша да сескенген атағынан.  
Жұматай мен Төлепбай,  
Иманбайлар,  
Ата қыран...  
Сүйейін сақалынан!

Қалам әлсіз.  
Бәріңді атамасам,  
Мүсініңді кеше гөр қашамасам.  
Ауыл Совет - Кеңестің қазығында,  
Атан жүгін көтерген Атан атам.

Әкем Ботан көрсетіп алыптығын,  
\Боран орап кеудесін қарыпты күн\  
"Қырық нар қамыс" үйдіріп,  
Аталарға  
Пирамида тұрғызған жарықтығым.

Аңыз болып тарихта қалды бәрі,  
"Өлді" деген - өңездің сандырағы!  
Болашаққа жосылтып бара жатыр,  
Ауыздықпен алысып арғымағы.

Жұматай Иманбаев,  
Төлепбай Көшербаев,  
Иманбай Жанғабылов  
"Үсіпов Атан - Жиделіде Кеңес үкіметін құрушылар.

Революция - мұраты, жан алауы,  
Отқа кіріп.., өртеніп барады әні.  
XX-шы ғасырдың әкесі олар,  
17-ші жылдардың балалары...

Ақ патшаның ада боп азаптары,  
Октябрдің атқанда "азат таңы",  
"Кіші Революциямен" шайқасыпты,  
Отызыншы жылдардың қазақтары.

Олар тірі,  
Он сегіз... он тоғызда,  
Ескіліктің шығарған тоз-тозында.  
Олар тірі!  
Іздері сайрап жатыр,  
Жетісуда,  
Жиделі совхозында...

Асқақ еді Алатау сынды арманы,  
Әлі есімде күреспен шыңдалғаны.  
Аудан орталығы да Жиделі еді,  
30-ыншы ойранды жылдардағы...

Өткен олар қатерлі қақпалардан.  
Елге тірек болды деп мақтана алам.  
Сұмырайлар жаласын жапса дағы,  
Ар алдында өздерін ақтап алған.

Талай сәттер болды ғой ел ұялар,  
Ұрпақ бәрін жаһанға жариялар.  
Енді оларға жаласын жаба алмайды,  
Зымиян Бериялар!

Жаба алмайды жаласын!  
Ата қыран  
Келеді ұшып! Айналдым қаһарынан!  
Маолардың қаңқуы, кәуесеті,  
Шалдарымның келмейді бақайынан!

Олар муза.  
Серік боп арманменен,  
Жолдас болған сан тұлға, тарланменен.  
Патшаны да тағынан жұлып алған,  
Байқап сөйлес сен біздің шалдарменен!

Сілкінгенде күрес пен жапан далам,  
Имановтар үйінде жата алмаған.  
Әлібилер - елшілер сапарлаған...  
Өуезовтар шешендер мақалдаған...  
Қапталынан қысқанда қатал заман,  
Социализм дейтұғын самолетке  
Феодализм дейтұғын ат-арбадан -  
Олар бірақ аттаған қаһарлы адам!

Көз ұшында Болашақ көрінгенде  
Дәуірлерден -

дәуірлерге;

Жұмақтағы қақпалар ашылғанда  
Ғасырлардан -

Ғасырларға

Олар бірақ аттаған!

Арынды әлі!

Көз алдымда дидары, жадымда әні.  
Олар бірақ аттаған! Жолдас, Тарих,  
Неткен алып солардың адымдары!

Батыр халық!

Жеңімпаз!

Дархан халық!

Құл боп өмір сүрмеген арқандалып.

41-дегі қаһарман әкелерді,

Фильмдерден көресің аң-таң қалып!

Отырғам жоқ сөзімді шығындап құр,  
Жас іркіліп көмейді тығындап тұр.  
Алапатқа аттанған әкелерді,  
Еске аламыз арқамыз шымырлап бір.



Ғұн ұрпағы бұзбаған ғұрыптарды,  
Бақанастан аттанды үміт, қайғы.  
Өксікбай мен Қанатбек, Шілдебайлар,  
Ата тарих ешбірін ұмытпайды.

Әкелер-ай!  
Бейнелер түсімдегі,  
Пішіндері бөлек-ті, мүсіндері.  
Айдаһардың азулы тісіндегі,  
Алас ұрған өрттердің ішіндегі!.  
Өзі түсіп кетсе де жаһаннамға,  
Жиделіге бір бомба түсірмеді.

Жеңіс қана айналып арманына,  
Үміт артқан ел еді ардағына.  
Отан үшін оққа ұшқан, отқа түскен,  
Шаң жуытпан жеңімпаз шалдарыма!

Экипаж деп кәдімгі қатардағы,  
Есімдері 60 жыл аталмады.  
Ұлы Отан соғысының-  
Гастелло емес,  
Бақтыораз-  
Бірінші қаһарманы.

Жаудың шебін үн-түнсіз талқандаған,  
Тылға барып,  
Талай "тіл" арқандаған.  
Түн тынысын сезетін далалықтар,  
Разведкада алдына жан салмаған.

Бүгін оны жатпайды әркім танып,  
Төгілер деп кім білген қан мұншалық\.

\*Өксікбай Исабаев,  
Қанатбек Аяшев,  
Шілдебай Бұқатов- Ұлы Отан соғысының ардагерлері.



Ұрпақтарым!

Тарихқа жетіктерім!  
Арманымды Аманат етіп менің -  
Ғасыр сайын кремдеп сақтаңыздар,  
41-інші жылдардың етіктерін.

Тарихтыңда бар бетін арнаңыздар,  
Мұражайда ғұмырын жалғаңыздар.  
Абайсызда оқ тескен шинельдердің,  
Бір түймесін жоғалтып алмаңыздар!



## Ана тілім

Менің тілім, ғасырлар мүсіндеген,  
Көк түрікпен тілдесем түсімде мен.  
Көмейінен жыраудың көрінеді,  
Көне дәуір, жүрегі лүпілдеген.

Адам-Атам пейіштен шашақ терген,  
Ұрпағына бұйырды атақ төрден.  
Менің тілім емес пе,  
Атамыздың  
Есімін де "Адам" деп атап берген.

Ана тілім,  
Үстінде жер кеменің,  
Ана сүтпен өзіңді емген елім.  
Тарихшылар білмейді, заманында  
Сақтар менің тілімде сөйлегенін.

Біте қайнап, бірге өскен Түркіменен,  
Ұранында ғұндардың күркіреген.  
Корқыт болып Оғызда күңіреніп,  
Майқы бидің қосында бір түнеген.

Санамызға сіңіскен, ділімізбен,  
Табиғаттың сабақтас тіні бізбен.  
Жаңбыр селі,  
Жел демі,  
Күн шуағы,  
Жусан иісі аңқиды тілімізден.

Осы тілде ұрпағы қара танып,  
Пайғамбармен тілдескен дана шалы.  
Сөз атасын сыйлаған қалық ертең,  
Ауызына әлемді қаратады.

## Табыну

Түнекте жанған Тәңірдің Көзі,  
Аспанның алып гауһары.  
Санамда Құран-Кәрімнің сөзі,  
Сарқылмас ойдың кәусары -

-КҮН -

- Пайғамбары кезегендердің,  
Кіндігі түпсіз ғаламның.  
Шапағатыңа бөлеген жердің,  
Бір түйіршігі-адаммын.

Алақанымды Күнге тосып ем,  
Батаңды сұрап Ғұн -Бабам.  
Дірілін тәннің ділге қосып ем,  
Болсын деп діндес бұл ғалам.

Өзіңнен туған Алашың едім,  
Қолымды созам құрдымнан.  
Жалғанның жарып қара түнегін,  
Жүрегім мынау шыңғырған.

Көк бөрілерді қасиет тұтқан,  
Түркінің текті ұлымын.  
Қазақ болам деп қасірет жұтқан,  
Тәңірдің тәнті құлымын.

Отпенен,  
Сумен аласталғанмын.  
Жармасып түйе қомына,  
Бірі едім жерде адасқандардың,  
Саға көр тура жолыңа.

Бабалар басқан жерде түнедім,  
Қастерлеп көктің киесін.

Өзіңнен ғана жәрдем тіледім  
Қиямет күннің Иесі.\*

Ұйқысыз өткен Қадыр түндерім,  
Күрмеуі қашқан қысқа жіп  
Батагәй бабам - кәміл пірлерім  
Дуғасын етсін мұстажып.

Құдіретіңе құлдық ұрамын,  
Жебей көр мені Ғұн-Бабам  
...Жетпейтін зарың,  
Құрдымы қалың,  
Түнеріптүпсізтұрғалам...

Төнеді көктен Тәңірдің Көзі,  
Алып гауһарға ұқсаған  
Санамда Құран-Кәрімнің сөзі,-  
Сәбидей тілі шықпаған.

\*"Фатиха" сүресінен.

Алпыстан мынау асқаным,  
Алысты көре бастадым.

Ұлылар жайлап басымды,  
Ұсақты көзден жасырды.  
Алыпты көрем алыстан,  
Көрмеймін бірақ жақынды.



## Домбыра

Үкінің балақ жүнін тағынып бір,  
Домбыра әлде кімді сағынып тұр.  
Қу тақтай құлан дауыс күңіреніп,  
Самал жүр шанағында сабылып құр.

Сағынып саусақтарын Ғазизаның,  
Тұр мүлгіп шанағында әзиз әнім.  
Күнәсіз жүкті болған күй сазына,  
Қыз бөксе, қылша мойын кәнизагім.

Сазыңа алты алаштың елтіп елі,  
Ортаға өзің келсең желпінеді.  
Пернеде долы дауыл көбік шашып,  
Тұсында тиегіңнің жел түнеді.

Қаншама қиын сәтте сүрінбеген,  
Шындықпен қансыз бетті тілімдеген.  
Қондырып көлге құсты, нар идірдің  
Үнімен жас ботаның дірілдеген

Сал-сері сайран салған мекеніміз,  
Күбірлеп құрай үнмен еседі күз.  
Салайын шертпе күйге,  
Білсін әлем,  
Біз мәңгі пери-сазбен некеліміз.

Үніңде ызыңдаған құлазып қыр,  
Шектерің сырласуға сұранып тұр.  
"Сылқылдақ" - бұлбұл үні бикештердің,  
"Былқылдақ" - буындары бұралып тұр.

Тағдырды табындырып өнеріңе,  
Шабыттың шым батырдың тереңіне.  
Шындықтан шешен тілің жаңылмады,  
Қорғасын құйылса да көмейіңе.

Төсінде Күлтөбенің,  
Жел өтінде,  
Күңренді Көмей-Жырау көне тілде.  
Қазанғап, қарға тамыр қалың елге,  
Сөз салған осы тілде,  
Сенесің бе?

Саусақтар пернелерді талмай басып,  
Домбыра сөйлеп берді таңдайды ашып.  
Тіліне барлық әлем түсінетін  
Болғаны сырласыңның қандай бақыт.



Балаусаның бұтағына,  
Көктем қонды кекілді.  
Күн құлады құшағыма  
Күнікей қыз секілді.

Күміс кірпік шуақ тамып,  
Тамылжыды таңдарым.  
Жапырақтар құлақтанып,  
Жайды алақандарын.

Құйды көлге күн күлтесін,  
Жасыл ақық жалатқан.  
Қыздар өбіп қырдың төсін,  
Дақ қалдырған далаптан.

Сағыныштың сапарында,  
Қанаттарын талдырып.  
Құс оралды отанына,  
Қысты артына қалдырып.

Алақанға қонды арманым,  
Самал-шабыт желпінді.  
Орган үнді ормандарым,  
Құлақкүйін келтірді.

Күміс бұлақ шанағында,  
Қоңырау үн қосқандай.  
Сольфеджис сабағында,  
Сопрано - бозторғай.

Бармақтай құс өзегінен,  
Тамып түскен тасқындай.  
Күй төгеді көмейінен,  
Қауырсынды сазсырнай.

Кәусар үнді ақсын қайнар,  
Оралсын бір Сал шағым.  
Қауырсынды сазсырнайлар,  
Шәмші ағаның салшы әнін.

Дәурен тусын таңқаларлық.  
Дәріптелген құс қайсы.  
Құлдық ұрдым,  
    Қарғалардың  
Қарқылынан құтқаршы.

Күттірмей-ақ қар жауды кешке қарай,  
Шығыс сөніп, батысқа көшкен арай.  
Шырақтарды айналып көбелектей,  
Қар жауған кеш қалмасын есте қалай.

Есте қалай қалмасын сен келген кеш,  
Теміртауды тауыса сенделген кез.  
Мың мәртебе қоштасып, кетісе алмай,  
Толқынында сезімнің тербелген кеш.

Бұрын мұндай көрмеген ғажайыпты,  
Пәк киініп ағаштар, тараныпты.  
Әлем әппақ,  
Адамдар бәрі әдемі,  
Ақ мамығын жамылған тазалықтың.

Әппақ сиқыр тербеген бақ та бөлек,  
(Бізден басқа пенде жоқ жатқан елеп).  
Құндыз шашың төгілген иығыңа,  
Қалықтап кеп қонады ақ көбелек.

Еліктіріп сезімнің гүл етегі,  
Ақын біткен көктемді жыр етеді.  
Түсінбейді-ау пақырлар,  
Ғашықтарға,  
Қыстың да құшағының жылы екенін.

## Танысу

Ұлы ақынмын!.. Керемет жанмын мына мен!  
Алмас Темірбай.

Ғаламат жанмын!  
Ұлы ғашықпын мына мен!  
Сезімге шөлдеп,  
Қаталап тірлік тұр әрең.  
Махаббат қана өмірді сақтап қаларын,  
Түйсігі жетіп түсінсін қайдан бұл әлем.

Тылсымды түнде,  
Никтаның\* қолы тербеген,  
Ындыным кеуіп ләззатқа талай шөлдеп ем.  
Аңызда қалған Данте мен Дон Киходтарың,  
Хауаның қызын дәл мендей сүйіп көрмеген.

Беатрича мен Дульсиняға арбалып,  
Қиялдап кетсем кеше гөр мені ардағым.  
Клеопатра мен Айша-бибіні залымның,  
Уынан сақтап қалу еді ғой арманым.

Теңіз толқынын өтердей кешіп тобықтан,  
Боздақтар қанша аттанған ақтық жорыққа.  
Сақтай алмаған сүйгенін Қозы, Төлеген,  
Жібек пен Баян өлмес ед маған жолықса!

Ләйлінің көзі түсіріп нахақ сезімге от,  
Қаңғырып өткен Мәжнүнің де сенім жоқ.  
Джультта егер кезінде маған жолықса,  
Жүрер ед бүгін Қазақбай шалға келін боп.

\*Түн тәңіриясы

Әлем аруын қайғыға қалай қиямын,  
Жаутаң жанарды құрғатпақ еді қиялым.  
Игорьмен кетсін Ярославнаның көз жасы,  
Гамлетпен кетсін обалы Офелияның.

Жолықпады олар,  
Сен шықтың алдан гүл мүсін,  
Тәніңді таза төбәрік етіп тұрмысың.  
Жалғанда жалғыз жүректі саған ұсындым,  
Кірпікке тұнған тамшыдай мөлдір тұңғышым.

Жүргенде мәңгіп таба алмай дауа дертіме  
Амалым бітіп арбалып қалдым көркіңе.  
Ару біткенді өзіңе балап табындым,  
Гарем біткенді жіберіп емін-еркіне.

Кешіріп бәрін,  
қателігі мен қылмысын,  
Ғашық біткеннің құрайық қайта тұрмысын.  
Сендегі құйттай жүрекке сиған махаббат,  
Әлемге симай жатқандығымен құндысың...

Кірпікке тұнған тамшыдай мөлдір тұңғышым!

\*\*\*

Қалғанда салқын тартып қаным қыстай,  
Тынысым тарылғанда сағым жұтпай.  
Алдымнан желек жайып шықты тағы,  
Алма ағаш - ақ көйлекті қалыңдықтай.

Желпіді жұпар самал таңдай жарған,  
Құрбының жанарында аунайды арман.  
Қыз желең,  
қыпша белді мына шыбық,  
Келісті келбетіңнен аумамай қалған.

Жамырап жапырақтар - жасыл ақық,  
Кір кәне құшағыма, жасыма түк.  
Тұрғандай Ақ жол тілеп, киелі ағаш,  
Шашыңа ақ тозаңын шашыратып.

Көкейде қуыс та жоқ күдікке түк,  
Жіберді көктем сені сүйікті етіп.  
Жел тиген жапырақтай дір етеді,  
Жүрегім жүрегіңе тиіп кетіп.

Арбалып қылығыңа,  
күлгеніңе,  
Өзегім өртенеді гүл деміңе.  
Ежелгі ғашықтардың әдетімен,  
Қарашы,  
күрмеліп тұр тіл де міне.



Кеш мені жаным,  
Уақыттан озып,  
Құрдасың болып тұмағанымды.  
Өзіңе ғана ғашық та болып,  
Жиырмада жолықтырмағанымды.

Жылдарды сенсіз өткергенімді,  
Өзіңсіз кешкен өткелдерімді,  
Гүліңе мөлдір шық болып тұнбай,  
Өткізіп алған көктемдерімді,  
Кеше гөр, Жаным!

Кетіпті жастық қарасын үзіп,  
Ұмытқан сірә мені де мүлде.  
Көз жазып қалғам адасып жүріп,  
Минотаврдың меңіреуінде.

Түнектің мынау түріп түңдігін,  
Кештетіп жандың лағыл арманым.  
Ұстаттың маған үміттің жібін,  
Арқауы қылып Ариаднаның.

Тағдырым қандай силайды бағын,  
Көзіңнен көңлім сырыңды ұғынды.  
Кетуге тастап қимайды жаным,  
Кештетіп туған сұлулығыңды.

Арай боп еніп ғашық таңымда,  
Барасың еріп қасық қанымда.  
"Өмірден ақын өтіп кетер"-деп,  
Тууға ерте асықпадың ба?!

Көкжиегімде көктемім елес  
Бергенде тағы,  
Дәтке кім шыдар.  
Өмір дегенім өткенім емес,  
Қасыңда қалған сәттерім шығар!

Таңғы түсті тағы да қызықтадым  
Тамырымда тасыды қызып қаным  
Ұйқыдағы сезімді тұтандырып  
Жалын құйды қаныма қылықтарың.

Айықпайтын бір дертке қалды басым  
Неге мұнша жүректі жандырасың  
Қайда жүрсің жанымның жалынына  
Қанатымен су сепкен қарлығашым.

Жалын демін кеудеден шығармадық  
Жанып бітпей бұл жүрек тынар ма анық.  
Сені де өртеп отына алам ба деп  
Жақындамай жүремін шыр айналып.

Қылығыңа қалайша байланғанмын  
Құштарлықтың күшіне қайран қалдым.  
Сезім сел тасыса, топанынан  
Сақтамайды кемесі пайғамбардың.

Таңбозарып жұлдыздар сөнді міне  
Үңілемін сен бе деп көл гүліне  
Бар күнәдан тазарып шығар едім,  
Жанарыңның шомылсам мөлдіріне.



Кеткенде күйкі тірлікке етіміз өліп,  
Наркоздан жаңа шыққандай есіміз еніп.  
Астынан айдың  
Ақ-Ерке айдыңға түсті,  
Бақыт қонатын маңдайын кекілі көміп.

Жағада тұрды түсіріп етегін көлге,  
Сезімнің селін қайтадан кешемін мен де.  
Бейнесі анық көрінер көлдегі құстың,  
Қанатын жайып биікке көтерілгенде.

Көмкеріп қойған табиғат сені көрікпен,  
Қоңырау үнің айырды мені де еріктен.  
Күнәсіз туады - деуші еді - періштелерді,  
Періште ме едің Музаның беліне біткен.

Аңсарым ауды енсем деп жасыл бағыңа,  
Табиғат тиым салмаған ақындарына.  
Ғайып Ирен, Қырық Шілтен жебеп жүрсін деп,  
Сыңар ғып сені жаратқан ғасырда мына.

Сезімнің тіні өмірдің арқауы емес пе,  
Қайталанбайды белгісіз қалса белесте.  
Бүлдіршін көзін сүзгенде,  
Бұйдамы үзіп,  
Кетер ем сенің соңыңнан Барсакелмеске.

\*\*\*

Сипаттауға буынсыз тіл жетпеген,  
Теңеу таппай сезімдегі тасқынға.  
Мен түгілі барлық шайыр шешпеген,  
Шыт көйлектің құпия тұр астында.

Сан серінің санасынан өшпеген,  
Сандыбадтың қазнасынан қымбат дүр.  
Мен түгілі барлық шешен шешпеген,  
Шыт көйлектің астында бір жұмбақ тұр.

Әлемдегі теңеулерді түгесіп,  
Шеше алмаған шайырың мен шешенің.  
Тылсым тәннің сипап Барель жүйесін,  
Саусақтарым үндемей-ақ шешеді.

## Жел

Жел желікті шатырды жұла қашып,  
Басын шұлғып ауланың тұр ағашы.  
Әлдекімнің терезе артындағы,  
Айқайына жатпады құлақ асып.

Жәбрейіл-жел жұлқынды жан алардай,  
Алды-артына жөнелді қарап алмай.  
Бұрыштағы будканы кетті аударып,  
Төбелесіп тарқаған балалардай.

Бүгін сонша ашулы дүлей неге,  
Сүйсініп те қарайсың,  
үрейлене.

Құты қашқан Теміртау аулалары,  
Сағат бұрын дәл мұндай түнермеген.

Түседі еске балалық,  
Жылап, күліп,  
Төбелесте шаңдаққа құлап, тұрып.  
Қарсы бала ызасын жеткізеді,  
Құлақшынын бетіме лақтырып.

Бұзақы жел, бұзақы құрдасымдай,  
Жұлқынып тұр ызасы бір басылмай.  
Ертең бірге ойнаймыз,  
Достығымыз  
Жүгіреді қуанып, қырға симай.



## Терезеңнің алдында

Жұлдыз жоқ болар тамызық,  
Жанары сөнген Айдың да.  
Қаланың демі тарылып  
Тұншықты қара айдыңға.

Төбемнен төніп қара аспан,  
Торлады тұман бетімді.  
Мен бейне кеме адасқан,  
Терезең маяк секілді.

Отырсың үнсіз, ойланып.  
Көрмейсің мені беу неге?  
Мен тұрмын жіпсіз байланып,  
Табынып асыл бейнеңе.

Қылындай қылыш жүзінің,  
Найзағай тілді түнекті.  
Біртамшытүстіүзіліп,  
Бір жүрек шала дір етті.

Тигендей жасын - жанарың,  
Діреттіжүрекмендегі.  
Сағынып қаппын қарағым  
Сездің бе, әлде сезбедің.

Терезең ашық алыстап,  
Арадан өтті сел жүріп.  
Отырсың үнсіз ғарышта,  
Түнекке түпсіз телміріп.

Кірпігі көктің қағылмай,  
Төгілдіжаңбыр-сезімім.  
Соқырдың саусақтарындай  
Іздейді сені ерінім.

Өзіңе, қалқам, аманат  
Байлығықысқағұмырдың.  
Берейін қылсаң қанағат,  
Жартысын патшалығымның.

Жанымды өтті шарпып от,  
Бейнеңетұрмынсырашып.  
Тәңрім-ау,  
Алтын тамшы боп,  
Құшағыма кеп құлашы.



## Сәуірдегі қар

Алжасқан мынау көктемде,  
Адасып маусым кеткен бе?  
Сәуірге симай қар жатыр,  
Қар жатыр симай бөктерге...  
    Әлде бұл сенің, аяулым,  
    Айтылмай жүрген өкпең бе?

Бұталар бөгіп қырауға,  
Көбікке толып тұр аула.  
Шыт көйлек киген қыз-көктем,  
Тап болды тосын тымауға...  
    Әлде бұл, қалқам, қапыда,  
    Шашыңа түскен қылау ма?

Енгізіп заңға жаңа бап,  
Қарменен жонды сабалап,  
Қырсық қыс қайта оралып,  
Көктемді жатыр табалап...  
    Әлде бұл күзде кірлеген,  
    Көңілді жүр ме тазалап?

Аралап аяз жыраны,  
Үсіді талдың құлағы.  
Қар атып жүрген құрдастар,  
Құтырмай текке құры әрі!  
    Табиғат естен ауысса,  
    Мен емеспін ғой кінәлі.

## Шыбынсыз жаз

Жез жапырақ,  
Сыр тамып сыңғырынан,  
Көмейінде құрбының тұнды бір ән.  
Өрмекшінің тінімен матап алған,  
Шыбынсыз жаз күшіңе құлдық ұрам.

Мәуелі бақ маужырап мүйістегі,  
Жұпар самал жемісті иіскеді.  
Бұдан нәзік бола алмас бозбаланың,  
Бойжеткенмен алғашқы сүйіскені.

Толғағы толған ана секілденіп,  
Егістіктің тершіді кекілдері.  
Келер күзге күдікпен телміреді,  
Құстар қайтқан көңілдің жетім көлі.

Самал сипап кеуденді мүсіндеген,  
Сәби-сезім түкке де түсінбеген.  
Қан қысымы тепкілеп капиллярды,  
Саусағыңның ұшында лүпілдеген.

Сары алтын сабырың қараң қалып,  
Жез жапырақ лапылдап,  
санаң жанып.  
Тиым салған жемістей қыздың төсі -  
Сүрінеді жанарың соған барып.

Талабыма тағылды тағы да сын,  
Сыншылар-ай, мінеуге ұстасыңдар.

- Сөздің майын тілінен тамызатын,  
Жетіп жатыр сенсіз де мықты ақындар.

Жегілген соң тәуіптік тертесіне,  
Неменеге жыр жазып жүрсің, күнім?

- Жазып жүрмін,  
Жарар деп көрсетуге,  
Анау мықты ақынның мінсіздігін.

## СОНЕТТЕР ГҮЛТӘЖІ

Ақын туған өлкеде

Сәкен Сейфуллиннің рухына бағыштадым

1.

Сұңқар жырды ұшырған Арқа жері,  
Алтын бесік, аяулы Қарашілік.  
Жасыл желек тағынып қамқа белі,  
Жас Сәкенге қарайды баласынып.

Айдарынан күн сүйген бала қыран,  
Атпен шапты басына Ор, Абаның.  
Қайсар ұлға сүйсініп дала мына,  
Жақсылықтың жасады жорамалын.

Сәбиіне сезімін бұлдамаған,  
Қызыр түнеп, құт қонған бұл даладан,  
Шығам десең сан биік табылады.

Қырандарға тұғырын дайындаған,  
Қиырына көз жетпес сайын далам,  
Қанша дарын өзіңе табынады.

2.

Қанша дарын өзіңе табынады,  
Тұлпар шапқан жазықты мақтан қылып.  
Дастан-дала сынайды бағын әлі,  
Сәби жырды Нілдіге аттандырып.

Кезең еді, бұғауға салып ерді,  
Шірімеген құлдықтың қыл арқаны.  
Ереуілге шақырып қалың елді,  
Нілді жатты сілкініп, ұран салып.

Ағылшынға алданып, өліп, талып,  
Айтқанына Ағзамның сеніп қалып,  
Талай тартыс төсінен тарқап еді.

Әскер шығып бұл жолы, ойран құрды,  
Алғашқы рет сәбиді ойландырды,  
Қаз дауысты, құс тілді дархан елі.

3.

Қаз дауысты, құс тілді дархан елі,  
Қыран құстай баулыды балапанын.  
"Қызыл сұңқарлар" болып бар сенері,  
Жайған кезде азаттық алақанын,

Қол бастады халықтың ақын ұлы.  
Теңдікжырын тыңдады шаршы ғалам.  
Бірақ әлі тасада жатыр ұлып,  
Қорқаулары Колчактың қансыраған.

Торға түсіп даланың азат құсы,  
Ақмоланың тұншықты абақтысы,  
Атамандар тойлады бағы жанып.

Пана болған досқа да, дұшпанға да,  
Қантөгізсіз өмірге құштар дала,  
Сол ақынды бәрібір сағынады.

4.

Сол ақынды бәрібір сағынады,  
Тұлпарлардың даласы, тарпаңдардың.  
Тұншығады аққудың лағыл әні,  
Апанына тап болып қорқаулардың.

Тізе бүкпей тағдырға шындығы кем,  
Кетті сіңіп боранға, күтем нені?  
Қысқы жолдың құрсаулы шынжырымен,  
Қара жерге аяңы кісенделіп.

Азап вагон - Ананков құрған көрдің  
Тозағынан шыққанда, туған жердің,  
Әр бұтасы жылытты өз үйіндей.

Бұл сапардан сұңқар-жыр оралады,  
Желбірейді жеңістің орамалы,  
Аяулыңның айнымас сезіміндей.

5.

Аяулыңның айнымас сезіміндей,  
"Тау ішінде" ән қалқып көтерілген.  
Ұйқы қашып кірпіктен, көзі ілінбей,  
Дөңбекшиді сан сұлу төсегінде.

Аяңдатып ақбозды, серілікпен,  
Ауылына жеткенде бұрымдының.  
Бал тамызса еріндер сені күткен,  
Түнгі мұнар тосады шымылдығын.

Жұлдыздары билеген ай қасында,  
Болып еді бұндай түн қай ғасырда?!  
Ғашық бар ма, көркіне қызықпаған?

Аққуларын аялап көл, дір етіп,  
Арулардың жанарын мөлдіретіп,  
Маужырайды кіршіксіз тұнық ғалам.

6.

Маужырайды кіршіксіз тұнық ғалам,  
Бурабайдың айналып айна көлін.  
Қыз жұмбағын жүз батыр бірі ұқпаған,  
Оқжетпеске орамал байлап едің.

Абылайдың әрине, мысы басым,  
Қалмақ қыздың көрмейді көз жасын да.  
Жұмбақтастың шеше алмай құпиясын,  
Қаңтарылды қалың қол көл басында.

Қас батырды ұйқыда маужыратып,  
Ақбас бура тас болып қалды қатып,  
Тіршіліктің тылсымын өзі білмей.

Түкпірінен сыр тартып шартараптың,  
Аңыздарын шертеді алты алаштың,  
"Көкшетау"да сексен көл көзін ілмей,

7.

Көкшетауда сексен көл көзін ілмей,  
Жағажайға шашады жасыл ақық.  
Бал сезімнің әсерін өзі білмей,  
Бұлданады арулар басы қатып.

Қайран менің елімнің тектілері,  
Жалақорлар жармасып шаужайына,  
Арғымақ-жыр даланы кетті кезіп,  
Бір қазақтың сия алмай маңдайына.

Махаббатқа мас болып бала көңіл,  
Асау мініп өтіпті саналы өмір,  
Сері салтын қалайда ұмытпаған.

Арғымағын шабыттың таңасырып,  
"Сыр сандықты" ақтарып Қарашілік,  
Күтеді оны уыздай ұйып далам.

8.

Күтеді оны уыздай ұйып далам,  
Шатқалына шыңдардың ән ұиялап.  
Бұйырмаған оқалы ұлыққа да,  
Махаббаттың ғасырын жариялап.

Жаңа заман, жай кәне құлашыңды,  
"Біздің жаққа" ән жетсін баяулатқан.  
Ғашықтарға ұсынып мына түнді,  
Аруларға, ұйықтамай ояу жатқан.

Көгілдір түс - көктемнің назы қандай,  
Жұпарынан бір жұтсаң жазылардай,  
Өріп шықты өлкенің гүлі керім.

Сұсын сақтап шыңдардың тұр сілемі,  
Әлде неден секем ап, күрсінеді,  
Аба таудың көңліне күдік еніп.

9.

Аба таудың көңліне күдік еніп,  
Аяқ асты күшейді жауыз неден?  
Абзалым-ау, мыналар кімің еді,  
Ел ішінен тіміскіп жау іздеген?

Тағдыр басқа мұны да салған екен,  
Адал жүрек бірақ та ақтала ма?  
Ашық жаумен алысу - арман екен,  
Өз партияң қайтесің, жапса жала?

Ззмананың ағымы бұзылған - ау,  
Өзің тіккен кешегі қызыл жалау,  
Қолында жүр жауыздың, бүріп елін.

Ор, Абаның төсінде жасын жанып,  
Қарашілік қайғырып, шашын жайып,  
Ақынды іздеп жылайды күңіреніп.

10.

Ақынды іздеп жылайды күңіреніп,  
Азаттықпен ел еді ауызданған.  
Аярлықтан Алла да түңіледі,  
Ел де қайыр күтпейді жауыздардан.

Түсіріп бір жүретін кейін де еске,  
Бейіт-те жоқ бұларда.

Қайран қалма.



Сәкеменен, Ілияс, Бейімбеттер,  
Кеткен шығар ілесіп пайғамбарға.

Қайда апарып соғады соқыр соқпақ,  
Сәбилерді мінекей отыр соттап,  
Жүрген жандар кешегі күлімсіреп.

Ұрпағына, опасыз, күшті налып,  
"Тар жол, тайғақ кешуге" түсті халық,  
Ақиқаттың туатын күнін тілеп.

11.

Ақиқаттың туатын күнін тілеп,  
Домбыра тұр.

Жендеттер іс атқарып,  
Атасының халықтан құнын тілеп,  
Өртеп жатыр Сәкеннің кітаптарын.

Өмір жоғын Сәкенсіз сезіп анық,  
Омырауға тағынып тұмар-қайғы.  
Отқа түсті домбыра, өзі барып.  
/Сыңар аққу тіршілік құра алмайды./

Өшпейтұғын тарихтың тағылымын  
Освенцимнің осы еді тамызығы,  
Біздің мұңлық далаға жақын бірақ.

Гүлбаһрамның ботадай боздағанын,  
Үндестіріп зарына боз даланың,  
Қарашілік қамығып жатыр жылап.

12.

Қарашілік қамығып жатыр жылап,  
Бұл қылмыстың кім айтар төрелігін?

\*-Иса пайғамбарды айтып отырмын.

Гүлбаһрам келеді жасын бұлап,  
Салқын тәнін құшақтап бөбегінің.

Жендеттерге жатпады мұңын шағып,  
Ажалың да жау емес азалыға.  
Жер-Анаға тапсырып құлыншағын,  
Қарсы жүрді АЛЖИРдің азабына.

Жендет біткен, қандалып қанжығасы,  
Жалпағынан жалғанды қалды басып,  
Жалақор, сұмырайлар басын құрап.

Құрбандыққа шалынып боздақтарым,  
Шемен шердің айтамыз қозғап бәрін,  
Оралмайды бәрібір ақын бірақ.

13.

Оралмайды бәрібір ақын бірақ,  
Ашылмаған сұмдықтар бар ескерер.  
Аруларды зорлапты, шашын бұрап,  
АЛЖИРде де туыпты нәрестелер.

Көнді арулар зорлыққа, масқараға,  
Көнді мына қорлыққа қара халық.  
Енді бізді шынымен басқара ма,  
Сталиннің "бақытты" балалары.

Сол сапардан сан боздақ оралмады,  
Халық тірі әйтеуір, жоғалмады,  
Қайран елім, тұр сені кімің тіреп?

Тек ақынның сенеміз келмесіне,  
Қабірін де қалдырмай жер бетіне,  
Кетті ол тастап Отанын бірінші рет.

14.

Кетті ол тастап Отанын бірінші рет,  
Көк қаршыға Көкшеде ұшады әлі.  
Жаңғырады "Тау іші" жырын тілеп,  
Соңына еріп Жұматай, Мұқағали.

Тегін қайта түсініп, батыр халық,  
Қыран көзден сыпырды томағаны.  
Революция сілкіген ғасыр қалып,  
Ре - Эволюция оралады.

Тозақ түннің түнегі таңға ауысып,  
Альбатрос келеді талмай ұшып,  
Мың өліп, мың тірілген аңсап елін.

Аманат қып ұрпаққа басты арманын,  
Дәуіршің шертеді дастандарын,  
Сұңқар жырды ұшырған Арқа жері.

## Кілт

Сұңқар жырды ұшырған Арқа жері,  
Қанша дарын өзіңе табынады.  
Қаз дауысты, құс тілді дархан елі,  
Сол ақынды бәрібір сағынады.

Аяулыңның айнымас сезіміндей,  
Маужырайды кіршіксіз тұнық ғалам.  
Көкшетауда сексен көл көзін ілмей,  
Күтеді оны уыздай ұйып далам.

Аба таудың көңліне күдік еніп,  
Ақынды іздеп жылайды күңіреніп,  
Ақиқаттың туатын күнін тілеп.

Қарашілік қамығып жатыр жылап,  
Оралмайды бәрібір ақын бірақ,  
Кетті ол тастап Отанын бірінші рет.

## АУДАРМАЛАР

*Евгений Евтушенкодан*

1.

Бөліп берме бүтініңді көпсініп,  
Жер,  
Аспанды түгелімен бер деймін.  
Өзен суын,  
Теңіз бен тау көшкінін,  
Бер өзіме,  
                    бөлшектеуге көнбеймін.

Ұсағыңменөмір мені азғырма,  
Иығым тең, есіркеме, қорғама.  
Жарты бақыт тілемеймін тағдырдан,  
Қайғыны да жарты беріп қорлама.

Біреу ғана менің жарты тілегім.  
Ақпа жұлдыз жүзігіңмен айтысып,  
Ақ мамықта жатқан ұйықтап білегі,  
Аяулымның жастығының жартысы

2.

## Премьердің қазасы

Оқта ұлт жоқ.  
Ұлтсыз қырт көп...

Гитлер тірі жүр әлі бізге берілмей,  
Болады оны шал деуге, өрім жас деуге.  
Ол кейде-араб, ол кейде ессіз еврей,  
Оклахомада жүреді кейде - Мәскеуде.

Көсем болғысы келеді батып күнәға,  
"Қырындар" дейді-қырады!  
О, сұмдық, осы баскесер болып туа ма,  
Екінің бірі, егіздің сыңары?

Сайран салады жын әлі  
Күрсініп тұрар көзімен соны көріп күн.  
Жиырмамыншы ғасырдан  
жылымшы иіс шығады,  
Өліктің иісі - газ камерасындағы өліктің!

Құлағына зілді дүбір кеп,  
Құдайға қарап аһ ұрмай,  
Табытта жатыр Ицках Рабин күбірлеп,  
Ғажайып жырын  
жаза алмай кеткен ақындай.

*Леонид Мартыновтан*

1.

Әлде өкпелеп, әлде жеңіл еркелеп,  
Дедің маған

- Өзгермейсің жүгірмек,  
Біз ерлерден қартайямыз ертерек.
- Рас, бірақ әділдікке жүгінсек,

Санасқанда дәл осындай өлшеммен,  
Ұмытпаған саған да жөн мынаны.

... Қартайясыз,

Бірақ біздің мөлшерден,  
Әлдеқайда көп жасайсыз. Сынаңыз.

2.

Кейде жәнсіз лепіреміз,  
Дау дүлділін қамшылап.  
Сансыз сөйлем көпіреді,  
Теңіздегі тамшыдай.

Қайда, қайран, жыр шарпыған,  
Жалынымен аймақты.  
Жарқ-жүрқ еткен бір тамшы қан,  
Жер шарындай салмақты.

*Василий Федоровтан*

Серттен тайдық біз де, міне,  
Сүрінеміз балаққа.  
Қыздырмайды қыз қылығы,  
Қуантпайды шарап та.

Түстік шарап жетегіне,  
Құштық небір сұлуды.  
Алдап кетті екеуі де  
Ұқсас екен қылығы.

Өтті жастық өтер ізбен,  
Айдарынан жел ескен.  
"Ағай" едік кеше біздер,  
"Ата" болдық кенеттен.

Мүмкіндік бар басқа мұнда,  
Бірақ, бірақ не етерміз?  
Жаңа міндет атқаруға,  
Дайын емес екенбіз.



*Михаил Балыкиннен.*

1.

Қала еді көрмегенім,  
Жүк машина ақ таңда,  
Қыр төсіне өрмеледі,  
Тиіп кетіп аспанға.

Сегіздемін,  
Күн қақтаған,  
Шашым желге таранды.  
Тамыз түні құндақтаған,  
Жұлдыз тамған таң алды.

Шарт түйініп, базаршылап,  
Қап үстінде келем мен.  
- Бұл Данилдің баласы ма? -  
Төнеді түн төбемнен.

2.

Соғыстан соңғы би кеші

Дуалдың екі құрбы етегінде,  
Елемей сұлулықты өтемін бе?\  
Қос көйлек, екі бантик, екі жанар,  
Топлай жалғыз ғана екеуінде.

Дуалдың арғы жағы клуб алды,  
Би кеші өтіп жатыр қызығарлық.  
Топлай аяқтарды алмастырып,  
Біреуі кетті биге бірі қалды.

Екі ару билеп алған күй көңлін,  
Басылды соғыс өрті, биле бүгін.  
Бір әке екі аяғын қиды осыған,  
Осы үшін екінші әке қиды өмірін.

3.

### Прометейдің әні

Маған емес ғарыштың кеңістігі,  
Маған емес түстігі,  
терістігі.

Тұрған қалам - мен үшін туған қалам,  
Қарағандым - жәннаты жер үстінің.

Махаббатпен жылынып кең жүрегі,  
Жастар кешке жұлдызға телміреді.  
Қарапайым қалалық Прометейлер,  
Жер астынан жалынды өндіреді.

Қалқам,  
Көмір жанарың арайлы екен,  
Ұшқын болып, күн болып қарайды екен.  
Жүрегіне жердің де жетіп жүрмін,  
Сенің махаббатыңа қалай жетем?

Сәулеменен түнекті түрлендіріп,  
Достарыммен забойда жүрген қызық.  
Сені көрем көмірдің қатпарынан,  
Кіммен жүріп барасың,  
кіммен күліп.

Сырға сараң шахтаның жарығында,  
Көкейіме қанша жыр жазылуда.  
Мен сен үшін жаралған Прометеймін,  
Арналады өзіңе жалыным да.

4.

Уақыт - Бәйге... Бәсе неге  
Состав секунд санайды?  
Маңғаз түйе мәселеге  
Басқа көзбен қарайды.

Назар сал шөл Абызына  
Мұңға малған жанарын.  
Қанық елдің аңызына  
Философы даланың.

Өркеш-өркеш шағылменен  
Қатар өскен ертегі.  
Нарға біткен сабырменен  
Өмір жайлы шертеді.

Мен-Көнемін, тоқтады дем,  
Сен- Болашақ... кәне оз!  
Түйелердің соқпағымен,  
Келді бірақ паравоз.

Маңғыстауды азда болса  
Жан досымдай сүйемін.  
Ақын үшін нанға қоса  
Күнге, желге, таңға қоса  
Әкел тағы... Түйені.

5.

Сәнді жылы жасыл ағын,  
Қонды баққа күрең күз.  
Көлге төгіп жапырағын,  
Қалғып кетті үйеңкі.

Жырға қанып тұз жалбызы,  
Тынды терек жағалай.  
Қара шекпен күз қалғыды,  
Қалжыраған анадай.

Күз бояуы қандай қанық,  
Таза пейіл секілді.  
Жүрегім тұр таңдай қағып,  
Келбетіңе, кекілдім.

Өкпемменен, айыбымды,  
Жуып- шайды жауының.  
Қоғамындай қайырымның,  
Қасиетті ауылым.

6.

Жер - кішкентай түйіршік кеңістікте.  
Түйіршікте тар соқпақ. Келістік пе?  
Сол соқпақта мен сені тосып алам,  
Мінекей,  
Барлық әлем осы ғана.

# ТЕМІРТАУ- ҒҰМЫРБАЯНЫМ

## Поэма

### ПРОЛОГ

Теміртау - ғұмырбаяным,  
Көгіңнен қанат жаямын.  
Муза ғып саған сыйладым -  
Алпыстың өгіз-аяңын.  
Өзектің төктім жырларын,  
Өлеңім - өмірбаяным.

Оянып ала таңымнан,  
Асау шабытқа бөлендім.  
Шықтым да Алатауымнан,  
Оралдан аса жөнелдім.

Бұлттардың ұштым қасынан,  
Жеткізбей кеттім құстарға.  
Қазанның мұнарасынан,  
Қарадым Қазақстанға.

Сүйеніп зәулім ағашқа,  
Жұлдызды түнде сандалдым.  
Алыстан қарап Алашқа,  
Алыптығына таң қалдым.

Дүние,  
Маған шалқайма,  
Телегей төсім теңіз деп.  
Атырау -

Арқа -  
Алтайда -  
Алашым жатыр мені іздеп!

Елім деп жүрек сыздады,  
Соңымнан жұлдыз шам жағып.  
Қазанның ару қыздары,  
Қасыма келді арбалып.

Қырық өрім бұрым,  
Екі өрім,  
Мойнымды құшып қысқанда.  
"Бәріңді алып кетейін -  
Дедім мен -  
Қазақстанға!"

Оңымнан шығып,  
Солымнан,  
Жанымды бәрі арбады.  
Біреуі еріп соңымнан,  
Егілді артта қалғаны.

Тек елес қалды сол күннен,  
Азамат - жүрек,  
Ар қалды,  
Арқаға келіп қондым мен,  
Асау жыр буып арқамды...

Тер буып,  
Шаршап қалдым ба,  
Жуайын жырға бетімді.  
Теміртау жатты алдымда -  
Жиделібайсын секілді.

## ҚОРҚЫТТЫҢ КҮЙІ - "ЖАУЫРТАУ"

Әлемнің сиқыр үнін үйіре кіл,  
Салайын "Жауыртаудың" күйіне бір.  
Қобызым бір әуенге сүңгіп кірсін,  
Ғұмырда естімеген дүние бұл.

Жоқты онда осы күнгі жын, пәлең де,  
Келмеген тәңір мен пұт діндар елге.  
Батыс - жоқ,  
Шығыс та - жоқ онда мұндай,  
Хаос бар  
Қара дүлей мұңды әлемде.

Жоқ онда әзәзіл де, сайтаның да,  
Өшеді үн жаңғырығы қайтарылмай.  
Оңтүстік,  
Солтүстік жоқ бұл фәниде,  
Болмайды ол,  
Дүниені қайта құрмай.

Адамзат,  
Түрің - суық,  
Түбің - дүлей,  
Рухың - мәңгі,  
Тәнің- үгіндідей.  
Онда әлем бүгінгідей ұйықтамаған,  
Онда әлем оянбаған бүгінгідей.

Онда ана толғатпаған бала тілеп,  
Көрмеген көктем келіп дала түлеп.  
Күн де жоқ,  
Гүл де жоқ -ты Жер бетінде,  
Ғаламзат- қара пиғыл,  
Қара түнек!

Аспанның апай төсі айырылмай,  
Қысып тұр Жерді аттың айылындай.  
Біреудің еншісіне кеткен су жоқ,  
Қайран да менің Еділ-Жайығымдай!

Мұз-

Басын мұз жамылған мұздан алар,  
Құлдырап құдай көрмес құзға барар.

Темір - жоқ,

Тебен де жоқ дүниеде,

Өмір - жоқ!

Өлім де-жоқ!

Мұз ғана бар !!!

Жаратқан Жаппар Ием ойға қалды,  
Даналық жан - жүйесін бойлап алды.

Боятты аппақ нұрға дүниені,

Оятты бір - ақ сәтте Ой -

Ғаламды.

Бір сәтте дүниеге күн жаралды,  
Жаһанды жасаулап бір нұрға малды.

Жер, Көктің тамырына жан жүгіріп,

Сомдады қайта Тәңірі бұл ғаламды.

Күн сайын көкжиектен Күн туады,

Жаһана тек жарыққа ұмтылады.

Мұз таулар күрс - күрс құлап, жал-жал болып,

Аспанға жердің буы бұрқырады.

Бес құрлық-

Бес кілемдей құлпырады.

Жаһанға жан бітті де,

Жасын тулап,

Күн нұры гүл лебімен шұрқырады.

Тек қана Мұзды Мұхит жатыр шөгіп,

Бұза алмай мұз құрсанған мұртын әлі...

Адам мен Хауа түсті Жер бетіне,

Білмейтін нәсілі мен ұлтын әлі...



Ілініп Көк күмбезге Күн - тұмары,  
Жер тәнін жібітеді нұр шуағы.  
Махаббат күнмен қоса жаралды да,  
Тәңіри ұлылыққа ұмсынады!

Тамұқ-Түн мұнша неге қырсығады?  
Зұлымдық - қара түнек,  
Құрсын әрі!  
Бір тұқым -  
Бір өскін боп бүр шығарып,  
Тірліктің желек жәйді бір шынары.

Көмкеріп көкжиекті Күн келеді,  
Жер - Ана жасыл жәннат түрге енеді!  
Күн - Ыра мейірінде тылсым жанып,  
Хауызы махаббаттың бүршік жарып,  
Зұлымдық бұғып қалды, үндемеді...  
Дүние -  
Дүние емес -  
Гүлдер елі!  
Осындай үлдеме мен бүлде ме еді?!  
Қатыбас қандай зұлым болса-дағы,  
Ғаламның ғажайыбын бір көреді...

Тәңірім,  
Жаппар Ием,  
Қайырымды!  
Қара түн қанатынан қайырылды!  
Алланың кәрі түсіп -  
Түнек - өлді!  
Арамдық абыройдан айырылды.

О, Тәңірі!  
Ақ нұрыңа ора мені,  
Өн - бойым кәусарыңа толар ма еді?  
Адам мен Хауа айықса күнәсінән,  
Адамзат бұдан бөлек болар ма еді?!  
Абилді Қабыл ұрып өлтірді де,  
Зұлымдық қайта туды содан бері.

Қандай сұм адамзатты алалады,  
Ашылып бара жатыр аралары.

Түндейін түнек салды дүниеге,  
Қабылдың қаннан туған балалары...  
Бауыры - бауырына қарамады!  
Ғаламды қанды сүргін аралады,  
Өртенді қолмен құрған қалалары,  
Қан құсты қанша ұрпақтың қара - нары?!  
Келеді қашан осы тәубесіне,  
Қабылдың қаннан туған балалары?!

Топаннан тірі қалған құтханасы,  
Үш нәсіл -  
Пайғамбардың үш баласы,  
Хауаның көзіндегі үш қарасы,  
Қолында найза, қылыш, ұстарасы,  
Ұрыссыз сіңбейтұғын ішкен асы, -  
Береке, тыныштық жоқ бес құрлықта,  
Үш нәсіл-  
Пайғамбардың үш баласы,  
Хауаның көзіндегі үш қарасы...

Қан ішіп айқасса да қасыменен  
Күнәсін көтерген жоқ басыменен.  
Келгенде Тас Дәуірі,  
Бірін-бірі -  
Өлтірді сол дәуірдің тасыменен!

Өткізіп Қола Дәуір көшін алға,  
Тапқанда көне тарих тосын арна.  
"Ақ темір ат басындай" - киесі бар,  
Бір жәннат Тау болыпты осы маңда.

Нұраға күн үңіліп - күміс тебен,  
Қараған болашаққа үмітпенен.  
Теміртау  
Құтты мекен болыпты - мыс,  
Аңы да адамынан үрікпеген.

Жайқалып мәуелі бақ - жасыл тоғай,  
Тіршілік қатар емген жатырқамай.  
Жазықсыз жыртқышы да қан төкпеген,  
Өтіпті ғажайып бір ғасыр солай.

Сандал тау зерлі жұмақ қақпасындай,  
Ұлығы кішік болған патшасынбай.  
Уыздай ұйып тұрған тіршіліктің,  
Киесі ТЕМІР еді ат басындай.

Тұратын ай сәулелі мұнар тамып,  
Темірге ашқарақ көз құмартады.  
"Бейішті бодан қылып аламыз" - деп,  
Зұлымдық  
Шыға келді ұран салып.

Жейтұғын жемтік керек қу қарынға,  
Досың-жат,  
Елің де - жау,  
Туғаның да.  
Аттанды соған бәрі, лап қойды кеп,  
Тастай сап тойы менен думанын да.

Аяр жау,  
Таусылмайтын айла - амалы,  
Алдаспан, найза, қылыш байланады,  
Түркінің түпкі ойын қайдан білсін,  
Келеді жер жәннатын жайлағалы.

Тамұқтың төңкеріліп тайқазаны,  
Сопының қанға бөкті жәйнамазы.  
Жалмауыз тіміскіді төңіректі,  
Жалақтап жылан тілді найзалары.  
Қайғыдан күңіреніп Күн шығады,  
Қан жұққан бұлт бүркеніп Ай барады...  
- Кешегі жұмақ бүгін - Қайғы алаңы.

Қаптаған түмен құрсап айналаны,  
Шаң басты қара түнек сай, даланы,  
Тапталып тұяқтармен киелі Тау,

Қан құсып..  
Жауыртауға айналады...

Киені,  
Қаңсып қалған бағы жанбай,  
Хас - Батыр алып шыққан, жаны қалмай,  
Жасырын Жауыртауға ,  
Дуалаған,  
Терменен аластасаң табылардай.

Адамзат арам ойға арандаған.  
Қанымен бұл жерді де арамдаған.  
Жауыртау қойнауында Кие қалған,  
Қанішер іздеп оны...  
Таба алмаған!

...Қобыздың құлақ күйін басып - көтер,  
Айтпадым құпияны ашып бекер.  
Тер тамбай,  
Адамзаттың қаны тамса,  
Киесі Теміртаудың қашып кетер.

ОҢТҮСТІКТЕН ҰШҚАН ҚҰСТЫҢ ӘНІ

Отарба келіп,  
Керуен сарайға тоқтады,  
Жарқырап тұрды,  
Жас Теміртаудың оттары.

Қарсы алды мені,  
Ару қыз асқақ текті ұлмен,  
Қазаннан сонау  
Қалықтап ұшып жеттім мен.  
Жарқырап тұрған жастық шағымның ішіне,  
Алқынып келіп,  
Абдырап сүңгіп кеттім мен.

Жалынның үні  
Еріксіз сіңіп санама,  
Ендім де кеттім қайнаған құрыш - қалаға.  
Бейбіт еңбекке  
Бейім тұрады қашанда,  
Соғыс жылдары шыр етіп түскен шарана.

Соғыстың сонау  
Тимеді кімге зардабы,  
Тоғысты мұнда  
Талай тайпаның тарланы.  
Дамбаны қашап,  
Қылыштан емес  
Қайладан,  
Самурайлардың ойылды алақандары.

Адал еңбегін  
Бағына балап бір күннің,  
Адал терлерін  
Құмына құйып құрдымның,  
Болат қаланың сеніпті болашағына,  
Ардагерлері  
Саяси қуғын - сүргіннің.

Абай мен Гете музасы тамсап Нұрадан,  
Ұрпағың бір сәт  
Тіл табысты ма,  
Ұлы Адам?!  
Үш нәсіліңді  
Бір шепке түзді Теміртау,  
Ұлытау сынды  
Үш жүздің басын құраған.

Бұл дала бұрын  
Мұндайды сірә көрмеген,  
Бабамның бейқам  
Төрт түлік малы төлдеген,  
Топырақ мынау,  
Құнарлы терге шөлдеген,  
Дәуірде сонау  
Қан сіңген төсін Жауырдың,  
Өлермен ұрпақ шәйіп-ақ бақты терменен.

Осындай екен  
Шағала дәурен шалқары,  
Құрыштың демі  
Алаулатады Арқаны.  
Асау бір ойлар алдымнан шығып,  
Лапылдап -  
Магнитка мені -  
Магнит құсап тартады.

Асқақ бір арман  
Анталап жұмыр басымда,  
Қараймын күнге,  
Жан беріп жатқан жасынға.  
Туғаным қандай ғажайып деймін ішімнен,  
Осынау отты,  
Мазасыз ұлы ғасырда.

Қырлары қандай,  
Қырманы қандай даланың,  
Көк тіреп тұрған

Күмбезі қандай қаланың?  
Құрлықтан осы аспанға қарай самғаған,  
Ғарыш пен Жерді  
Жалғаған -  
Менің заманым!

Топырақтың иісі  
Бұрқырап шығып күректен,  
Жауыртау басын,  
Жасампаз буын түлеткен.  
Жүз тілде сөйлеп,  
Жүз елдің небір ұл - қызы,  
Сүйеді сені, Теміртау,  
Жалғыз жүрекпен.

Зәмзәмін тосып Арқаның сайы, жырасы,  
Жарады бүршік  
Жастардың арман - мұраты.  
Күн сайын кешке,  
Думан мен дауға бөленген,  
Күлтөбе сынды мұндағы "Достық қыраты"\*

Билейміз күнде,  
Назды бір сазға қосылып,  
Жарсқан жүрек  
Өмірді көңіл хошы ғып.  
Украиндар мен қауышқан жаңа жас ақын,  
Кобзарьдың тілін  
Қазақша жатыр көшіріп.

Осы еді жұмақ,  
Өмірден өзім іздеген,  
Үйіріле билеп,  
Тал шыбық сұлу қызбенен, -  
Аспарух ханның рухы сіңген Болгарлар,

\*- "Сопка Дружбы" - Комсомол - жастардың палаткалары орналасқан жер

Бауырдай болып  
Туыса кетті бізбенен.

Басамыз әнге,  
Көтеріп басқа түн ішін,  
Адамның ұлы,  
Хауаның қызы - туысым.  
Өз ағам - Өзбек,  
Татарым - түркітектесім,  
Тамырым менің - Белорусьпенен Русім!

Баспаханалардан газеттер шығып не тілде,  
"Жесір де жоқ деп жазады бізде -  
Жетім де".  
Рекорд жайлы очерк-репортаждар,  
Махаббат жәйлі бір сөз жоқ, бірақ, бетінде...

Көшеде сүйіс,  
Өрімдей қыз да кекілді,  
Өндірдей ұлға жазады хаттар не түрлі.  
Махаббат жайлы айтпайды неге мынау ел?!  
"Секс жоқ бізде!" -  
Деген депутат секілді...

Болсада суық социализмнің қабағы,  
Өмірдің көзі -  
Өңменнен өтіп барады.  
Көшеде біздің - махаббат оты маздаған,  
Газетте кілең - ЦК-нің қаулы қарары...

Біз -  
Қатал шақта дүниеге келген ұлдармыз,  
Алғанбыз рух алаулап тұрған тудан біз.  
Қан-қан боп шығып төбелес пенен ұрыстан,  
Магниткадағы құрыштан суарылғанбыз!

Еркін ой баста болса да,  
Жоқ-ты жанда ерік,  
Тартылған суы,



Жауыртау қалың шаң болып -  
Нұх пайғамбардың кемесі жүзген жер еді,  
Нұрсұлтан шықты -  
Қарадан туған хан болып!

Өткенім дағы - осында,  
Менің ертеңім,  
Абыз да болдым,  
Аусарлау бір кез ерке едім.  
Теміртау -  
Менің өмірім менен өлеңім,  
Теміртау -  
Менің егіліп айтар ертегім!

Қазанды кезіп,  
Қалықтап ұшып жүр едім,  
Шақырды мені өзіне осы жыр елім.  
Теміртау -  
Менің сағынышым ғой сарғайған,  
Теміртау -  
Менің темірдей құрыш жүрегім!

Өзіңсіз сірә  
Мен қайда барып жәй табам?  
Жүрегім менің  
Жауыртау жәйлі айтады ән.  
Мен сенен осы жүз рет кетіп қалам да,  
Жүз рет тағы оралып келем  
Қайтадан!

Лапылдап түнде,  
Жарқырап күнде жанасың,  
Арқада мынау асқақсың өзің,  
Дарасың.  
Теміртау -  
Менің жұдырықтай бір жүрегім,  
Алақандай боп, алдымда жатқан -  
Алашым!

Күпті ғой жүрек,  
Уайым да көп басымда,  
Тап болып тұр ма Жаңа Алаш зілді жасынға?!  
Көк тәңіріне көз салып, міне, қарап тұр,  
Аяғын артып ХХІ-нші ғасырға.

Бұлттан күн шығып,  
Ғаламға көктен нұр тамып,  
Келгенде көктем,  
Көктен түскендей бұл халық-  
Мұздың Дәуірін Судың Дәуірі бұзды да,  
Телегей теңіз Дүние кетті бұрқанып...

Түркінің елі!  
Сен Күннен түскен ұшқын ең,  
Өткен өмірің,  
Кешкен ғұмырың-түс кілең.  
Түнектен босап,  
Күншығыс  
Саған бет алды,  
Қалың қазағым Қараөткелінің үстімен...

Жүрегі жара болған-ды талай беріштен,  
Теміртау осы -  
Темір ғасырмен тебіскен.  
Оттан да небір, оқтан да небір қалды аман,  
Сақтаған бізді қайдасың, қайран Періштем?

Бас ойға толы,  
Азаға толы, ал, жырым,  
Запыран құсқан заманнан іште қалды мұң.  
Теміртау -  
Менің сайрандап өткен сал күнім,  
Теміртау -  
Менің темірдей текті тағдырым!

Қыршын жас күнім,  
Қайдасың қайран тамызым?  
Ақтарсын жырын алпыстан асқан абызың.

Көше бер енді ауыздан - күллі ауызға,  
Айта жүретін аяулы менің аңызым...

Балқаштан шығып,  
Көл шалып,  
Қалың құм шалып,  
Көкжиекке ұштым -  
Көзімді көлбеп тұмса бұлт.  
Солтүстік,  
Саған ата қыран боп қондым да,  
Қап қойдым сенде-  
Қанатым мұзға құрсанып...

## КӨКЖИЕГІМДЕ-КӨКБӨРІ

Жүрегім жара - беріштен,  
Азаға толы, ал, жырым.  
Темір ғасырмен тебіскен,  
Теміртау -  
Темір тағдырым.

Аймағым -  
Асқақ ұлан-ды,  
Дүркіреп шықса бір тұстан,  
Қолына алып Құранды  
Кәуірмен талай қырқысқан -  
Теміртау қашан қорынды,  
Аймалап Айды,  
Күн құшқан,  
Армысың,  
Алшы қолымды,  
Түркінің тағы -Түркістан!

Жаһанға мәшһүр жұрт едім,  
Өр басын көкке ұсынған.  
Түбімді сұра -  
Күлтегін!  
Дінімді сұра -  
Мұсылман!

Лениннен қайтып өзіңе  
Алашым -дедім - аңрадым.  
Түбімді көрсет көзіме,  
Түркістан -  
Қара шаңрағым!

Яссауй - аузы дуалы,  
Берді аян көктен ұшып кеп.  
Текіден - Тұлға туады,

Тобырдан -  
Обыр күшіктеп...

Бір жанып лаулап, -  
Бір өштім!  
Құбылып уақыт сынаптай.  
Ғасыр көшіне ілестім -  
Шаңырағымды құлатпай.

Түркінің келді заманы,  
Тәңірі тағын алтындап.  
Абылай атой салады,  
Махамбет көктен саңқылдап!

Жер менен көгің сүйінер  
Кененің\*жетсе күркірі.  
Түбінде мына дүние  
Көреді Бекзат түркіні.

Тәңірі сүйген көктегі  
Салт Атты қайда -  
Қанатты ұл?!  
...Көкжиегімнен Көк Бөрі  
Көз ілмей бізге қарап тұр...

\*-Кенесары Хан.

## ЭПИЛОГ

Теміртау-ғұмыр баяным,  
Көгіңнен қанат жаямын.  
Муза ғып саған сыйладым,  
Алпыстың өгіз-аяңын...  
Өзектің төктім жырларын,  
Өлеңім -  
Өмірбаяным.

Ерідім саған діліммен,  
Тұмам да сен деп,  
Тұнығым.  
Алпыстан астым бүгін мен,  
Жассың ғой, ал, сен, құлыным.

Телегей төсің теңіз деп,  
Тебрене сені құшқанбыз.  
Келеді талай сені іздеп,  
Мен сынды небір ұшқан құс.

Қызыққа талай батасың,  
Қызықтап көкке ұшқанды.  
Құс базары боп жатасың,  
Қарсы алып бала құстарды.

Бұлттарға батып,  
Қиянға -  
Самғайтын енді келді сәт.  
Балапан басып ұяңда  
Қалады о да мен құсап.

Өткен шақ кірсе түске бір  
Босата берме бекер бой.  
...Қамшының сабы - қысқа өмір-  
Құстың базары екен ғой...

2000-2004 ж.ж.

ТЕМІРТАУ - АЛМАТЫ - ҚАЗАН - БАЛҚАШ - ТЕМІРТАУ

## ӘНІҢ БОЛЫП ТӨГІЛЕЙІН...

### Ұландар

Атам қазақ азаттық пен туысқан,  
Атқа қонған аспан түстес ту ұстап.  
Ел шетіне қауіп төнсе қапыда,  
Қамшысымен қарсы шыққан қылышқа

#### Қайырмасы

"Алашым" деп атой салып ұрандап,  
Шабуылға шыққан сайыпқырандар.  
Бабамыздың бар байлығы - даласын,  
Басқыншыға таптатпаған ұландар

Сапқа тұрған бес қаруын құрсанып,  
Қабанбайдың, Бөгенбайдың ұрпағы.  
Аңыз қылып Аңырақайдың айқасын,  
Ауызынан тастамайды жұрт әлі

#### Қайырмасы.

Әлем кешкен сұрапылда кешегі,  
Әкелерім оққа кеуде төседі.  
Бабалардан мұра қалған батырлық,  
Дарыйды екен ұрпағына деседі.

#### Қайырмасы

## Туған жер

Алыс жолдан ардағын тосып алып,  
Абыз дала тәу етіп жатыр әне.  
Тағып еді тұмар қып мойыныма,  
Туған жердің киелі топырағын.

Туған жер - Ару анам,  
Өзіңе жаным алаң.  
Бір тұмар топырағыңды  
Сыйлашы тағы маған.

Абыз далам, алқалы атырабым,  
Лүпілдеген жүректей жапырағың.  
Торыққанда дертімнен айығамын,  
Туған жердің иіскеп топырағын.

Қайырмасы.

Өршігенде өзенің тасып ағып,  
Тамшы болып арнаңа асығамын.  
Анам еске түскенде, далам еске,  
Туған жердің сипаймын топырағын.



## Той жыры

Той дегенде желік кіріп кеудеге,  
Арғымақтар аласұрды кермеде.  
Алып болып кетті біздің ағалар,  
Кербезденіп кетті кілең жеңгелер.

Керегеміз кең екен,  
Тереземіз тең екен.  
Ағалар мен жеңгелер,  
Құтты болсын мерекең.

Көңіліміз көл екен,  
Сезіміміз сел екен.  
Құрдастар мен құрбылар,  
Құтты болсын мерекең.  
Құтты болсын, құтты болсын мерекең.

Думандатып қазақтың кең даласын,  
Ән барады алты қырдан әрі асып.  
Би төрінде жұлқынады жүректер,  
Ерке қызға еркін жігіт жарасып.

Ару біткен бүгін ерке, қылықты,  
Қызықтырсаң дәл осылай қызықтыр.  
Жүрек біткен махаббаттан өртеніп,  
Жанар біткен мейірімге тұнып тұр.

## Қарағанды

Мазасыз дәуіріңді қалап алдым,  
Бақ түнеп, Қызыр қонған Қарағандым.  
Кен қоры қойнауында тұна қалған,  
Киелі құт мекені бабалардың.

Күніңді жамыламын,  
Гүліңді тағынамын.  
Өзіңсің табынарым,  
Киелі шаңырағым.

Таранып жасыл терек жапырағы,  
Гүлзарлар серуенге шақырады.  
Биікке бой түзеген ғимараттар,  
Аспанның иығына асылады.

Жамылып зерлі бөрік қамқа бағы,  
Сұқ көзден ғашықтарды қалқалады.  
Қыз-күлкі сыңғырлаған саясында,  
Мақамын махаббатың қайталады.

## Аңсау

Жарық еді жұлдыздарым,  
Биік еді аспаным.  
Сәтті күндер, тәтті түндер,  
Өте шықты қас-қағым.  
Артымызға қарайламай,  
Алты қырдан әрі астық.  
Қалай ғана абайламай,  
Албырттықтан адастық.

Мауыт түннің қызықтырған,  
Құрдымына үңілдік.  
Таңғы шыққа тұнып тұрған,  
Қырды қуа жүгірдік.  
Тарпаң едік талай бала,  
Тежемейтін тағатты.  
Қалай ғана абайламай,  
Асаулықтан адастық.

Таңқурайдың шырынына  
Боянатын ерінің.  
Жел тараған тұлымыңа  
Шырмалатын сезімім.  
Алма жүзің арайлана,  
Бір жеміске таластық.  
Қалай ғана абайламай,  
Сол бақыттан адастық.

## Сөнбейтін жұлдыз

Сөнгенде батыс,  
Шалғында жатып,  
Жұлдыздар шоғын санадым.  
Осындай кеште,  
Түседі еске,  
Жұлдыздан алыс жанарың.

Мекенің шалғай,  
Қараймын талмай,  
Жетпейді қолым, қиналам.  
Сағынуды тек,  
Табынуды тек,  
Тағдырым маған сыйлаған.

Назды сөзіңсіз,  
Нәркес көзіңсіз,  
Күн кешу маған қиындау.  
Сағымды құшып,  
Жетер ем ұшып,  
Қолыңды созсаң қиырдан.

Қайырмасы.

Қарсы алып таңды,  
Көкжиек жанды,  
Сөнеді енді жұлдыздар.  
Мәңгі сөнбейтін,  
Маза бермейтін,  
Жүректе жалғыз жұлдыз бар.

Қайырмасы.

## Анашым

Жылытқан жұмақтай ұяны,  
Көзіңнің көктемдей шуағы.  
Тіршілік анадан нәр алып,  
Алып та анадан туады.

Ұзақ түн көз ілмей,  
Бөпесін бағатын.  
Сая жоқ өзіңдей,  
Аяулы анашым.  
Күнім боп көгімде,  
Алаулап жанатын.  
Шуақ жоқ өзіңдей,  
Аяулы анашым.

Елжіреп ерекше сезіммен,  
Бесіктің жырымен көз ілген.  
Мендегі сәбилік махаббат,  
Жаралған, анашым, өзіңнен.

## Сағыныш

Қауырсын күз, қоңыр көл құс түнеген,  
Көңіліме қобалжу түсті неден?  
Құстар қайтып барады, ұшады олар,  
Мені өсірген даланың үстіменен.

Қаз дауысы тамызып санаға сыр,  
Ауыл әнін есіңе салады ақыр.  
Көлдің үстін тербетіп қанатымен,  
Құстар сіңіп ауаға бара жатыр.

Сағыныштың кезі екен күз дегенің,  
Туған жерге түсімде жүз келемін.  
Текеметтей түрленіп топырағы,  
Жатыр құстың жолында іздегенім.

Сағындырған абыз жер, дуалы жер,  
Ыстығыңмен жанымды суара бер.  
Қауырсынын құлатып құстар өтсе,  
Менен хабар келді деп қуана бер.

## Қызыма

Тұлымды таза таңым-ау,  
Ақ үрпек балапаным-ау.  
Бағыңа балап қондың ба,  
Жарыңның алақанына.

Қонсаңда құтты ұяңа,  
Әкелік көңіл қия ма?  
Қадірлі болғай жарыңа,  
Қызындай болғай құдама.

Еркелеп өскен ертегім,  
Ертектей болсын ертеңің.  
Жаутаңдай қарап жолыңа,  
Қимастық күйін шертемін.

Қонсаң да құтты ұяңа,  
Әкелік көңіл қия ма?  
Бота бол Аруанаңа,  
Құлын бол, қызым, құдама.

Тіл көзден сақтар тұмарым,  
Сенімді болғай сыңарың.  
Сендерді сертке жеткізген,  
Тағдырға тәубе қыламын.

Қонсаң да құтты ұяңа,  
Әкелік көңіл қия ма?  
Болар деп қамқор өзімдей,  
Тапсырдым сені құдама.

## Періште қыз

Қара шашты таңғы шыққа малдың ба  
Қара қасты қарлығаштан алдың ба?  
Дірілдейді хауыз жарған гүл ерін,  
Ең алғашқы махаббаттың алдында.

Жұлдыз тамған жанарыңа,  
Жұмақ тұнған жамалыңа,  
Періште-қыз.

Қарағаның кеудеме нұр таратып,  
Қара жалын - лапылдайды қарашық.  
Кірпігіңе күміс сәуле оралып,  
Жанарыңнан келе жатыр таң атып.



## Романс

Егер мені сүйер болсаң шынымен,  
Егер маған сенер болсаң шынымен.  
Жанарымды тамызық қып, жалықпай,  
Жұлдыздарды тұтатар ем түнімен.

Кілем қылып төсеп сайын даласын,  
Шарайна ғып берем көлдің шарасын.  
Желпуіш қып тербетемін тұсында,  
Көбелектің желден жеңіл қанатын.

Тауға да ұрып, тасқа да ұрып басымды,  
Бірақ күнге сиғызар ем ғасырды.  
Гүл шоғына көмілдіріп күлкіңді,  
Ерініммен құрғатар ем жасыңды.

Күн боп күліп, Ай боп сүйіп түнімен,  
Махаббат боп жүрегіңе үңілем.  
Егер мені сүйер болсаң шынымен,  
Егер маған сенер болсаң шынымен.

## Кешіккен сезім

Кезімде құштарлықтан жалыққан,  
Сезімге шоқ түсірдің ғайыптан.  
Көркіңе көңіл арсыз көз салса,  
Жас ару бұйырмашы айыпқа.

Жеткенде күзім шалғайдан,  
Жолығып едің сен қайдан.  
Иіскеп сүйсем маңдайдан,  
Кетпейді дәмі таңдайдан.

Бәрінде түсінесің ақылдым,  
Самайды қырау шалған жасырдым.  
Күнәсіз толқынына шашыңның,  
Кінәлі саусағымды батырдым.

### Қайырмасы

Жазғы түн торғын шәлі жамылып,  
Тұр аспан жұлдыздарын тағынып.  
Жүректе дірілдеген бір алау,  
Болар ма келер таңға тамызық.

### Қайырмасы

## Жаңбыр биі

Жазғы жаңбыр танытып ерке қылық,  
Аспан астын жіберді ертегі қып.  
Жылы тамшы төгіліп төбемізден,  
Билеп ала жөнелді жер тебініп.

Жасқанбаңдар келіңдер,  
Жалаңаяқ билеуге.  
Маржан тамшы-сезімдер,  
Мөлдірейді гүлдерде.  
Шаттық-шашу теріңдер,  
Күн күркіреп күлгенде.  
Жаңбыр шәйған еріннен,  
Бал тамады сүйгенде.

Қызығына жаңбырдың қанып құмар,  
Мөлдір әлем көгіңнен тамып тұрар.  
Кәусарына кел құрбым шомылуға,  
Тамшылардан берейін тағып тұмар,

### Қайырмасы

Аласұрған ақ жауын ішінде мен,  
Кереметке тап болдым күтілмеген.  
Шыт көйлегің кеудеңе жапсырылып,  
Көздің жауын алады мүсін денең.

### Қайырмасы

## Теміртау вальсі

Арқаның асыр салып сері желі,  
Нұрада кербез толқын керіледі.  
Жүрегі жанартаудай қаламыздың,  
Түндігі түстік жерден көрінеді.

Күн аймалап көшені,  
Көлден самал еседі.  
Аңыз қала Теміртау,  
Алыптардың мекені.

Таранып көкжиекте күн-тұмары,  
Тамылжып айна көлге нұр тұнады.  
Жастардың жанарында лапылдаған,  
Ақ жалын алау гүлдей құлпырады.

Күн аймалап көшені,  
Көлден самал еседі.  
Арман қала Теміртау,  
Ғашықтардың мекені.

Армандай биіктетіп аспанымды,  
Ақ құрыш ағыл-тегіл ақтарылды.  
Тіл бітіп Жауыртаудың әр тасына,  
Айтады аңыз қылып дастаныңды.

Күн аймалап көшені,  
Көлден самал еседі.  
Мәрмәр қала Теміртау,  
Ғажайыптар мекені.

## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ	СӨЗ.....	3
------	----------	---

### ПОЭЗИЯ ДЕЙТІН СҰЛУ ПЕРІШТЕ

Сөнгенжұлдыз сәулесі.....	8	
Өмір сүргім келеді.....	9	
Музалар, шығыңдар эфирге.....	10	
H <sub>2</sub> O.....	12	
Бата.....	13	
Ереже.....	14	
Таң қалу.....	16	
Билік пен құлдық.....	7	
Алатау.....	9	
Соғыс мүгедектері.....	20	
Ай, өтті, міне.....	22	
Уақыт.....	23	
Ана есімін ардақ тұтқан.....	24	
Тауға шық.....	25	
Топырақ.....	26	
Есуас маймыл.....	27	
Өмір туралы ода.....	28	
Ғасыр перзенттеріне.....	29	
Ақындарға.....	30	
Адам едім.....	31	
Балдыз.....	32	
Таңбалытас.....	33	
Скиф.....	35	
Сыр.....	36	
Пандат-таңға қосып мұра.....	38	
Сұлулық.....	39	
Қар ішінде.....	41	
Ай	туғанда.....	42
Күйсіз	күз.....	43
Жаураған бақ төрі.....	44	

Ішімде арман көп өлген.....	45
Түс/поэма/.....	46
Жанарымызда жазира даламыз кеңіп.....	51
Сағынып күн көзімді.....	52
Кеттіңалыс.....	53
Күн түнекке құлап барып.....	54
Тау жақта.....	55
Құмырсқа.....	56
Сизиф.....	57
Көңіл.....	58
Қайтер дейсің қабағыма қонса мұң.....	59
Мәдидің монологі.....	60
Үзілген ән.....	62
Мұқағалиға.....	63
Ғарышта.....	65
Правда.....	67
Адамның бас сүйегі /поэма/.....	68
Қызығын-ай, өмірдің.....	75
Тәулік сайын өзіңді ойлап.....	76
"Тамұқта отқа жанасың...".....	77
Қырда.....	88
Операция.....	79
Бұрым.....	81
Рұқсат па?.....	82
Өзіңді.....	83
Жарығыңаұйып қалдым.....	84
Өзгерді заман.....	85
Серік Ақсұңқарұлына.....	87
Қандай аппақ әлемнің кеңістігі.....	88
Алдыңда әлі үлесің.....	89
Әтеш.....	90
Түнгі Теміртау.....	91
Әлди жүрек.....	92
Сауға.....	94
Тұтқындар.....	95
Жарға шықты.....	96
Күту.....	97
Көңіл күңгірт.....	98
Мінез.....	99

Емен.....	100
Сексеуіл.....	101
Үміт.....	103
Толғау (Тәуелсіздік күніне).....	104
Жиырма бірінші ғасыр басында.....	105
Поэзия дейтін сұлу періште.....	107
Ешкіөлмес.....	109
Төр мен босаға.....	110
Асан Қайғы іздері.....	112
Зағира аружайында.....	113
Ғайыпта қалған ақындар.....	117
Жаһандар мен сапарлар.....	119
Жамиғатты шомылдырып ойларға.....	120
Жылжымайтын уақытжас шағымда.....	121
Жалғыз еді Робинзон Крузо.....	122
Ағалартуралы арман.....	123
Даланыңжыры.....	126
Шатастырма.....	128
Тост.....	129
Memento mori.....	130
О, ізгілік.....	131
Қанжартуралы ода.....	132
Түндерсайын елжіреп ет жүрегім.....	134
Аңғармаймыз ісіміз түсті кімге.....	135
Конвертор пешінің алдында.....	136
Түйсік.....	137
Омыртқа.....	138
Абыз.....	139
Ұлы көшке ілестім жолға шығып.....	141
Арбаудан астын әлемнің.....	143
Бақыттыжан көрдіңдер ме жалғанда.....	144
Көл.....	145
Жиделі.....	147
Өтті біздің ауылда жиде гүлдеп.....	148
Ардагерлер/поэма/.....	149
"Теміртау" газетіне.....	155
Анатілім.....	156
Табыну.....	157
Алпыстан мынау асқаным.....	159

Домбыра.....	160
Балаусаның бұтағына.....	162
Күттірмей-ақ қар жауды.....	164
Танысу.....	165
Қалғандасалқынтартып қаным қыстай.....	167
Кеш меніжаным.....	168
Таңғытүстітағыдақызықтадым.....	169
Кеткенде күйкі.....	170
Сипаттауға буынсыз тіл жетпеген.....	171
Жел.....	172
Егістік.....	173
Терезенің алдында.....	174
Сәуірдегі қар.....	176
Шыбынсызжаз.....	177
Талабыма тағылды тағы да сын.....	178

### СОНЕТТЕР ГҮЛТӘЖІ

Ақын туған өлкеде.	
Сәкен Сейфуллиннің рухына бағыштадым.....	179
Кілт.....	187

### АУДАРМАЛАР

#### *Евгений Евтушенкодан*

Бөліп берме бүтініңді көпсініп.....	88
Премьердің қазасы.....	89

#### *Леонид Мартыновтан*

Әлде өкпелеп.....	190
Кейде жөнсіз лепіреміз.....	90

#### *Василий Федоровтан*

Серттен тайдық.....	191
---------------------	-----

#### *Михаил Балыкиннен*

Қала еді көрмегенім.....	192
Соғыстан соңғы би кеші.....	192
Прометейдің әні.....	193
Түйе.....	194
Сенді жылы жасыл ағын.....	195
Жер - кішкентай.....	195



## ТЕМІРТАУ- ҒҰМЫРБАЯНЫМ

### Поэма

Пролог.....	196
Қорқыттың күйі - "Жауыртау".....	198
Оңтүстіктен ұшқан құстың әні.....	204
Көкжиегімде - көк бөрі.....	211
Эпилог.....	213

### ӘНІҢ БОЛЫП ТӨГЛЕЙІН...

Ұландар.....	214
Туған жер.....	215
Той жыры.....	216
Қарағанды.....	217
Аңсау.....	218
Сөнбейтін жұлдыз.....	219
Анашым.....	220
Сағыныш.....	221
Қызыма.....	222
Періште қыз.....	223
Романс.....	224
Кешіккен сезім.....	225
Жаңбыр биі.....	226
Теміртау вальсі.....	227

Қасым Ертайұлы Ботанов

# *Аяулы менің аңызым*

Триптих

Бас редакторы *Нұржігітова М.М.*  
Редакторлары *Құсайынова Ж.Р., Қасымова Г.К.*  
Техникалық редактор *Сыздықова Т.К.*

Басуға 3.07.2006 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Көлемі 14,5 б.т.  
Таралымы 1000 дана. Офсеттік қағаз. Ризографиялық басылым.  
"Болашақ-Баспа" редакциялық - баспа бөлімінде басылып шығарылды  
Қарағанды к., Ерубәев көш., 16